

## Кедендік режимдері туралы

### Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 9 ақпандағы N 46 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1444. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Коса беріліп отыран:

Тауарларды еркін айналыс үшін шығару кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарлардың көрі импорты кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Кедендік қойма кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Бажсыз сауда дүкені кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеу кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарларды кедендік бақылаумен қайта өндеу кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарларды уақытша әкелу және уақытша әкету кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Еркін кеден аймағы кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Еркін қойма кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде қайта өндеу кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарлардың экспортты кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарлардың көрі экспортты кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарларды жою кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Тауарлардан мемлекеттің пайдасына бас тарту кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық;

Жекелеген кедендік режимдердің шеңберінде кедендік тасымалдаушымен жүзеге асырылатын қызметті және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялаудың тәртібі.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Б.Т. Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп таңылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары  
Б.Т. Жұмабаев қа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға міндеттін атқарушы*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 9 ақпандасы  
N 46 бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының  
ТІЗБЕСІ**

1. "Тауарлардың кері импорты кедендік режимі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 190-Б бұйрығы .

2. "Кеден қоймаларының қызметтің ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 528-Б бұйрығы .

3. "Бажсыз сауда дүкенінің қызметтің ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 27 желтоқсандағы N 634-Б бұйрығы .

4. "Тауарларды кедендік аумақта қайта өндеу, тауарларды кедендік бақылаумен қайта өндеу және тауарларды кедендік аумақтан тыс жерлерде қайта өндеу кедендік режимдерін қолдану туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 584 - Б бұйрығы .

5. "Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды уақытша әкелу (әкету) режимінде кедендік бақылаудың және ресімдеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 3 сәуірдегі N 78-Б бұйрығы .

6. "Еркін кеден айналысқа шығарудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1997 жылғы 6 қаңтардағы N 2-Б бұйрығы .

7. "Еркін қойманың қызметін ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 533-Б бұйрығы .

8. "Тауарларды жою кедендік режимінде кедендік ресімдеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 596-Б бұйрығы .

9. "Мемлекеттің пайдасына бас тарту кедендік режимі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 26 қазандығы N 157-Б бұйрығы .

10. "Жекелеген кедендік режимдердің шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялаудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 530 - Б бұйрығы .

11. "Қазақстан Республикасы кеден органдарының кеден қоймалары мекемелерінің және мұндай қоймаларды пайдаланудың ережесі" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 120-Б бұйрығы .

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 8 ақпан  
бекітілген

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандығы  
N 46 бұйрығы мен

## **Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимін қолдану жөнінде НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - кеден ісі туралы Зан) Заңына сәйкес әзірленген және тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимінде жайғастырылған тауарларды кедендік ресімдеу мен кеден бақылауының тәртібін анықтайды.

2. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимі әкелінген

тауарлардың кеден ісі туралы Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағында тұрақты қалуы немесе тұтынылуы үшін белгіленеді.

3. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимінде иелік құқығын отандық тұлғаға беруді көздейтін сыртқы сауда мәмілелері бойынша әкелінген, Қазақстан Республикасының кеден аумағында тұрақты пайдалануы немесе тұтынылуы үшін белгіленген, сондай-ақ отандық және шетелдік тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағында тұрақты қалуы немесе тұтынылу мақсатында әкелген тауарлары жайғастырылады.

## **2. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимінде орналастыру шарттары**

4. Кеден ісі туралы Заңының 29-бабына сәйкес тауарларды еркін айналысқа шығару мыйнадай шарттар мен:

- 1) кеден баждары мен салықтарын төлеген кезде;
- 2) тарифтік емес реттеу шаралары мен валюталық бақылау саласындағы талаптар сакталғанда;
- 3) Қазақстан Республикасының зандық актілерінде қарастырылған өзге де талаптарды орындағанда;
- 4) кедендік ресімдеуді аяқтағанда іске асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі анықтайтын тәртіппен кеден төлемдерін төлеу жүргізіледі.

Тауарлардан кеден салықтарын алу жүктелген кеден органдары, Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарларға қатысты қосылған құн мен акциздер салығын қолдану талаптарына қойылатын тәртіпке сәйкес жүргізеді.

Кеден төлемдері мен салықтарын төленгенін растайтын құжаттар: төлемнің орындалғаны туралы банкінің белгісі бар төлем тапсырмасы және жүргізілген операцияны дәлелдейтін төлеушінің дербес шотының үзінді көшірмесі - қолма-қол ақшасыз төлем тәртібімен төлеген кезде;

бас бухгалтердің немесе оның уәкілінің қолы қойылған және кассирдің мөрімен (кассирдің мөртабаны) расталған кеден органының кіріс кассасы ордерінің түбіртегі - қолма-қол ақша беріп төлеген кезде.

Үқсатуға арналған импортталатын шикізаттар мен материалдарға салынған кеден баждары мен салықтарын кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге рұқсат берген кезде, жүк кеден декларациясымен бірге кеден және салық органдарының тиісті кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге рұқсат бергені туралы тиісті шешім

қ о с а

б е р і л е д і .

6. Кеден ісі туралы Заңның 18-бабындағы 6) тармақшасына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шаралары жатады және оның ішінде жекеленген тауарларды әкелудің мемлекеттік монополиясы бар; әкелінетін тауарлардың сан жағынан шектеулігі (квоталау)

б а р .

7. Кедендік ресімдеу кезінде тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын декларант Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары берген тиісті лицензияны ұсыну жолымен дәлелдейді.

8. Валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуы жасалған мәміленің төлкүжатын ресімдегендеге және кеден органына берген кезде белгілі болады.

Тауарлар жеткізілмеген не болмаса Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 271 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулыққа сәйкес ресімделген мәміленің күші жойылмаған төлкүжаты бойынша аванстық төлемдерді қайтармаян жағдайларда, Қазақстан Республикасының зандарында қарастырылған ықпал ету шаралары

қ о л д а н ы л а д ы .

9. Тауарларды еркін айналысқа шығару үшін Қазақстан Республикасы заң актілерінің талаптарын орындалғанын кеден органына берілген:

өнімнің қауіпсіздігіне сәйкестендірілген сертификат (сертификаттың кедендік ресімдеу сәтінде болмаса өтініш декларация беріледі), фитосанитарлық (карантиндік) сертификат, санитарлық-тазалық сертификаты ветеринарлық сертификат көрсетеді. Көрсетілген сертификаттар, мемлекеттік бақылау түрлерінің қандай болмасын бір түрін көздейтін Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілеріндегі көрсетілген тауарлар үшін ғана ресімделеді және ұсынылады.

10. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимінде орналастырылған тауарларды кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі кеден мақсаттары үшін қажетті жүк кеден декларациясы, құжаттар мен қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне белгіленген талаптарға сәйкес айқындалады.

### 3. Тауарларды шартты түрде шығару

11. Белгіленген шектеуліктерді, талаптарды немесе шарттарды сақтау шартымен кеден төлемдері мен (немесе) салықтарын салу белімінде соларға қатысты кеден жеңілдіктері берілген тауарлар, шартты түрде шығарылады және

олар тек осындай женілдіктерді беруге байланысты мақсаттарда пайдаланылуы тиис.

12. Осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген женілдіктерді қолданған жағдайларда, декларант ресімдеуді жүргізетін кеден органына жүк кеден декларациясының 44-бағанына "Берілген женілдіктерге сәйкес пайдалануға міндеттенеміз" - деген жазуды енгізу жолымен соларға берілген женілдіктерге байланысты, тауарларды тек осындай мақсаттарда пайдаланатыны туралы міндеттемені бере ді.

13. Шартты түрде шығарылған тауарларды өзге мақсаттарда пайдалану, оларға осындай мақсатпен иелік етуге рұқсатты кеден төлемдері мен салықтарын төлеген кезде, соларды бақылауды іске асырып жүрген кеден органының хабарлауымен және тауарларды шығарған кезде орындаған осы Нұсқаулықта көзделген басқа талаптарды орындағанда беріледі.

14. Шартты түрде шығарылған тауарларды өзге мақсаттарда пайдаланғаны туралы хабарлама, бақылауды іске асырып жүрген кеден органы бастығының атына еркін түрде жүк кеден декларациясының тіркелу номерін көрсетіп, жазбаша өтінішті жазу жолымен білдіреді.

Өтінішпен бірге жүк кеден декларациясының көшірмесі, сондай-ақ бұрын шартты түрде есептелінген кеден төлемдері мен салықтарын төлегенін растайтын құжаттар қоса бере ді.

15. Өтініш, барлық берілген құжаттармен бірге жүк кеден декларациясына қосымша берілген құжаттардың жиынтығымен қоса тігіледі. Жүк кеден декларациясының бірінші және үшінші даналарында кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрі басылған, күні көрсетілген "Төлемдер төленді. Бақылаудан алынды" деген жазуға мөртабан қойылады.

16. Бұрын шартты түрде шығарылған тауарларды еркін айналысқа шығару жаңадан жүк кеден декларациясын толтырмай жүргізіледі.

#### **4. Акцизделген тауарлардың кедендік ресімдеу ерекшеліктері**

17. Акциздік алым маркасымен белгілеуге жататын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тізімдеме бойынша акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін еркін айналысқа шығару кеден режиміне орналастырылған тауарларды шығаруға рұқсатты, оларды акциздік алым маркасымен белгілеу шартымен беріледі.

#### **5. Қорытынды ережелер**

18. Тауарлар мен көлік қуралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылауды, Кеден ісі туралы заңның 215-бабына сәйкес кеден органы іске асырады.

19. Тауарларды еркін айналысқа шығарудың кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 8 ақпан

бекітілген

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпандагы

N 46 бұйрығы мен

## **Тауарлардың кері импорты кеден режимін**

**қолдану жөніндегі**

### **НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Тауарлардың кері импорты кеден режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Заңына сәйкес әзірленген және тауарлардың кері импорты кеден режимінде орналастырылған тауарларға кедендік ресімдеу жүргізу мен кеден бақылауын іске асыруды анықтауды .

2. Кеден ісі туралы заңның 30-бабына сәйкес тауарлардың кері импорты кеден режимі - бұл экспорттың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген отандық тауарлар кеден базы мен салығы алынбай, сондай-ақ тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай Кеден ісі туралы заңның 31-бабына сәйкес белгіленген мерзімде кері әкелінетін кеден режимі .

3. Тауарлардың кері импорты кеден режимінде шетелдік тауарлар, сондай-ақ отандық тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар экспорттының кеден режимінен өзгешеленген кеден режимдерінің шегінде әкетілген шетелдік тауарлар, сондай-ақ отандық тауарларды орналастыруға болмайды .

Сондай-ақ, тауарлардың кері импорты кеден режиміне Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды орналастыруға болмайды.

## **2. Тауарлардың көрі импорты кеден режимінде тауарларды орналастыру шарттары**

4. Тауарлардың көрі импорты кеден режимінде орналастыру үшін, тауарлар:

1) тауарлардың көрі экспортты кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген тауарлар;

2) әкетілер сәтке дейін отандық тауарлар, яғни Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа түсетін қазақстанда не болмаса шетелде шығарылған тауарлар;

3) әкетілген сәттен бастап үш жыл ішінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарлар болуы керек.

Экспорт кеден режимінде тауарларды әкеткен кезде жүк кеден декларациясын қабылдаған күн әкету күні болып есептелінеді;

4) табиғи тозу не тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі кему салдарынан болған өзгерістерден және осы Нұсқаулықтың 8 және 9-тармақтарында қарастырылған басқа жағдайларды қоспағанда, әкетілген кездегі

куйіндегі болуы тиіс.

Тауарлардың тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайында тозу немесе кемудің табиғи түрде болуын, осы тауарларға жататын стандарттармен айқындалады.

5. Тауарлардың экспорт кеден режиміне сәйкес әкетілген тауарлардың көрі импорты кеден режимінде орналастырылған тауарлардың сәйкестігі, олардың нақты әкетілгені, әкетілген күні, сондай-ақ тауарлардың отандық тауарлар екеніне кеден органдың лауазымды тұлғалары күмән келтірмейтіндей шын және сенімді түрдегі әдіспен дәлелденуі тиіс. Аталған жағдаяттарды дәлелдеуді міндеттеу мүдделі тұлғаларға жүктеледі.

6. Тауарлардың көрі импорты кеден режиміне, оларды қандай тұлға әкеткеніне қарамастан, кез келген тұлға тауарларын орналастыра алады.

7. Авария не болмаса тежеусіз күштің салдарынан тауарлар зақымданған немесе нашарлаған кезде, осындай тауарлар, нақты авария не болмаса тежеусіз күштің болғанын шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінің растау шартымен тауарлардың көрі импорты кеден режимінде орналастырылуы мүмкін.

8. Тауарлар Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде болған кезде, осындай тауарлардың әкетілген күні айқындалған құны, осындай операциялардың нәтижесінен өсіп кетпеу шартымен оларды сактау, ұсақ жөндеу және осыған ұқсас басқа да операциялармен қамтамасыз ету бойынша операцияларға соқтығуы мүмкін.

Әкетілген күнгі құнның және әкелінген күнгі құнның ара қатынасы

тауарлардың жүк кеден декларациясында көрсетілген статистикалық құнның негізінде айқындалады.

### **3. Экету кеден баждары мен өзге сомаларды қайтару**

9. Тауарларды кері импорттаған кезде, әкетілген күннен бастап үш жылдың ішінде кеден органы әкету кеден бажының төленген сомаларын қайтарады.

10. Әкету кеден баждары мен өзге сомаларды, кері импорттауды атқарып жүрген, осындай баждармен сомаларды төлеген тұлғаға, солардың негізінде экспорт және әкету кеден баждары мен өзге де сомалар есептеуді жүргізілген жүк кеден декларациясының, олардың төлегенін растайтын (төлемнің орындалғаны туралы банкінің белгісі қойылған төлем тапсырмасының көшірмесі мен қолма-қол ақшасыз төлегенде - жүргізілген операцияны растайтын төлеушінің жеке шотының үзінді көшірмесі; қолма-қол ақшамен төлегенде - кассирдің мөрімен (кассирдің мөртабаны) қойылған бас бухгалтердің немесе оның өкілетті адамының және кассирдің қолы) құжаттардың көшірмесін, сондай-ақ әкету кеден бажы мен өзге сомаларды төлеушінің жазбаша өтінішті кеден органына төлеуші ұсыну шартымен қайтарылады.

Егер аталған соманы, кері импорталған тауарлардың экспортына кедендік ресімдеу жүргізбеген кеден органы қайтаратын болса, ол тиісті органның шотына немесе бюджетке әкету кеден бажы мен өзге сомалардың нақты түскені туралы сол кеден органынан дәлел алу үшін сұрау салады.

11. Тек әкету кеден бажы мен өзге сомалардың төленген сомасы ғана қайтарылуға жатады.

Қайтарылатын сомалар индекстелінбейді, олардан пайыздар төленбейді.

Қайтару Қазақстан Республикасының валютасымен, әкету кеден бажы мен өзге сомалардың қай валютада төленгеніне қарамастан, жүргізіледі. Егер төлем шетелдік валютамен төленсе, онда шетел валютасын Қазақстан Республикасының валютасына қайта есептеу арқылы тауарлардың экспорт кеден режиміне мәлімдеумен жүк кеден декларациясын қабылдаған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамымен жүргізіледі.

12. Төленген соманы қайтаруды тауарлардың кері импорттының кеден режимінде орналастырылған тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген кеден органы қамтамасызын етеді.

13. Тауарлардың кері импорты кеден режимінде тауарларды орналастырған кезде экспортталған тауарлар тобының бөлігін, төленген сомасын қайтару, осы бөліктің экспортталған тауарлар тобына сандық қатынасы бойынша жүргізіледі.

14. Төленген соманы, сондай-ақ олардың бөлігін қайтару туралы осындай қайтарымды атқарып жүрген кеден органының лауазымды тұлғасы, соған сәйкес

тауарлардың экспорт кеден режимінде орналастырылған тауарлардың жүк кеден декларациясының тұлға ұсынған бір данасына, және қайтарылатын сома мен қайтару күнін (санмен және жазбаша түрде) осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көзделген растамада көрсету жолымен жүргізіледі.

Соманың қайтарылғаны туралы белгі қойылған растаманың көшірмесі, осындай растаманы берген кеден органына жөнелтіледі. Аталған көшірме кеден органында, соған сәйкес тауарлардың экспорт кеден режимінде орналастырылған тауарлардың жүк кеден декларациясының данасымен бірге сақталады.

**15. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарлар, кері импорт кеден режимінде орналастырылған тауарларға әкелу кеден баждары мен салықтары салынбайды.**

16. Тауарларды кері импорттаған кезде тауарларды тасымалдаған тұлға, төлеу түрінде немесе тауарды әкеткен кезде берілген өзге де жеңілдіктердің нәтижесінде олардың алған сомасын қайтарады (төлейді).

Одан басқа осындай сомадан өзге, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша пайыздар өндіріп алынады. Бұл орайда, аталған сомалар мен пайыздар Қазақстан Республикасының кеден органына, кеден төлемдері үшін белгіленген тәртіппен төленеді.

Осы тармақ бойынша қайтарылуға (төленуге) жататын сомалар, тауарларды тасымалдап жүрген тұлғаның берген құжаттары мен (немесе) аталған тұлға тіркелген жердегі салық органымен расталған тиісті құжаттардың негізінде анықталады.

#### **4. Тауарлардың кері импорты кеден режимінде орналастырылған тауарларды кедендік ресімдеу**

17. Кері импортталатын тауарларға кедендік ресімдеуді, қызмет аймағында осы тауарларды алушы не болмаса оның бөлімшесі тұрған кеден органы жүргізеді.

18. Декларант кеден органына тауарлардың кері импорты кеден режиміне тауарларды орналастырған кезде кедендік мақсат үшін кедендік жүк декларацияларын, құжаттарды және қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне белгіленген талаптармен көзделген құжаттарды береді.

19. Осы Нұсқаулықтағы талаптардың сақталғаны туралы дұрыс және тиісті құжаттармен расталған мәліметтер болмаған кезде, тауарлардың кері импорт кеден режиміне тауарларды орналастыруға болмайды.

20. Кері импортталатын тауарларды кедендік ресімдеген кезде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленетін ставкалар мөлшері бойынша кеден алымдары алынады.

## **5. Қорытынды ережелер**

21. Тауарлардың көрі импорты кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

2001 жылғы 08 ақпан

бекітілген

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпандасы

N 46 бұйрығы мен

### **Тауарлардың транзиті**

#### **кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Тауарлардың транзиті кедендік режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленді және тауарлардың транзиті кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдары (контейнерлер) кедендік режимін қолдану тәртібін және мұндай тауарлар мен көлік құралдарының (контейнерлердің) кедендік бақылануын айқындайды.

2. Кеден ісі туралы заңынң 33-бабына сәйкес тауарлардың транзиті кедендік режимі тауарларды кеден баждары, салықтары өндіріліп алынбай және тарифсіз реттеу шаралары қолданылмай Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағы арқылы кедендік бақылаумен откізу ге арналған .

#### **3. Тауарлардың транзиті:**

1) оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде еркін айналысқа шығаруда немесе шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті кезінде экспорттауда тарифсіз реттеудің шараларын қолдану және (немесе) кеден баждарын және (немесе) салықтарын өндіріп алу белгіленген (бұдан әрі - 1-ТТ) тауарлардың транзиті;

2) оларға қатысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде еркін айналысқа шығаруда немесе шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті кезінде экспорттауда тарифсіз реттеудің шаралары қолданылмайтын және (немесе) кеден баждары және (немесе) салықтары өндіріліп алынбайтын тауарлардың транзиті (бұдан әрі - 2-ТТ) болып екі түрге бөлінеді.

4. Осы Нұсқаулықта мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

1) транзиттік тауар - осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтай отырып, транзит кедендік режимімен орналастырылған және жөнелтуші кеден органынан жіберілген кеден органына дейін кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарлар ;

**2) жөнелтуші кеден органды:**

Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тасымалдау кезінде - оның қызмет аймағында Қазақстан Республикасының аумағына транзиттік тауарлар мен көлік құралдарының (контейнерлердің) әкеліну орны бар Қазақстан Республикасының кеден органды;

шет мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдау кезінде оның қызмет аймағында , егер өзгелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбegen болса, транзиттік тауарлар мен көлік құралдарының (контейнерлердің) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан әкетілу орны бар Қазақстан Республикасының кеден органды;

**3) жіберілген кеден органды:**

Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тасымалдау кезінде - оның қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан транзиттік тауарлар мен көлік құралдарының (контейнерлердің) әкетілу орны бар Қазақстан Республикасының кеден органды;

шет мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдау кезінде оның қызмет аймағында транзиттік тауарлар мен көлік құралдарының (контейнерлердің) кері әкеліну орны бар Қазақстан Республикасының кеден органды;

4) аралық кеден органды - оның қызмет аймағында транзиттік тауарлармен жүктік және өзге де операциялар жүргізілетін Қазақстан Республикасының кеден органды ;

5) тауарлардың партиясы - бір алушының атына бір көлік құралымен (контейнермен) бір көліктік құжат бойынша тасымалданатын тауар;

6) жеткізілетін тауар - Қазақстан Республикасының аумағында кедендік ресімдеу жүргізілетін орынға кедендік бақылаумен тасымалданатын тауар.

Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын басқа ұғымдардың мағынасы Кеден ісі туралы зorda пайдаланылатын негізгі ұғымдардың мағынасына сәйкес.

5. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізілетін транзиттік тауарлар және оларды тасымалдайтын көлік құралдар (контейнерлер) оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелген сәттен бастап және транзит кедендік режимінің аяқталуына дейін кедендік бақылауда болады.

6. Шет мемлекеттің аумағы арқылы өткізілетін транзиттік тауарлар және оларды тасымалдайтын көлік құралдары (контейнерлер) оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкеткен сәттен және Қазақстан

Республикасының кедендік аумағына көрі әкелгенге дейін кедендік бақылауда болады.

7. Транзиттік тауарлардың жеткізілуіне бақылау кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуіндегі белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Осы Нұсқаулықтың күші Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы арналы мұнай құбырларымен, мұнай өнімдері құбырларымен және газ құбырларымен, сондай-ақ электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

## **2. Тауарлардың транзиті кедендік режимімен тауарларды орналастырудың шарттары**

9. Транзиттік тауарлар, сондай-ақ оларды тасымалдаушы көлік құралдары (контейнерлер) Қазақстан Республикасының екі кеден органының арасында тасымалданған көздө:

тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи тозуының не азаюының салдарынан өзгеруін қоспағанда өзгеріссіз қалуы және қандай да болмасын көсіпкерлік мақсаттарда пайдаланылмауы;

жіберілген кеден органына көлік құралдарының, белгіленген бағыттың және тасымалдаудың басқа да жағдайларын мүмкіндіктерінің негізінде жеткізуіндегі мерзімдеріне сәйкес жөнелтуші кеден органы белгіленген, бірақ бір ай үшін екі мың километр есебінен белгіленген шекті мерзімнен аспайтын мерзімдерде жеткізуі тиіс.

10. Тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы транзиті, егер Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгедей белгілемесе, кез-келген жолдар мен бағыттар бойынша жүзеге асырыла алды.

## **3. Тауарлардың транзитіне рұқсат ету**

11. Тауарлардың транзиті жөнелтуші кеден органының рұқсатымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнімдердің транзиті Қазақстан Республикасының Үкіметі рұқсатының негізінде жүргізіледі.

12. Тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы транзитіне арналған рұқсатты тауарлар мен көлік құралдарын (контейнерлерді) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелетін жер қызмет аймағына орналасқан кеден органы, ал тауарлардың шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті кезінде - транзиттік тауарлар мен көлік құралдарын (контейнерлерді) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкететін жер қызмет аймағына

орналасқан жөнелтуші кеден органы береді.

13. Жөнелтуші кеден органы мынадай:

тауарлардың Қазақстан Республикасына әкелінуіне, Қазақстан Республикасынан әкетілуіне немесе олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне тыйым салынбауы. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне тыйым салынған тауарлардың тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі және халықаралық шарттармен белгіленеді;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарда өзгедей белгіленбесе транзиттік тауарларды кедендік ресімдеу үшін алымдардың төленуі;

тізбесі Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарда көзделген тауарларға қатысты транзитке үәкілетті органдардың рұқсаты берілуі;

егер тауарлар мұндай бақылауға жататын болса мемлекеттік бақылаудың малдәрігерлік, фитосанитарлық не басқа да түрлерінің жүргізілуі;

1-ТТ жағдайында кеден органдарының тауарлардың кедендік бақылаумен тасымалдануы кезінде заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарының (көлік құралдарының тиісті жабдықталуы, кедендік баждар мен салықтардың төленуінің қамтамасыз етілуі не кедендік алып жүру) орындалуы;

транзиттік тауарлар мен оларға арналған құжаттардың сәйкестендіруі мүмкіндігінің қамтамасыз етілуі;

жүктік кедендік декларация (бұдан әрі - ЖКД) мен кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтерді берудің, қабылдаудың және оларды тексерудің тәртібінде айқындалған басқа да құжаттардың ұсынылуы шарттары сақталған жағдайда тауарлардың транзитіне рұқсат береді.

14. Бұрын тауарлардың кедендік бақылаумен транзиті кезінде немесе әкелуі кезінде кеден органдарының алдындағы өздерінің міндеттемелерін орындаған тасымалдаушылар тасымалдайтын тауарларды транзиттің кедендік режимімен орналастыруға рұқсатты Кеден ісі туралы заңын 35-бабындағы белгіленген талаптарды орындаған жағдайда кеден органы береді.

15. Осы Нұсқаулықтың 2-тарауы мен 13-тармағында көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда тауарларды тауарлардың транзиті кедендік режимімен орналастыруға жол берілмейді. Жөнелтуші кеден органдары тасымалдаушыларға көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерге қайтаруға кедергі жасамайды.

#### **4. Транзиттік тауарларды декларациялаудың нысаны мен тәртібі**

16. Тауарлардың транзиті кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар жөнелтуші кеден органына ЖКД-ны ұсыну жолымен декларациялауға жатады.

17. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей көзделмесе транзиттік тауарлардың әрбір партиясына ЖКД толтырылады.

ЖКД даналарын (беттерін) бөлу жүктік кедендік декларацияны толтырудың жалпы тәртіптеріне сәйкес жүргізіледі. Тауарлардың кедендік тасымалдаушымен тасымалдануы кезінде соңғысына жөнелтуші кеден органының лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен куәландырылған ЖКД-ның төртінші бетінің көшірмесі беріледі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасына сәйкес әртүрлі кодтары бар тауарлар партиясын декларациялау кезінде қосымша беттердің орнына айрықшалаулар, орау беттері немесе олар қосымша беттерде көрсетуге жататын мәліметтерді қамтитын жағдайы кезінде тауарлар тізбесі пайдалануы мүмкін.

18. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелетін жер және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкететін жер бір кеден органының қызмет ету аймағында болған жағдайда, онда кеден органы бастығының рұқсатымен ЖКД-ны ұсынбауға болады. Транзиттік тауарларға бақылау кедендік бақылаумен тауарларды жеткізу белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

19. Кеден органдарымен ЖКД ретінде:

ХЖТ кітапшасын қолдану арқылы жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияға (ХЖТ Конвенциясы, 1975 ж.) сәйкес ресімделген ХЖТ кітапшасы;

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген өзге де құжаттар қабылданады. Мұндай құжаттардың тізбесі, үлгілері және оларды пайдаланудың тәртібі Кеден комитетімен кеден органдарының назарына жеткізіледі және жариялауға жатады.

Көрсетілген жағдайларда ЖКД кеден органына ұсынылмайды.

20. Декларация тауарларды өткізуши тұлға, кедендік брокер, тасымалдаушы бола алатын декларантпен толтырылады, қол қойылады және жөнелтуші кеден органына ұсынылады.

Қазақстан Республикасының кеден органдары көлік құралын басқарушы адамды, егер тасымалдаушының мүддесін кедендік ресімдеу кезінде осы мақсаттар үшін арнайы уәкілеттендірілген өзге адам білдірмесе тасымалдаушының кеден декларациясын беруге уәкілеттендірілген өкілі ретінде таанды.

21. ЖКД-мен және оның электронды көшірмесімен бірге Жүктік кедендік декларацияларды, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша

мәліметтерді беру белгіленген тәртіпке сәйкес ұсынылады.

Ұсынылған көліктік және көлікке ілеспе, сондай-ақ өзге де құжаттар тауарларды алушының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде екендігі туралы мәліметті қамтуы тиіс.

## **5. Транзиттік тауарларды кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар**

22. Транзиттік тауарларды кедендей ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде кедендей алымдар алынады.

23. Кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар: шет мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен өткізілетін транзиттік тауарларды;

1975 жылғы ХЖТ кітапшасын қолдану арқылы жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендей конвенцияға сәйкес тасымалданатын транзиттік тауарларды кедендей ресімдеу үшін;

1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысуыш мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы келісімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен басқа да халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда алдынбағы .

24. Транзиттік тауарларды кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу берілмейді.

25. Кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар ЖКД қабылданғанға дейін немесе онымен бір мезгілде жөнелтуші кеден органының шотына төленеді.

## **6. Тауарлардың транзиті кедендей режимінің шарттарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар**

26. 1-ТТ кезінде, егер кеден органында тасымалдаушының не оның көлік құралының кедендей заңнаманың ережелерін сақтауды кепілдендіре алмайды деп үйфаруға негіздеме болған жағдайда жөнелтуші кеден органы тауарлар мен оларға арналған құжаттарды тасымалдау тек Кеден ісі туралы заңның 35-бабында белгіленген мынадай жағдайларда:

кедендей мөрлермен және пломбалармен тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының (контейнерлердің) тиісті жабдықталуы;

уәкілетті банктің кепілдігі немесе кеден органының депозитіне тиесілі сомаларды енгізу түрінде кедендей баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етү;

кедендей алып жүру кезінде ғана жүргізіледі деп белгілеуге құқылы.

Бұл ретте, аталған шаралардың әрқайсысы, егер тауарлардың транзитіне

қойылатын талаптарды сақтау бұдан бұрынғы шараларды қолдану жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін болмаса қолданылады. Тасымалдаушы кедендік алып жүруді қолдануды таңдауға құқылы.

Көлік құралын (контейнерді) тиісті жабдықтауды және өзге де көрсетілген шарттарды қамтамасыз етуге байланысты тасымалдаушыда пайда болған шығыстарды кеден органдары өтемейді.

27. Бұл тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында еркін айналыс үшін шығару (тауарлардың экспорты) кезінде төлеуге жататын сомаға баламды сома кедендік баждар мен салықтарды төлеу ретінде Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне енгізуге жатады.

28. Транзиттік тауарларды тасымалдайтын көлік құралдары (контейнерлер), көлік құралдарының (контейнерлердің) жүк бөлімдері кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтаудың тәртібі мен көлік құралдарына (контейнерлерге) кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарларды тасымалдау үшін рұқсат ету белгіленген тәртіпке сәйкес келуі тиіс.

29. Транзиттік тауарларды кедендік алып жүру Кедендік алып жүру туралы нұсқаулықта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **7. Транзиттік тауарлар мен оларға арналған құжаттарды сәйкестендіру және кедендік бақылаудың нысандары**

30. Жабдықталған көлік құралдарынан (контейнерлерден) кеден органының рұқсатынсыз транзиттік тауарларды алып қою немесе оларды ауыстырып қою жағдайын болдырмау үшін олар жөнелтуші кеден органында, жіберуші кеден органында және аралық кеден органында сәйкестендірілуге тиісті.

31. Жөнелтуші кеден органы транзиттік тауарларды сәйкестендіруді пломба салу, мөр қою, сәйкестендіру белгілерін қою, мөртабан басу, тауарларды сипаттау, сыйбалар жасау, масштабты бейнелерін дайындау, фотосуреттер, иллюстрациялар, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттарды, сондай-ақ сәйкестендірудің басқа да құралдарын пайдалану жолымен жүзеге асырады.

32. Сәйкестендіру құралдары тек кеден органдарымен немесе олардың рұқсатымен, жойылудың шын қаупі, қайтарымсыз жоғалуы немесе тауарлардың елеулі бүлінуінен басқа, өзгеруі, алынып тасталуы немесе жойылуы мүмкін. Көрсетілген мән-жай пайда болған кезде тасымалдаушы жақын кеден органына тез арада сәйкестендіру құралдарының өзгеруінің, алынып тасталуының немесе жойылуының қажеттілігі туралы хабарлауға және көрсетілген қауіптің болғанын дәлелдеуді ұсынуға міндетті.

33. Транзиттік тауарларды көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне пломба

салынып және мөр басылып тасымалдау, мұндай көлік құралдарының тауарларды кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау белгіленген тәртіпке сәйкес болған жағдайында жүргізіледі.

34. Егер жөнелтуші кеден органында кедендік тексеру жүргізілмесе, сәйкестендіру құралы ретінде транспорттық ұйымдардың немесе тауарды жөнелтушілердің пломбасы мен мөрі танылуы мүмкін.

35. Жануарлар мен басқа да тауарларды тасымалдау кезінде, оларды тасымалдау уақытында кіру мүмкіндігі қажет көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне мөрлер мен пломбалар салынбайды.

36. Транзиттік тауарларды, оның ішінде ауыр салмақтыларды және өте үлкендерді, Тауарларды кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау тәртібіне сәйкес жабдықтамаған ашық көлік құралдарында немесе көлік құралдарында тасымалдау кезінде, кеден органының лауазымды адамының шешімі бойынша сәйкестендіру құралы жекелеген жүк орындарына салынуы мүмкін немесе сәйкестендіру құралы ретінде тауарларды сипаттау, фотосуреттер, сызбалар, масштабты бейнeler, иллюстрациялар, тауарларға ілеспе құжаттар (оның ішінде шот-фактуралар немесе шот-проформалары) пайдаланылады. Көрсетілген құжаттар жөнелтуші кеден органының лауазымды адамымен куәландырылады және ЖКД-ға қоса беріледі.

Тауарларға ілеспе құжаттар (оның ішінде шот-фактуралар немесе шот-проформалары) егер оларда транзиттік тауарлардың, жоғалған жағдайда оларды сәйкестендіру үшін жеткілікті дәйекті сипаттамалары бар кеден органының рұқсатының беруі немесе жеткізілмеуі, сонымен қатар транзиттік тауарлардың салмағы мен саны және оның құны көрсетілгенде, сәйкестендіру құралы ретінде пайдаланылады.

37. Сәйкестендіру құралдары туралы мәлімет ЖКД-да көрсетіледі.

38. Транзиттік тауарларды жіберілген кеден органымен сәйкестендіру жөнелтуші кеден органының сәйкестендіру құралын тексеру және кедендік тексеру жүргізу, сондай-ақ кедендік бақылауды басқа нысанда жүзеге асыру жолымен жүзеге асырылады.

39. Транзиттік тауарларды аралық кеден органдарымен сәйкестендіру осы Нұсқаулықтың 31-38-тар мақтариана сәйкес жүзеге асырылады.

40. Тауарлардың ЖКД-да көрсетілген мәліметтерге, көліктік және тауарға ілеспе құжаттарға сәйкестілігін тексеру мақсатында жөнелтуші кеден органы транзиттік тауарларға кедендік тексеру жүргізуге құқылы.

## 8. Тауарлардың транзиті кедендейк режимін басқа кедендейк режимге өзгерту

41. Тауарлардың транзиті кедендейк режимі басқа кеден режиміне мынадай:

тасымалдаушы транзиттік тауарлардың бұдан әрі тасымалдануының мүмкін еместігін немесе қолайсыздығын жасайтын авария немесе тежеусіз күштердің салдарынан осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көзделген шартты орындауды қамтамасыз                                        кеңеслік аттестацияның алмасы;

тауарлардың меншік иесі болып табылатын адамдардың, оларды сатып алушылардың не өз атынан тауарлармен іс-әрекет жасау үшін жеткілікті өзге ретінде шығатындардың ниетінің өзгеруі жағдайларында өзгеріліу мүмкін.

Бұл ретте, транзиттік тауарлар уақытша сақтауға орналастырылған болуы керек. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын уақытша сақтау қоймасы, кедендейк қойма, еркін қойма транзиттік тауарлардың уақытша сақтау орны бола алғады.

42. Транзиттік тауарлардың басқа кедендейк режиммен орналастырылуы туралы шешім қызмет аймағында Қазақстан Республикасы кедендейк заңнамасының талаптары мен шарттарына сәйкес транзиттік тауарлар орналастырылатын уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының бастығымен   қабылданады.

43. Тауарлардың транзиті кедендейк режимі басқа кедендейк режимге өзгергенде жаңа мәлімделген кедендейк режиммен тауарларды орналастырудың барлық шарттары сақталған және тиесілі кедендейк төлемдер мен салықтары төленген болуы    кеңеслік аттестацияның алмасы;

Мұндай тауарларды кедендейк ресімдеу мәлімделген кедендейк режимге сәйкес белгіленген    жүргізіледі.

44. Транзиттік тауарларды басқа кедендейк режиммен орналастырғанда тауарлардың транзиті кедендейк режимі аяқталады. Транзиттік тауарларды басқа кедендейк режиммен орналастыру мүмкіндігі туралы шешім қабылдаған кеден органы бұл жөнінде жөнелтуші және жіберілген кеден органдарын транзиттік тауарлардың тасымалын бақылаудан алып тастауы үшін хабарлайды.

## 9. Транзиттік тауарлармен жүктік операциялар

45. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарына (контейнерлерге) үстеме жүк тиелуі мүмкін, транзиттік тауарлар басқа көлік құралдарына (контейнерлерге) қайта тиелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының кедендейк аумағы бойынша транзиті кезінде

тауарлармен жүктік және өзге де операциялар кеден органының рұқсатымен уақытша сақтау орнында кеден органының лауазымды адамының қатысуында жүргізіледі.

46. Бір көлік құралында (контейнерде) транзиттік тауарлардың бірнеше партиялары, сондай-ақ транзиттік тауарлармен бірге жеткізілетін тауарлар да тасымалдануы мүмкін. Транзиттік және (немесе) жеткізілетін тауарларды тасымалдауға рұқсатты жөнелтуші кеден органы береді. Жеткізілетін тауарда аралық кеден органында түсіргеннен кейін ЖКД-да және (немесе) тауарларды жеткізуі бақылау құжаттарында жаңа салынған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

47. Транзиттік тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарына (контейнерлерге) транзиттік және (немесе) жеткізілетін тауарлардың үстеме тиелуіне рұқсатты қызмет аймағында мұндай үстеме жүк тиеу жүргізілген кеден органы береді. Үстеме жүк тиеуден кейін ЖКД-да және (немесе) тауарларды жеткізуі бақылау құжаттарында жаңа салынған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

48. Транзиттік тауарларды басқа көлік құралына (контейнерге) қайта тиеуге рұқсатты жөнелтуші кеден органы береді. Бұл ретте транзиттік тауарлар жүктік операциялар жүзеге асырылатын қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналаскан кеден органына бағытталады.

Қайта тиеу қызмет аймағында аталған жүктік операция жүзеге асырылған аралық кеден органының рұқсатымен және бақылауымен уақытша сақтау орындарында жүргізіледі. ЖКД-да көрсетілген уақытша сақтау орнында қайта тиеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда (жеткіліксіз алаңдар немесе орналастырылуы, тиеу-түсіру техникаларының жоқтығы, уақытша сақтау орнының иесімен кедендейтін заңнама талаптарын сақтамау және басқалар) кеден органы қайта тиеудің басқа орнын (оның ішінде, кедендейтін заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын операцияларды кедендейтік бақылаумен жүргізу жағдайында уақытша сақтау қоймасы мәртебесі жок) белгілеуге құбылы .

Қызмет аймағында транзиттік тауарларды қайта тиеу жүргізілетін аралық кеден органы транзиттік тауарларды қайта тиеу үшін аталған кезеңде кедендейтік бақылаумен тасымалдауды аяқтауды ресімдейді және бұл туралы жөнелтуші кеден органын тауарларды тасымалдауды бақылауды алуы үшін хабардар етеді.

49. Тауарлардың бүлінген орамын жөндеуге, орамын ашуға, орауға және қайта орауға рұқсат беру қызмет аймағында мұндай қажеттілік туындаған кеден органымен қабылданады. Осы тармақта көрсетілген барлық іс-әрекеттер кеден органының бақылауымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда ЖКД-ға қызмет аймағында аталған операциялар жүзеге асырылған кеден органы лауазымды

адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталған тиісті өзгертулер енгізіледі.

## **10. Әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдау кезіндегі тауарлар транзитінің ерекшеліктері**

50. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы теңіз және өзен транспорттарымен тасымалданатын тауарлар, егер теңіз және өзен кемелері Қазақстан Республикасының порттарына бірнеше рет кірсе, осы Нұсқаулыққа сәйкес тауарлардың транзиті кедендік режимімен орналастырылады. Бұл ретте, жөнелтуші кеден органы болып алғашқы кіру орнында орналасқан кеден органы, ал жіберуші кеден органы - теңіз және өзен кемелерінің соңғы кіру орнында орналасқан кеден органы табылады. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау:

техникалық кіруі - кеменің жұмыс қабілетін немесе ондылығын (бортына жанар-жағар және басқа материалдарды тиеу) көтермелей бойынша операцияларды жүргізуі үшін, яғни жүктөрді, тауарларды тиеусіз немесе түсірусіз, олармен жүктік операциялар (ораяу, қайта орау және басқалар), сондай-ақ жолаушыларды отырғызу және түсіру жасамай кіруі;

мәжбүрлікте кіруі - белгіленген маршрутқа сәйкес әрі қарай қозғалысты орындауға жол бермейтін себептер бойынша, бірақ тауарлармен немесе жүктөрмен қандай да болмасын жүктік операциялардың жүзеге асырылуының әрі қарай жол жүру мүмкіндігімен кіруі жағдайында ЖКД ресімделмей және кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар алынбай жүзеге асырылады.

51. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы әуе транспортымен тасымалданатын тауарлар, егер әуе кемелері Қазақстан Республикасының кедендік аумақтарында екі және одан көп қону жасағанда, осы Нұсқаулыққа сәйкес тауарлардың транзиті кедендік режимімен орналастырылады. Бұл ретте, жөнелтуші кеден органы болып алғашқы қону орнында орналасқан кеден органы, ал жіберуші кеден органы - әуе кемесінің соңғы қону орнында орналасқан кеден органы табылады. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау:

техникалық қонуы - әуе кемесінің жұмыс қабілетін немесе ондылығын (бортына авиациялық жанар-жағар және басқа материалдарды тиеу) көтермелей бойынша операцияларды жүргізуі үшін, яғни жүктөрді, тауарларды тиеусіз немесе түсірусіз, олармен жүктік операциялар (ораяу, қайта орау және басқалар), сондай-ақ жолаушыларды отырғызу және түсіру жасамай аялдауы;

мәжбүрлікте қонуы - ұшу жоспарына сәйкес ұшуды орындауға жол

бермейтін себептер бойынша, бірақ тауарлармен немесе жүктермен қандай да болмасын жүктік операциялардың жүзеге асырылуының әрі қарай жол жүру мүмкіндігімен аялдауы жағдайында транзиттік декларация ресімделмей және кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар алымбай жүзеге асырылады.

## **11. Шет мемлекеттердің аумақтары арқылы тауарлар транзитінің ерекшеліктері**

52. Егер шет мемлекеттердің аумақтары арқылы транзитпен тасымалданатын тауарларға олардың әкетілуі кезінде тарифсіз реттеудің шаралары қолданылса, онда мұндай тауарлар тауарлардың транзиті кедендей режимімен тек көлік құралдарының тиісті жабдықтары жағдайында және:

ХЖТ Конвенциясына сәйкес, 1975 ж.;

темір жол транспортымен тасымалы кезінде орналастырылады.

53. Әкетілу кезінде кедендей баждар мен салықтар қолданылатын транзиттік тауарлар тауарлардың транзиті кедендей режимімен кедендей баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз еткен жағдайда не ХЖТ Конвенциясына, 1975 ж. сәйкес орналастырылады.

## **12. Транзиттік тауарларға көлік құралдары мен құжаттарды ресімдеудің ерекшеліктері**

54. Транзиттік тауарлар тасымалданатын көлік құралдарын (контейнерлерді) ресімдеу осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көрсетілген шарттарды орындаған кезде, білек ЖКД-сы ұсынылмай, кедендей баждар мен салықтар төлеуді қамтамасыз етпей, сондай-ақ кедендей ресімдеуге кедендей алымдар төлемей жүргізіледі. Көлік құралдарын сәйкестендіру ЖКД-да көлік құралының мемлекеттік белгісінің, тұрпатының және маркасының көрсетілу жолымен жүргізіледі.

55. Шетелдік иелерінің атына тіркелген және Қазақстан Республикасының кедендей аумағы арқылы тасымалданатын бос көлік құралдары (контейнерлер) тауарлардың транзиті кедендей режимімен кедендей баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етпей орналастырылады.

ЖКД әрбір бос көлік құралына (контейнерге) толтырылады. Бұл ретте, кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар алымбайды.

56. Егер бос көлік құралдарын әкелу және әкету орны бір кеден органының қызмет аймағында орналасқан болса, ЖКД ұсынылмайды.

57. Шет мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен тасымалданатын бос көлік құралдары тауарлардың транзиті кедендей режимімен кедендей баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етпей, сондай-ақ кедендей ресімдеу үшін кедендей алымдар төленбей орналастырылады.

58. Жіберілген кеден органына табыс етуге жататын транзиттік тауарларға құжаттар, оларға қатысты тауарлар жеткізілгендей, сол тәртіпте жіберілген кеден органына және (немесе) аралық кеден органына ұсынылады. Транзиттік тауарларға құжаттар туралы мәлімет ЖКД-да көрсетіледі.

### **13. Акцизделетін тауарлар транзитінің ерекшеліктері**

59. Акцизделетін тауарлардың транзиті туралы шешім қабылданғаннан соң жөнелтуші кеден органы қабылданған шешім туралы жіберілген кеден органын қолда бар байланыс арналары бойынша (почтамен, фельдъегерлік, факсимиле байланысымен, электрондық поштамен және өзгемен) тез арада хабардар етеді.

60. Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалатын жағдайларда акцизделетін тауарлардың жекелеген санаттарының транзиті тек кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету шарты кезінде ғана рұқсат етіледі.

61. Акцизделетін тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тек Кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтаудың белгіленген тәртібіне жауап беретін көлік құралдарында кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалданады.

62. Тасымалдаушылармен акцизделетін көлік құралдарының басқа көлік құралына қайта тиеумен тасымалдануы, зергерлік бұйымдар мен жеңіл автокөліктерді қоспағанда, тек Кеден комитетінің рұқсатымен жүзеге асырылады. Бұл ретте, оларды еркін айналысқа шығару кезінде маркалауға жататын транзиттік акцизделетін тауарларды басқа көлік құралына қайта тиеу, тізбесі Кеден комитетімен бекітілетін уақытша сақтау орындарында жүргізіледі.

### **14. Корытынды ережелер**

63. Тауарлардың транзиті кедендік режимі талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауаптылықта болады.

Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қоса алғанда, транзиттік тауарлардың тасымалдануына жауапкершілікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдауши алып жүреді.

Кедендік төлемдермен салықтарды төлеу тасымалдаушины Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік ережені бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

64. Кеден органының рұқсатынсыз тауарларды беру кезінде, тауарларды жоғалтқан немесе жіберілген кеден органына олардың жеткізілмеуі кезінде тасымалдауши шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті жағдайында мұндай тауарлардың тауарларды еркін айналысқа шығару немесе тауарлардың экспорты

кедендік режимімен орналастыру кезінде төленуге жатуға тиіс кедендік төлемдері мен салықтарын төлеуі қажет.

### 65. Егер:

тауарлар авария немесе тежеусіз күш әрекеті салдарынан жойылған, қайтарамсыз жоғалған болса;

жетіспеуі тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайында табиғи тозу күшінен немесе кемуінен болса тасымалдаушы жауапкершіліктен босатылады.

Тауарлардың авария немесе тежеусіз күш әрекеті салдарынан жойылу немесе қайтарамсыз жоғалу фактісі авария немесе тежеусіз күш әрекеті туралы актімен, сондай-ақ құзыретті мемлекеттік органдардың қорытындыларымен және ақтілерімен расталады.

Тозу немесе кемудің табиғилығы және тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайы аталған санатты тауарлар мен транзиттік тауарды тасымалдайтын көлік құралдарының түрлеріне қатысты стандарттармен айқындалады.

66. Егер тасымалдаушы транзиттік тауарларды тасымалдау кезінде осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген шарттарды орындауды қамтамасыз ете алмаса, авария немесе тежеусіз күш әрекеті салдарында ол транзиттік тауарлардың сақталуын және қандай да бір рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға, мұндай жағдайлар туралы және транзиттік тауарлардың болу орны туралы жақын кеден органына тез арада хабарлауға міндетті. Көрсетілген кеден органы мұндай жағдайда кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін қандай шара қабылдануы керектігін айқындаиды.

Егер тауарлардың жойылуының, қайтарамсыз жоғалуының немесе едәуір бүлінуінің шын қауіпі болса, тасымалдаушы жеке қарау бойынша тауарларды түсіру туралы және қайта тиеу туралы шешім қабылдай алады. Бұл жағдайда тасымалдаушы, көлік құралдары мен тауарларды сақтап қалу мақсатында осылай әрекет етуге мәжбүр болғандығына дәлелдеме келтіруі және тауарларды жақын кеден органына тасымалдауды қамтамасыз етуі немесе тауарлардың тұрған орнына кеден органының лауазымды адамын жеткізуі керек.

Көрсетілген кеден органы болған жағдайды зерттеген соң авария туралы немесе тежеусіз күш әсері туралы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша үш данада акт толтырады. Актінің бірінші данасы оны толтырған кеден органында қалады, екіншісі - транзиттік тауарлардың тасымалын бақылаудан алу үшін жөнелтуші кеден органына жолданады, үшіншісі - тасымалдаушыға беріледі. Жол көлік оқиғасы туралы актінің толтырылу тәртібі осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген.

Қызмет аймағында мұндай жағдайлар туындаған кеден органы аталған кезеңде кедендік бақылаумен тауарларды тасымалдаудың аяқталуын ресімдейді

және бұл туралы жөнелтуші кеден органы мен жіберілген кеден органын тасымалдауды бақылаудан алыу үшін хабардар етеді. Жіберілген кеден органына дейін әрі қарай тасымалдау, егер транзиттік тауарларды әрі қарай тасымалдау мүмкін немесе мақсатқа сәйкес болса, Тауарларды кедендік бақылаумен жеткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер транзиттік тауарлар жіберілген кеден органына ЖКД пайдаланумен жіберілсе, онда әрі қарай тасымалдауды ресімдеу кезінде ЖБҚ-ның "Жалпы декларация (өткен құжат)" 40-бағанында немесе ХЖТ кітапшасының "Қызметтік пайдалану үшін" бағанында жинақтың екі жыртылмалы бетінде алдындағы ХЖТ кітапшасының нөмірі көрсетіледі және "Транзит" деген жазба жасалады, ЖКД-ның анықтама нөмірі көрсетіледі.

Жіберілген кеден органына тасымалдаушы қажетті құжаттармен қатар, осы Нұсқаулықпен айқындалатын авария туралы немесе тежеусіз күш әсері туралы актінің үшінші данасын ұсынады.

67. Егер Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын транзиттік тауарлар мен көлік құралдарына қатысты көрсетілген құжаттардағы кеден органынан басқа кеден органы арқылы әкетілсе, онда тауарлардың келгендігі туралы құлақтандыруды алған кеден органы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарды тасымалдаушыны жауапкершілікке тартады және жөнелтуші кеден органы мен жіберілген кеден органын тауарларды тасымалдауды бақылаудан алып тастауы үшін хабардар етеді.

Тауарлардың транзиті  
кедендік режимін қолдану  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## Авария туралы немесе тежеусіз күш әрекеті туралы АКТИ

- 
- |                                   |  |
|-----------------------------------|--|
| 1. Жөнелтуші кеден органы         | 2. Жіберілген кеден органы               |
|                                   | 3. Алдындағы бақылау<br>құжатының N      |
| 4. Көлік құралының тіркеу нөмірі/ | 5. Тасымалдаушы (атауы,<br>мекен - жайы) |
| Контейнердің                      | сәйкестендіру                            |
|                                   | нөмірі                                   |
-

6. Сәйкестендіру құралы

8. Жаңа бақылау құжатының

н е м і р і

з а қ ы м

—  
к е л г е н

з а қ ы м

—  
к е л м е г е н

7.

Ж ү к т і к

б ө л і м ш е л е р

з а қ ы м

—  
к е л г е н

з а қ ы м

—  
к е л м е г е н

9. Тауарлардың жоғалуы анықталмады

Тауарлар (бағандар) 10-13

б о л м а у ы ( Б )

ж о й ы л ф а н ( Ж )

10. Жүктік орын. 11. Жүктік орындар. 12. Б немесе Ж 13. Ескертулер  
дарды маркалау дың саны мен түрі, (болмаған  
немесе жойыл. және нөмірі тауарлардың санын  
ған тауарлардың санын коды  
к о р с е т у )

14.

Т о л т ы р ы л у

к ү н і

м е н

о р н ы

15. Кедендік бақылаумен тасымалдау үшін қолданылған шаралар

сәйкестендіру құралдарының жаңаларын салу: саны \_\_\_\_\_

с и п а т ы \_\_\_\_\_

тауарларды қайта тиесу (16 бағанды қара) \_\_\_\_\_ басқалары

16. Егер тауарлар қайта тиелсе, тауарлар қайта тиелген көлік  
құралдарының айырым белгілері.

Тіркеу нөмірі

ИЭ

ЖОҚ

Сәйкестендірілу құралдарының  
саны мен сипаттамасы

а) көлік құралы \_\_\_\_\_

б) контейнер \_\_\_\_\_

17. Актіні толтырған кеден органы

18. Жіберілген кеден органының

б е л г і с і

Орны, күні, мөртабаны және қолы

Қолы

М е р і

---

Тиісті бағандарға шаршылар қою керек

Т а у а р л а р д ы н	т р а н з и т і
к е д е н д і к	р е ж и м і н
ж е н і н д е г і	қ о л д а н у
2-қосымша	нұсқаулыққа

## **Авария туралы немесе тежеусіз күш әрекеті туралы актіні толтырудың тәртібі**

1. Авария туралы немесе тежеусіз күш әрекеті туралы акті тиісті бланкте ( нысаны Тауарлардың транзиті кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген) қызмет аймағында авария немесе тежеусіз күш әрекеті жағдайы туындаған кеден органының лауазымды адамымен үш данада т о л т ы р ы л а д ы .

2. Актінің бағандары келесі тәртіпте толтырылады:

1 баған. "Жөнелтуші кеден органы".

Жөнелтуші кеден органының атауы көрсетіледі.

2 баған. "Жіберген кеден органы".

Жіберген кеден органының атауы көрсетіледі.

3 баған. "Алдындағы бақылау құжатының нөмірі".

Тауарлардың транзиті кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес аварияға дейін немесе тежеусіз күш әрекетіне дейін тауарларды тасымалдау жүзеге асырылған ЖКД-ның (ХЖТ кітапшасының, ДКД-ның) нөмірі көрсетіледі .

4 баған. "Көлік құралының тіркеу нөмірі/контейнердің сәйкестендіру нөмірі".

Тауарларды Тауарлардың транзиті кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес тасымалдайтын көлік құралының тіркеу нөмірі немесе контейнердің сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

5 баған. "Тасымалдаушы".

Тасымалдаушиның атауы мен занды мекен-жайы көрсетіледі.

6 баған. "Сәйкестендіру құралы".

Тиісті аланда сәйкестендіру құралдарының зақымданғанының немесе зақымданбағанының белгісі (шаршысы) қойылады.

7 баған. "Жүктік бөлімшелер".

Тиісті аланда көлік құралдарының жүктік бөлімшелерінің немесе контейнердің зақымданғанының немесе зақымданбағанының белгісі (шаршысы) қ о й ы л а д ы .

8 баған. "Жаңа бақылау құжатының нөмірі".

Ол бойынша тауарларды кедендік бақылаумен тасымалдау жалғасатын ДКД-ның (ХЖТ кітапшасының) көрсетіледі.

9 баған. "Тауарлардың жоғалуы анықталмады".

Алаңға тауарлардың толық барлығының белгісі (шаршысы) қойылады. Тауарлардың немесе олардың бөлігінің жоғалуының жағдайында алаң бос күйінде қалдырылады. "Тауарлар (бағандар) 10-13 болмауы, жойылуы" алаңында тауарлардың немесе олардың бөлігінің болмауы (Б) немесе жойылуы (Ж) **б е л г і с і н қ а л д ы р у .**

10 баған. "Жұктік орындарды маркалау және нөмірлері".

Жұктік орындарды маркалау және нөмірлері көрсетіледі.

11 баған. "Жұктік орындардың саны мен түрі, тауардың коды".

Жұктік орындардың саны мен түрі, сондай-ақ ТМД СЭҚ ТН бойынша **тауардың коды көрсетіледі.**

12 баған. "Б немесе Ж".

11 бағанда көрсетілген тауарларға қарсы оларды болмауы (Б) немесе жойылуы (Ж) белгісі қойылады. Егер тауарлардың жоғалуы анықталмаса, **б ағ а н т о л т ы р ы л м а й д ы .**

13 баған. "Ескертулер".

Болмаған немесе жойылған тауарлардың саны көрсетіледі. Егер тауарлардың жоғалуы анықталмаса, **б ағ а н т о л т ы р ы л м а й д ы .**

14 баған. "Толтырылу күні мен орны".

Авария немесе тежеусіз күш әрекеті туындаған күн мен орынның толық **а т а у ы .**

15 баған. "Кедендік бақылаумен тасымалдауды жалғастыру үшін **қ о л д а н ы л ғ а н ш а р а л а р "**.

Жаңа сәйкестендіру құралдары, олардың саны мен сипаттамасы; тауарлардың басқа көлік құралдары мен контейнерлерге қайта тиелу белгілері; тасымалдауды жалғастыру үшін **қ о л д а н ы л ғ а н б а с қ а ш а р а л а р .**

16 баған.

Оларға тауарлар қайта тиелген көлік құралдарының тіркеу нөмірі немесе контейнерлердің сәйкестендіру нөмірлері, сондай-ақ жаңа салынған сәйкестендіру құралының саны мен сипаттамасы.

17 баған. "Актіні толтырған кеден органы".

Актіні толтырған кеден органының атауы және мекен-жайы, осы кеден органының лауазымды адамының тегі мен аты-жөні оның жеке нөмірлі мөрімен **куәландырылған қ о л қ ю ы м е н көрсетіледі.**

18 баған. "Жіберілген кеден органының белгісі".

Тауарлардың жеткізілуінен соң жіберілген кеден органымен толтырылады.

Бағанда күні, осы кеден органының лауазымды адамының оның жеке нөмірлі мөрімен қуәландырылған қол қоюымен тегі мен аты-жөні көрсетіледі.

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 8 ақпан  
бекітілген

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандасы  
N 46 бұйрығы мен

## **Кеден қоймасының кеден режимін қолдану жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Кеден қоймасының кеден режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленген және кеден қоймасының кеден режимінде жайғастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін, сондай-ақ кеден қоймаларын құру тәртібін айқындайды.

2. Кеден ісі туралы заңының 39-бабымен келісе отырып, кеден қоймасының кеден режимі әкелінген тауарларды кеден баждарын, салықтарын алмай және тарифсіз реттеу шараларын қолданбай кеден бақылауымен сактауға, сондай-ақ кеден бажын, тарифсіз реттеу шараларын қолданбай, экспортқа шығарылатын тауарларды нақты экспортқа шығарғанға дейін кеден бақылауымен сактау үшін арналған.

3. Кеден қоймасы ретінде кеден қоймасының кеден режиміне сәйкес тауарларды сактауға арналған кез-келген арнайы белгіленген және соған лайықтап жасалған үй-жай немесе орын танылады. Кеден қоймасы кез келген адам пайдалануға оңтайлы ашық үлгіде және белгілі бір тұлғалардың тауарларын сактауға арналған жабық үлгіде болуы мүмкін.

4. Кеден қоймасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінен (бұдан әрі - Кеден комитеті) лицензия алғаннан кейін құрылады. Егер кеден қоймасын Қазақстан Республикасы құратын болса, аталған лицензияны алу талап етілмейді.

5. Кеден қоймасының аумағы кеден бақылауының аймағы болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбеке кіретін тауарларды қоспағанда, кеден қоймасының кеден режимінде кез келген тауарларды орналастыруға болады.

7. Кеден қоймасында тауарларды сактау мерзімі Кеден ісі туралы заңының 46-

б а б ы н а

с ә й к е с

б е л г і л е н е д і .

Кеден қоймасында тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтау мерзімі Кеден ісі туралы заңынң 46-бабына сәйкес белгіленеді.

## **2. Кеден қоймаларының жайластырылуна және жабдықталуына қойылатын талаптар**

8. Кеден қоймаларын жайластырылуы мен жабдықталуына қойылатын талаптар осы Нұсқаулықтың 9 тармағында анықталған және кеден қоймасының кеден режимінде орналастырылған тауарларға кедендік ресімдеу мен кеден бақылауын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

9. Кеден қоймасын құруға арналған үй-жай мен орын өрттен сақтану қауіпсіздігі, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес болуы тиіс, сондай-ақ келесі талаптарға сай келуі тиіс:

1) кеден қоймасының жайластыруы:

кеден бақылауынан тыс жағдайларда кеден қоймасынан тауарларды алуға мұмкіншілік түрлізбауға;

қоймада тұрған тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;

тауарға үшінші адамның қол жеткізуіне мүмкіншілік туғызбауға тиіс;

2) кеден қоймасының аумағы барлық көлемі бойынша белгі мен қоршau қойылуы тиіс;

3) қойма кірме жолдармен, тауарларды өлшеуге арналған сертификатталған жабдықтармен, жүкті тиеп-түсіру техникалармен жабдықталуы тиіс.

Кеден қоймасының кеден режимінде жайғастырылған тауарларды жүргізілетін кедендік ресімдеу мен кеден бақылауын іске асыру мақсатында, тиісті үй-жай немесе орындардың иелері кеден органының қызметкерлері үшін қажет қызмет және тұрмыс орындары, жабдықтар мен байланыс құралдарын беруі тиіс.

Кеден қоймасын құруға арналған үй-жай немесе орын қосарлы бекіту құрылғыларымен жабдықталуы тиіс, олардың біреуі қызмет аймағында осындай үй-жай немесе орын бар кеден органының қарамағында болуы тиіс.

10. Уақытша сақтау орын ретінде пайдаланылатын кеден қоймасының бөлігі уақытша сақтау орындарына қойылған белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

11. Кеден қоймалары өзінің жұмыс істеген барлық мерзімдерінде бекітілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

12. Кеден қоймалары иелерінің міндеттері Кеден ісі туралы заңынң 43-бабында айқындалған.

### **3. Тауарларды кеден қоймасына орналастыру**

13. Кеден қоймасына жүк кеден декларациясының негізінде кеден қоймасының кеден режимінде ресімделген тауарлар орналастырылады.

14. Кеден қоймасының бір бөлігі уақытша сақтау орны болып табылған жағдайда, тауарлардың уақытша сақтау процедурасына сәйкес тауарларды уақытша сақтау мақсатында қойманың тиісті бөліміне орналастыруға болады. Осылай тауарлар кедендік ресімделгеннен кейін кеден қоймасының қалған жерлеріне орналастыруға не болмаса таңдалған кеден режиміне сәйкес кеден қоймасынан **шығарылуға жатады.**

15. Уақытша сақтау орындарында уақытша сақтауда тұрған тауарларды (кеден қоймасынан басқа) кеден қоймасына орналастыру мақсатында ауыстыру тауарларды кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

16. Кеден қоймасы, кеден қоймасының кеден режимінде орналастыратын тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізетін орын бола алады.

17. Өзге тауарларға зиянын тигізетін немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды кеден қоймасының арнайы жабдықталған үй-жайларына орналастыру **қажет.**

18. Кеден режимін өзгерту атқарылатын тауарларды бір кеден қоймасынан басқа кеден қоймасына ауыстырған кезде, сақтау мерзімі тауарларды кеден қоймасына бастапқы орналастырған құннен бастап есептелінеді. Бұл жағдайда тауарларды нақты ауыстыру тауарларды кеден бақылауымен жеткізуге қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

### **4. Кеден қоймасында сақтау кезінде тауарлармен жүргізілетін операциялар**

19. Тауарлар кеден қоймасының кеден режимінде ресімделгеннен кейін кеден қоймасына орналастырылған тауарлармен мынадай операциялар жүргізілуі мүмкін:

1) осы тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі:

**тазалау;**

**жедету;**

кептіру (соның ішінде жылу толқынын пайдаланумен);  
сақтау режимінің оңтайлы температурасын жасау (салқыннату, мұздату, жылдыту);

**қаптама бұмаға бұып-түю;**

қорғағыш маймен және консерванттарды жағу;  
тоттан қорғау үшін сирлау;

сақтандырғыш қондырғыларды енгізу;  
коррозияға қарсы қабықпен қаптау;  
2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау бойынша:  
топтамаларды бөлшектеу;  
жөнелтімдерді қалыптастыру;  
сұрыптау;  
бұып-түю;  
қайта бұып-түю;  
таңбалау;  
тиеу, түсіру, қайта тиеу;  
сынақтау;

оңтайлы жайғастыру мақсатымен қойма төңірегінде тауарларды ретімен  
орналастыру;

өзге де осыған үқсас операциялар.

20. Кеден қоймасында уақытша сақтауда тұрған тауарларға осы Нұсқаулықтың 19-тармағындағы 1) тармақшасында тізілген осындай тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша операция жасалуы мүмкін.

Қойманың иесі, тауарларға қатысты өкілдігі бар өзге адам және олардың өкілдерінің уақытша сақтауда тұрған тауарларды қарау мен өлшеуге және кеден органының рұқсатымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуына мүмкіндігі бар.

21. Кеден қоймасында тұрған тауарларға жасалатын барлық операциялар, сыртқы экономикалық қызметтің тоғызыншы белгі деңгейінде тауар номенклатурасы бойынша сынныптылық кодының өзгеруіне байланысты осы тауарлардың сипатын (сапасын) өзгертуге тиіс емес.

## **5. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түскен тауарлар туралы есеп жүргізу және есеп беру**

22. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарлары кеден қоймасының кеден режиміне сәйкес есеп беруге жатады.

23. Кеден қоймаларының иелері есеп жүргізіп отырады және кеден қоймасына түскен, сақталған және одан әкетілген тауарлар мен оларды сақтау мерзімдері туралы кеден органдарына есеп беріп отырады.

24. Тауарларды кеден қоймасына орналастырған кезде, қойманың иесі тауарларды қойманың есеп жүргізу құжаттарына тіркейді, онда келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) тауарлардың Қоймаға орналастырылған күні;
- 2) тауарлардың атаулары;

3) орын саны мен нетто салмағы;

4) тауарға ілеспелі құжаттар;

5) кеден қоймасының кеден режимінде мәлімделген не болмаса кеден қоймасынан тауарларды шығарған жағдайда, шығарылғаны туралы жүк кеден декларациясының номері мен шешімді қабылдаған күні;

6) тауарды уақытша сақтауға орналастырған жағдайда, қысқаша декларацияның номері.

25. Кеден қоймаларының иелері кеден қоймасында сақтауда тұрған тауарлар туралы кеден органдарына кемінде үш айда бір рет есеп беріп отырады. Есеп беру еркін нысанда жүргізіледі және онда осы Нұсқаулықтың 24-тармағында көрсетілген мәліметтер болуы тиіс.

26. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын кеден бақылауының нысандарын қолданады, сондай-ақ белгіленген кестеден тыс уақытта есеп беруді талап ете алады. Бұл орайда, кеден қоймасының иесі кеден органынан жазбаша талапты алған күннен бастап санағанда, үш күннің ішінде кеден органының бастығына есеп беруі тиіс.

27. Кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарлар мен көлік құралдарына есеп жүргізу нысаны Қазақстан Республикасының кеден органымен анықталады. Бұл орайда, есепке алу жүйесіне:

1) есеп жүргізу кітабы;

2) есеп жүргізудің кедендейкі құжаттары кіреді.

28. Есеп жүргізу кітабы есепке алушың автоматтандырылған жүйесіне байланыссыз, белгіленген нысанға сәйкес жүргізіледі. Жүк қоймасының иесі есеп құжаттарына кеден органдарының мүмкіндігін беруге міндетті. Есеп жүргізу кітабын жүргізудің тәртібін кеден органы анықтайды.

29. Кеден ісі туралы Заңының 218-бабына сәйкес кеден органы кеден қоймасында тұрған тауарлар мен көлік құралдарын түгендеуді жүргізуге құқыбы бар.

30. Есеп жүргізудің кедендейкі құжаттары ретінде тауарлар мен көлік құралдарын ұсынғанда солармен бірге берілетін қысқаша декларация болып табады.

31. Уақытша сақтауда және кеден қоймасында тұрған тауарлар мен көлік құралдарының есеп жүргізу құжаттары бес жыл сақталуы тиіс: есеп жүргізу кітабы үшін - тауарларды шығарған күннен бастап есеп жүргізу кітабындағы соңғы жазу жүргізілгенге дейін.

32. Егер уақытша сақтау орны мен кеден қоймасында тауарлар мен көлік құралдарына есеп жүргізудің автоматтандырылған жүйесі пайдаланылса, онда оның иесі кеден органының осындай жүйеге кіруіне рұқсат беруге міндетті.

33. Кеден ісі туралы Заңның 218-бабына сәйкес кеден органы уақытша сақтау орындары мен кеден қоймасында сақтауда тұрған тауарлар мен көлік құралдарын түгендеуді жүргізуге құқығы бар.

## **6. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу**

34. Кеден қоймасының кеден режимінде орналастырылған және экспорт кеден режиміне сәйкес әкетуге арналған отандық тауарлар әкету кеден баждарынан босатылады немесе осындай баждың төленген сомасы кеден ісі туралы Заңның 48-бабына сәйкес, қайтарылуға жатады.

Кеден қоймасының кеден режимінде орналастырылған шетелдік тауарлар әкелу кеден баждары мен салығынан босатылады.

35. Кеден қоймасына орналастырылған тауарларға қатысты кеден баждары мен салықтарын төлеу, тауарларды қоймадан шыгарған кезде таңдал алған кеден режиміне сәйкес жүргізіледі.

36. Кеден ісі туралы Заңның 44-бабына сәйкес кеден қоймасы арқылы айналысқа түсетін тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салығын төлеу бойынша декларант жауап береді. Тауарларды кеден қоймасына сақтауға орналастырған адам декларантпен бірге ортақтасып жауап береді.

Кеден ісі туралы Заңның 44-бабымен бекітілген талаптарды сақтамаған жағдайда, кеден төлемдері мен салықтарын төлеу бойынша кеден қоймасының иесі жауап береді.

## **7. Тауарларды кеден қоймасынан шығару**

37. Кеден қоймасында белгіленген сақтау мерзімі өткеннен кейін тауарлар: өзге кеден режиміне мәлімделуі тиіс;

Қазақстан Республикасының кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларына жайғастырылуы тиіс.

38. Тауарлардың кедендік құны мен олардың саны өзге кеден режиміне орналастыру мақсатында тауарларды кеден қоймасынан шыгарған сэтте анықталады.

39. Кеден қоймасының кеден режимінен тауарларды еркін айналысқа шығару кеден режиміне өзгерту, тауарларды кеден қоймасының кеден режиміне орналастырған кезде немесе шетелдік тауар иесімен отандық тұлғаның арасында жасалған сатып алу - сату шартының, сондай-ақ аталған тауарларға иелік ету құқығы отандық тұлғаға ауыстыруды көздейтін өзге құжаттардың негізінде жүргізіледі. Бұл орайда, кеден қоймасында тауарларды еркін айналысқа шығару кеден режимінде тұрған тауарларға кедендік ресімдеуді, аталған тауарларға меншіктік құқығы ауысқан адам жүргізеді.

## **8. Жабық үлгідегі кеден қоймаларын құру ерекшеліктері**

40. Жабық үлгідегі кеден қоймаларына тауарларды орналастыру, лицензия алған кезде кеден қоймасының иесі белгілеген тұлғалар тобымен шектеледі.

## **9. Кеден органы құрған кеден қоймаларының жұмыстарын үйімдастыру ерекшеліктері**

41. Кеден қоймасын, оның қызмет аймағында қоймаға арналған үй-жайы бар  
кеден органы құрған кеден органының үсінші қызметтерін үйде береді.

Кеден қоймасын құру туралы шешімді кеден органының ұсынысы бойынша  
кеден комитеті қабылдауды.

42. Кеден қоймасын кеден органы құрған кезде, осындай қоймаға лицензия  
талаап етілмейді.

43. Кеден органы құрған кеден қоймасы ашық үлгідегі кеден қоймасы болып  
табылады, яғни кез келген тұлғаның оны пайдалануына мүмкіндігі бар.

44. Кеден органы құрған кеден қоймасын қаржыландыру мен  
материалдық-техникалық қамтамасыз ету мемлекеттік бюджеттің қаражат  
есебінен жүргізіледі.

45. Кеден органы құрған кеден қоймасының штаттағы қызметкерлер саны,  
аталған қойма қызмет аймағында орналасқан кеден органы үшін бекітілген  
штаттағы жалпы қызметкерлер саны шегінде белгіленеді.

46. Кеден қоймасының аумағы кеден бақылауының аймағы болып табылады.  
Кеден қоймасын күзетуді және өткізу режимін іске асыруды кеден органы  
қамтамасыз етеді.

47. Кеден қоймасын жайластыруға қойылатын талаптар осы Нұсқаулықтың 2-  
бөлімінде айтылған талаптарға ұксас, бұған кеден органы құрған қосарлы бекіту  
құрылғылары бар кеден қоймаларын жабдықтауға қойылатын талаптар кірмейді.

## **10. Кеден қоймасын тарату**

48. Кеден қоймасын құруға берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешім  
қабылдаған күннен бастап, қойма таратылды деп есептелінеді. Осы күннен  
бастап кеден қоймасында тұрған тауарлар уақытша сақтау орнында тұрған болып  
есептелінеді және таңdap алған кеден режиміне сәйкес ресімделуге жатады.

Бұл жағдайда, кеден қоймасында тауарлардың сақталу мерзімі өткен  
жағдайда, тауарларды кеден қоймасына орналастырған тұлға не болмаса кеден  
делдалы оны басқа кеден қоймасына орналастыра алады. Бұл жағдайда,  
тауарларды тасымалдау осы Нұсқаулықтың 15-тармағына сәйкес іске асырылады

49. Кеден органы құрған кеден қоймасын Кеден комитеті таратады.

50. Кеден органымен құрылған кеден қоймасын тарату, егер қойманы одан әрі экономикалық факторларға, үй-жайдың жағдайына немесе кеден органы қойманың жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмайтындей өзге де жағдайларға байланысты пайдалануға мүмкіндік болмаса, кеден органы ұсынылған уәждеме бойниша жүргізіледі.

51. Кеден органымен құрылған кеден қоймасының таратылатыны туралы тауарларды сақтауға қойған тұлғаны, осындай таратуға дейін 3 айдан кешіктірмей кеден органы хабардар етеді.

52. Кеден органы құрған кеден қоймасынан, тауарларды қойманың таратылуына байланысты аталған кеден органы тауарды сақтауға қойған тұлғаға, тауарларды сақтауға жайғастырған кезде хабардар етеді.

53. Тұлғаның кеден органы құрған кеден қоймасын таратуға байланысты пайда болған шығындары, сондай-ақ осы тұлғаның ала алмаған кіріс пайдасының орны толтырылмайды, егер кеден органы тауарларын сақтауға қойған адамдарды қойманың таратылатыны туралы осындай таратуға дейін кем дегенде 3 айдан кешіктірмей хабардар етсе.

54. Кеден органы осы Нұсқаулықтың 51-тармағында белгіленген хабарлама мерзімдерін бұзған жағдайда, кеден органы құрған кеден қоймасын таратуға байланысты тұлғада пайда болған шығыстар сомасын, сондай-ақ сот айқындаған алынбаған кірістер сомасын кеден органы өндіріп алады.

## 11. Қорытынды ережелер

55. Кеден қоймасының кеден режиміндегі талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Келісілді

Қазақстан

Республикасының

Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрі

Мемлекеттік кіріс

2001 жылғы 08 ақпан

министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпандағы

N 46 бұйрығы мен

бекітілген

**Бажсыз сауда дүкені кедендік режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 50-бабына сәйкес бажсыз сауда дүкені кедендік режимі - тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген кезде бөлшек саудада кедендік баждар, салықтар алынбай сатылатын және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан мұндай тауарларды одан кейінгі әкету шарты кезінде тарифсіз реттеу шаралары қолданылмайтын **кедендік режим**.

2. Бажсыз сауда дүкеніне тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтایтын тауарлардан өзге кез-келген тауарлар орналастырыла алады.

3. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимінде орналастырылған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кедендік бақылаумен халықаралық қатынастар үшін ашық әуежайларда, порттарда және шекаралық ету орындарында, сондай-ақ халықаралық тасымалдарды орындайтын әуе және теңіз **кемелерінің бортында сатылады**.

4. Бажсыз сауда дүкенінде сатып алған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі тиіс.

5. Бажсыз сауда дүкені, оның иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) лицензиясын алғаннан кейін, Қазақстан Республикасының кеден органдарымен айқындалған орындарда **отандық тұлғамен құрылады**.

6. Бажсыз сауда дүкенінің аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады.

7. Бажсыз сауда дүкенінің иесі кедендік төлемдер мен салықтардың төленуімен қоса, бажсыз сауда дүкені кеден режимін пайдалану шарттарының сақталуы үшін жауаптылықта болады.

## **2. Бажсыз сауда дүкенінің жайластырылуы мен жабдықталуына қойылатын талаптар**

8. Бажсыз сауда дүкенінің жайластырылуына және жабдықталуына қойылатын талаптар, бажсыз сауда дүкені кеден режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз **ету мақсатында қойылады**.

9. Бажсыз сауда дүкенін құру үшін қарастырылған үй-жай өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес болуы **кажет, сондай-ақ мыйнадай**:

1) Сауда залы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жеке адамдардың өтуі кезінде мұндай адамдармен әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу үшін айқындалған орыннан тысқары жерлерде болу;

2) Қазақстан Республикасының аумағына келетін жеке адамдардың бұл

үй-жайларға кіру мүмкіндігін болдырмайтын жағдайда орналастырылу;

3) қажетті өртке қарсы және қорғанудың механикалық құралдарымен, сондай-ақ сигнал беру жабдығымен жабдықталуы;

4) бажсыз сауда дүкенінің үй-жайындағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде бажсыз сауда дүкені кеден режимімен орналастырылған тауарлардың кедендік бақылаусыз алып қою мүмкіндігін болдырмау;

5) қосалқы үй-жайлардағы, қоймадағы тауарларға бөгде адамдардың кіруін болдырмау талаптарына жауап беруі керек.

10. Бажсыз сауда дүкені аумағында сауда операциясын іске асыру, тауарларды сақтау, осы Нұсқаулықпен көзделген талаптарды ескере отырып бажсыз сауда дүкенінің қалыпты қалыптасуын қамтамасыз ететін операцияларды жүзеге асыру үшін арналған орындар болуы қажет. Осы мақсаттар үшін бажсыз сауда дүкені аумағында қоршалған орындар:

- 1) сауда залы (сауда залдары);
- 2) бажсыз сауда дүкені қоймасы (қоймалары);
- 3) қосалқы үй-жайлар болуы керек.

Сауда залында бажсыз сауда дүкені кедендік режимінде орналастырылған тауарларды сату жүзеге асырылады.

Бажсыз сауда дүкені қоймаларында тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша, тауарларды сатуға дайындау (орамдарды ашу, қорабынан босату және басқа) операциялары жүргізіледі.

Қосалқы үй-жайларда тауарларды сатуға дайындау жөніндегі операциялар жүргізіледі.

Көрсетілген операциялар кедендік бақылаумен жүргізіледі.

Сауда залы, бажсыз сауда дүкенінің қоймасы және қосалқы үй-жайлар тек бажсыз сауда дүкені кедендік режимінің талаптары шенберінде пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген орындарды өзге мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

### **3. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимімен орналастырылған тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі**

11. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимінде мәлімделген тауарларды кедендік ресімдеу Кеден ісі туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

12. Бажсыз сауда дүкені қоймасына тауарлар уәкілетті кеден органдының лауазымды адамының қатысуымен немесе келісімімен орналастырылады.

13. Мемлекеттік бақылаудың мал дәрігерлік, санитарлық, экологиялық және басқа да түрлеріне, оның ішінде сертификаттауға жататын тауарларды кедендік ресімдеу заңнамада мұндай тауарларға қатысты көзделген мемлекеттік бақылаудың түрлері жүзеге асырылғаннан кейін ғана аяқталады.

14. Бажсыз сауда дүкенінің қоймасына орналастыру мақсатында уақытша сақтау орындарында уақытша сақтаудағы тауарларды тасымалдау тауарларды кедендік бақылаумен жеткізудің белгіленген талаптарына сәйкес жүргізіледі.

#### **4. Тауарларды бажсыз сауда дүкенінде сату**

15. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимімен орналастырылған тауарларды сату бөлшек саудамен және тек Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жол жүретін жеке адамдарға ғана жүзеге асырылады.

16. Тауарлардың бажсыз сауда дүкенінде көтерме, оның ішінде ұсақ көтерме (шамамен алғанда - бөлшектеп сатуға арналған орамдардың, жиынтықтардың 10 бірлігінен астам) сатуға жол берілмейді.

17. Бажсыз сауда дүкендерінде сатылатын тауарлардың кеден органымен келісілген арнайы маркировкасы болуы және бөлшектеп сату үшін алдын ала о р а л у ы т и і с .

18. Тауарларды бажсыз сауда дүкенінде сатып алғандығы туралы мұндай дүкеннің қызметкерлері Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жол жүретін жеке адамдардың жол жүру немесе өзге де құжаттарына б е л г і қ о я д ы .

Белгі нысаны кеден органының келісімі бойынша бажсыз сауда дүкенінде и е с і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Кеден органы бажсыз сауда дүкенінде сатып алған тауарлардың іс жүзінде әкетілуін бақылауды жүзеге асырады.

19. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимімен орналастырылған тауарларды үлгілері бойынша, алдын-ала тапсырыс беру бойынша, үйге жеткізілуімен, төлеуді кейінге қалдыру, сондай-ақ қосымша қызметтер көрсету (сату алдындағы дайындауды, орауды, көрсетуді, қайта орауды және осыған ұқсас операцияларды қоспағанда) кезінде сатуға жол берілмейді.

#### **5. Бажсыз сауда дүкеніне түсетін және сатылатын тауарлар туралы есеп жүргізу мен есептілік**

20. Бажсыз сауда Дүкені кедендік режимімен орналастырылған тауарлар бажсыз сауда дүкенінің иесімен және кеден органдарымен міндетті есебін ж ү р г і з у і н е ж а т а д ы .

21. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда дүкеніне орналастырылған келіп түскен және сатылатын тауарлар туралы есеп жүргізеді және кеден органдарына е с е п ұ с ы н а д ы .

Бажсыз сауда дүкеніндегі келіп түскен және сатылатын тауарлардың есебін жүргізуін ысанаң қойманың иесімен келісім бойынша кеден органы

айқындаиды. Бұл ретте есеп жүргізу:

1) есеп жүргізу кітабы;

2) кедендік есеп жүргізу құжатын міндетті енгізумен жүргізіледі.

22. Есеп жүргізу кітабы осы Нұсқаулыққа 1 және 2-қосымшада белгіленген нысанға сәйкес жүргізіледі. Бажсыз сауда дүкені иесімен есеп жүргізу кітабын жүргізуге қосымша басқа, оның ішінде автоматтандырылған есеп жүргізу жүйелерін пайдалануға жол беріледі.

Есеп жүргізу кітабы күнтізбелік жыл бойынша жүргізіледі. Есеп жүргізу кітабы алдын-ала тігілген, нөмірленген, түптелген және бажсыз сауда дүкені қызметі аймағында құрылған кеден органы бастығының не кеден органы бастығының орнындағы адамның қолымен және кеден органының мөрімен бекітілген болуы тиіс.

Есеп жүргізу кітабы соңғы жазба енгізілгеннен кейін кеден органына тексеруге беріледі. Тексеру аяқталғаннан кейін есеп жүргізу кітабы бажсыз сауда дүкенінің иесіне сақтауға қайтарылады. Есеп жүргізу кітабына тексеруден кейін қосымша жазбалар немесе түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Кеден органының келісімімен бұл үлгіде көрсетілген мәліметтердің бәрінің осындай нысанда болуы шартымен есеп жүргізу кітабы нысанының белгіленген үлгіден ауытқуына рұқсат етіледі.

Тауарлардың есебін жүргізу кітабы кеден органының лауазымды адамдарына олардың бастапқы талап етуі бойынша ұсынылады.

23. Кеден органдары бажсыз сауда дүкеніне орналастырылатын және бажсыз сауда дүкенінен сатылатын тауарлардың есебін жүргізеді. Бажсыз сауда дүкеніне орналастырылатын тауарлар үшін есеп жүргізудің кедендік құжаты ретінде жүктік кедендік декларация, ал сатылатын тауарлар үшін - бажсыз сауда дүкенінен сатылатын тауарлардың есебін жүргізу кітабы пайдаланылады.

24. Бажсыз сауда дүкеніндегі тауарлардың есебін жүргізу құжаттары тауарларды шыгарған күннен бастап бес жыл, есеп жүргізу кітабы үшін - соңғы жазба бойынша тауарларды шыгарған күннен бастап сақталады.

25. Бажсыз сауда дүкендерінің иелері бажсыз сауда дүкеніне түскен және сатылған тауарлар туралы кеден органдарына есеп беру айынан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей есептерін ұсынады.

26. Жеткілікті негіздемелер болған жағдайда кеден органы кезектен тыс есеп ұсынуды міндеттеуге құқылы. Мұндай есеп ол туралы кеден органы бастығының немесе кеден органы бастығының орнындағы адамның жазбаша талап етуі алынған күннен бастап жеті күннің ішінде көрсетілген нысан бойынша ұсынды.

27. Кеден органы бажсыз сауда дүкенінің сауда залдарындағы, қосалқы үй-жайларындағы және қоймасындағы тауарларға түгендеу жүргізуге құқылы.

## **6. Бажсыз сауда дүкенін тарату**

28. Лицензияны қайтарып алу туралы лицензиатты хабарлағаннан күннен бастап бажсыз сауда дүкені таратылды деп есептелінеді.

29. Лицензиатты хабарлағаннан күннен бастап бажсыз сауда дүкеніндегі барлық тауарлар уақытша сақтаудағы тауарлар болып есептеледі және таңдал алынған кедендік режимге сәйкес кедендік ресімдеуге жатады.

Көрсетілген күннен бастап таратылған бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимімен жаңа тауарларды орналастыруға және осы режиммен орналастырылған тауарларды сатуға рұқсат етілмейді.

30. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда дүкенін тарату туралы хабарлама күнінен бастап үш күндік мерзімде кеден органына осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен қоймадағы тауарлар туралы есеп ұсынуға міндетті.

Кеден органы жеті күндік мерзімнен кешіктірмей таратылатын бажсыз сауда дүкеніндегі тауарларды түгендеуді жүргізеді.

## **7. Қорытынды ережелер**

31. Бажсыз сауда дүкені кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

Бажсыз сауда дүкені кедендік  
режимін қолдану жөніндегі  
нұсқаулықта  
1-қосымша

### **Бажсыз сауда дүкенінің қоймасына орналастыралатын тауарлардың есебін жүргізу кітабы**

---

N Тауарлардың Кедендік Тауарларды Тауарға Тауардың Орын.  
бажсыз сауда есеп бажсыз сауда ілеспе атаяу, дардың  
дүкенінің жүргізу дүкеніне құжат. тауардың саны  
қоймасына құжатының орналастырған тардың мэртебесі  
орналасты. нөмірі тұлға нөмірі (отандық,  
рылған күні шетелдік)

---

1 2 3 4 5 6 7

---

Таблицаның

жалғасы

Брутто                    Бажсыз  
сал.                        сауда  
мәғыннасы                дүкенінің  
(кг)                        қоймасына  
тауар                      тауар  
                              қабылдаған  
                              адамның  
                              күні  
                              көлігі

-----

9

Тауардың  
бажсыз                    сауда  
дүкенінің                сауда  
                              залына  
                              орналастырған  
                              күні  
                              көлігі

-----

1 0

Бажсыз                    сауда                дүкені                    кедендей  
режимін                    қолдану                жөніндегі  
нұсқаулыққа  
2-қосымша

**Бажсыз сауда дүкенінен сатылатын  
тауарлардың есебін жүргізу кітабы**

Н Тауардың бажсыз Есеп Тауар. Тауар. Орын. Брутто Бажсыз сауда Ес  
сауда дүкенінің жүр. дың дың дар. салма. дүкенінен кер  
қоймасынан гізу сатыл. атауы дың ғы(кг) тауар берген пе.  
сауда залына кітабы ған саны адамның лер  
орналастырыл. бойын. күні  
күні ша  
қолы  
нөмірі

---

1 2 3 4 5 6 7 8 9

---

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
2001 жылғы 08 ақпан

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандагы

бекітілген

**Қазақстан Республикасының кедендік аумағында  
тауарларды қайта өндеу кедендік режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеу кедендік режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеу кедендік режимін қолдану тәртібін айқындаиды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

"тауарлар" - қайта өндеуге арналған шетелдік тауарлар мен шетелдік тауарларды қайта өндеу бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде пайдаланылған отандық тауарлар;

"қайта өндеу өнімдері" - қайта өндеу үшін әкелінген тауарларды, оның ішінде отандық тауарларды пайдаланумен, қайта өндеу нәтижесінде алынған тауарлар;

"қайта өндеу өнімдерінің кедендік мақсатта шығуының саны" - режимнің мәлімдеушісі көрсеткен өндірістік процесс бойынша, оның ішінде отандық тауарларды пайдаланумен, тауарларды қайта өндеудің нәтижесінде пайда болған қайта өндеу өнімдерінің саны;

"мәлімдеуші" - тауарларды қайта өндеу үшін тасымалдаушы тұлға болып табылатын, Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемені кеден органына ұсынатын және осы режиммен, оны аяқтаудың шарттарын дұрыс және уақытылы орындауға жауапты отандық тұлға;

"қайта өндеуші" - тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеуді тікелей жүзеге асыратын отандық тұлға;

"бақылаушы кеден органы" - қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме тіркеlegen кеден органы.

Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін түсініктер қолданылады.

3. Шетелдік тауарларды қайта өндеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде отандық тауарлар пайдаланылуы мүмкін. Шығаруға тарифсіз реттеу шаралары және (немесе) кедендік баждар қолданылатын отандық тауарларды пайдалануға уәкілетті мемлекеттік органдар рұқсаты болған жағдайдаған жол беріледі.

4. Тауарларды қайта өндеудің тәртібін бұзғаны, Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимімен орналастырылған тауарлар мен заңсыз операциялар, осы кедендік режимді пайдаланудың шарттарын сақтамағаны үшін мәлімдеуші жауаптылықта болады.

## **2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеу кедендік режимін қолдануға қойылатын талаптар**

5. Кеден ісі туралы заңның 56-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеу кедендік режимін пайдалануға, егер:

1) мәлімденетін тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе бойынша қайта өндеу кедендік режимімен орналастыруға тыйым салынғанда;

2) өндірістің үздіксіз цикліне қатысты технологиялық процестерді пайдалануды немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағында бірдей қайта өндеу өнімдерінің өндірісі болмағанда бірегей болып табылатын жағдайларды қоспағанда әкелінген тауарлар қайта өндеу өнімдеріне тенестірілмейтін болса;

3) тауарларды қайта өндеуді жүзеге асыратын тұлғамен:

бұрын әкелінген тауарларды қайта өндеу режимін жүргізуін көрсетілген тәртібінің бұзылуымен жүзеге асыруы аяқталмаса;

бұрын бірнеше рет (екі және бірден артық) көрсетілген тәртіп бұзылса;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte контрабанда белгісімен кедендік ережені бұзу жасалғандығы дәлелденсе жол берілмейді.

6. Осы Нұсқаулықтың 5-тармағының 2) тармақшасымен айқындалған талаптарды ескере отырып, электрлік, жылулық және энергияның өзге түрлеріне, сондай-ақ электрлік, жылулық және энергияның өзге түрлері қайта өндеу өнімдері болып табылатын тауарлар қатысында Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимінің пайдаланылуына жол берілмейді.

## **3. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операциялар**

7. Тауарларды қайта өндеу жөніндегі операцияларға мыналар жатады:

1) шетелдік тауарлар қайта өндеу өнімдерінде бірдейлендіру қайта өндеудің міндетті шарты болып табылатын жағдайда әкелінген тауарларды қайта өндеу өнімдеріне бірдейлендіруге мүмкіндік беретін сипаттамасы сақтала отырып өзіндік сипатының жоғалтқанда, тауарларды қайта өндеудің өзі;

2) әкелінген тауарлардың негізгі сипаттараты сақталғанда монтаждауды,

құрастыруды және жымдастыруды қоса алғанда басқа тауарды дайындау (өндөу);

3) қайта өндөуге арналған тауарларды қалпына келтіру немесе бүлінген немесе тозған тауарларды ауыстыру, рекламация бойынша ақауын жою жүргізілгенде оны қалпына келтіруді қоса алғанда тауарларды жөндеу;

4) қайта өндөу процесінде оларды толық немесе ішінара тұтыну арқылы қайта өндөу өнімдерін өндіруді женілдетуге арналған кейбір тауарларды пайдалану. Берілген операцияның жоғарыда көрсетілген операциялардың бірімен бір м е з г i л д e о р y n d a l u y t i i c .

Мұндай тауарларға: катализаторлар, флюстер, электродтар, присадкалар және өзгелер жатады.

8. Тауарларды өндөу жөніндегі операцияларға, мысалы:

1) тауарларды орау, бөліп салу және сорттау;

2) сактау немесе тасымалдау кезінде тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау;

4) жануарлардан, құстардан, балықтардан, шаянтектестер мен молюскалардан өсім алу, оларды өсіру және семірту;

5) ағаштар мен өсімдіктерді өсіру;

6) пайдалы қазбаларды өндіру;

7) балықтарды, шаянтектестерді және молюскаларды аулау;

8 ) а н а у л а у ;

9) саңырау құлақтар мен өсімдіктерді жинау;

10) ақпараттарды, аудио- және бейне жазбаларды ақпарат таратқыштардың кез-келген түріне көшіріп алу және көбейту;

11) шетелдік тауарларды техникалық процесте көмекші құрал ретінде пайдалану (мысалы, жабдықтар, станоктар, қурал-жабдықтар және с.с.) ж а т п а й д ы ;

12) Кеден ісі туралы Заңның 85-бабының талаптарына жауап бермейтін басқа да іс-әрекеттер.

#### **4. Экелінген тауарлардың қайта өндөу өнімдеріндегі бірдейленуі**

9. Экелінген тауарлардың қайта өндөу фактісін белгілеу мақсатында қайта өндөу өнімдерінде экелінген тауарларды бірдейлендіру келесі тәсілдерді:

өндірістік процесте қайта өндөуге арналған шарттар туралы міндеттемеде көрсетілмеген тауарлардың пайдаланылуына жол бермеу мақсатында қойма үй-жайларына, белгілі бір техникалық операцияларды орындайтын технологиялық желілердің участеклеріне пломбы түрінде кедендей қамтамасыз ету

с а л у ;

мәлімдеушілердің, қайта өндеушінің немесе кеден органдарының лауазымды адамдарының қайта өндеуге арналған түпкілікті тауарларға және (немесе) отандық тауарларға мөрлер, мөртаңбалар, сандық және (немесе) басқа да маркировкалар

қ о ю ы ;

қайта өндеуге арналған тауарлардың сипаттамасы;

қайта өндеуге арналған тауарларды суретке түсіру, масштабпен бейнелеу;

тауарлардың алдын ала алынған сынамаларын, ұлгілерін қайта өндеу  
өнімдерімен

салыстыруды;

тауарлардың (мысалы, двигательдердің, қораб бөліктерінің және басқаларының) зауыттық нөмірлер түріндегі бар маркировкаларын пайдаланумен жүргізіледі.

10. Кеден ісі туралы заңның 56-бабына сәйкес, егер:

қайта өндеу үшін өндірістің үзіліссіз цикліне жататын технологиялық процесс

пайдаланылатын болса;

қайта өндеуші Қазақстан Республикасының аумағында бірдей қайта өндеу өнімдерін өндіруді болдырмайтын бірегей технологиялық процесті пайдаланса қайта өндеу өнімдерінде тауарларды идентификациялау талап етілмейді. Қорсетілген технологиялық процестердің тізбесі тиісті уәкілетті мемлекеттік органдары белгілеген тәртіппен айқындалады.

## 5. Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемелерді ресімдеудің тәртібі

11. Кеден ісі туралы заңның 56-бабына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кедендердің аумағында қайта өндеу үшін қайта өндеуге арналған тауарларды әкелуге кедендердің ресімдеуді жүзеге асыру жоспарланып отырған кеден органына қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемені, жүктік кедендердің декларациямен (бұдан әрі - ЖКД) бір мезгілде ұсынуы қажет.

12. Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме осы Нұсқаулыққа 1-көсімшаға сәйкес нысан бойынша мәлімдеушімен ұсынылады. Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме біреуі кеден органына ұсынылатын және қайта өндеуді жүзеге асыратын тұлғаның мөрімен расталатын екі данада толтырылады, екінші данасы мәлімдеушіде қалдырылады.

Қайта өндеу туралы міндеттемеде оның негізінде қайта өндеудің мерзімі мен қайта өндеу өнімдерінің шығуының саны белгіленетін құжаттар қоса беріледі ( қайта өндеуге арналған шарт, қолданыстағы технологиялық құжаттамалар және басқалары ).

Тауарларды қайта өндеу шарты туралы міндеттемеге журналға сәйкес тіркеу

нөмірі беріледі. Міндеттемелерді тіркеу журналын осы Нұсқаулыққа 2-көсімшада белгіленген нысан бойынша бақылаушы кеден органы жүргізеді.

## **6. Қайта өндеу өнімдерінің кедендік мақсатта шығуының санын белгілеу**

13. Экелінген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің нәтижесінде пайда болған қайта өндеу өнімдерінің шығуының санын айқындауды мәлімдеуші жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жекелеген тауарларды қайта өндеу өнімдерінің шығуының міндетті саны тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен белгіленеді.

14. Мәлімделген қайта өндеу өнімдерінің шығу санын растау үшін мәлімдеушімен кеден органына қайта өндеу өнімдерінің шығу нормаларына сүйене отырып пайда болған қайта өндеу өнімдері санының есебі, сондай-ақ қолданыстағы технологиялық құжаттамалар ұсынылады.

Бұл ретте шығу нормасы ретінде - өндірістік процеске сәйкес қайта өндеуге арналған тауарлар мен отандық тауарлардың санының бір бірлігінен алынатын қайта өндеу өнімдерінің абсолюттік мәніндегі немесе пайыздық түрғыдағы

көлемі

ұғылады.

15. Өндірістік процесте пайда болатын әрбір қайта өндеу өнімінің шығу саны қайта өндеуге арналған тауарлардың санын аталған қайта өндеу өнімінің шығу нормасына көбейту жолымен есептеледі.

16. Қайта өндеу өнімдерінің тауар өнімдерінің бірлігіне арналған шығу нормаларын айқындауды мәлімдеуші жүргізеді. Нормалар қайта өндеуге арналған шетелдік тауарлар үшін де, қайта өндеу кезінде пайдаланылатын отандық тауарлар үшін де белгіленген болуы тиіс және қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемеде көрсетілуі қажет.

## **7. Қайта өндеу мерзімдерін белгілеу және ұзарту**

17. Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды қайта өндеу өндірістік процесінің ұзактығы ескеріле отырып мәлімдеуші белгілейтін мерзімдерге, бірақ тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан откен күнінен бастап екі жылдан аспайтын уақытта жүргізіледі.

18. Қайта өндеу мерзімі:

Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеу үшін әкелінген тауарларға кедендік ресімдеу;

тауарларды қайта өндеу;

қайта өндеу өнімдерін іс жүзінде әкету не өзге де кедендік режимге орналастыру үшін қажетті уақытты қамтиды.

19. Қайта өндеудің мерзімін қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген тауарларды тасымалдау күнінен бастап екі жылдың шегінде ұзарту, мұндай ұзарту қажеттілігі негізделетін бақылаушы кеден органын құлақтандырумен жүзеге асырылады.

Мерзімдерді ұзарту кезінде ЖКД-ның 1-ші және 3-ші даналарының сырт жағында кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлі мөрімен расталатын ұзартудың мерзімдері көрсетіледі.

20. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша жекелеген тауарларды қайта өндеудің мерзімі тиісті уәкілетті мемлекеттік орнадармен белгіленеді.

21. Тауарларды қайта өндеудің мерзімін арттыру (екі жылдан астам уақытқа) туралы мәселені шешу үшін мәлімдеуші қайта өндеудің шекті мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетіне (бұдан әрі - Кеден комитеті) еркін нысанда тиісті өтініш береді.

Мыналар өтінішке қоса беріледі:

1) тиісті уәкілетті мемлекеттік орнадардың қайта өндеудің мерзімін екі жылдан астам уақытқа арттырудың орындылығы туралы қорытындысы;

2) тауарларды қайта өндеу кезінде кедендей заңнаманың талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын кеден органының қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеменің орындалуы туралы қорытындысы;

3) қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеменің көшірмесі.

22. Тиісті уәкілетті мемлекеттік орнадардың қайта өндеудің мерзімін екі жылдан астам уақытқа арттырудың орындылығы туралы қорытындысы еркін нысанда ресімделеді және мәлімдеуші, қайта өндеу туралы шарттың күні мен нөмірі, қайта өнделетін тауар туралы, сондай-ақ қайта өндеудің шекті мерзімін арттыруының орынды кезеңі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге жататын жекелеген тауарларды қайта өндеудің мерзімін тиісті уәкілетті мемлекеттік орнадар бұрын белгілеген мерзімдерден артық арттыру туралы мәселені шешу үшін тиісті уәкілетті мемлекеттік орнадарының қайта өндеудің мерзімдерін арттырудың орындылығы туралы осындай қорытындысы қажет.

23. Кеден органының қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемелердің орындалуы туралы қорытындысы:

1) қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеменің ұсынылғандығын растаитын;

2) қайта өндеу үшін әкелінген тауарлардың қайта өндеу шартында көрсетілген тауарлардың жалпы көлеміне пайыздық қатынастағы көлемі туралы;

3) алынған қайта өндеу өнімдерінің қайта өндеудің шарттары туралы

міндеттемеде көрсетілген қайта өндеу өнімдерінің шығу көлеміне пайыздық қатынастасы көлемі туралы;

4) қайта өндеудің мерзімдерін екі жылдың шегінде ұзарту туралы;

5) қайта өндеу өнімдерінің кедендік ресімделуі туралы;

6) кедендік ережелердің бұзылуы фактілері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

24. Қайта өндеудің мерзімін арттыру туралы өтінішті қараудың мерзімі өтініш алынған күннен бастап он күннен аспауы тиіс.

25. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің мерзімін арттыру туралы шешім жазбаша нысанда бақылаушы кеден органымен мәлімдеушінің назарына жеткізіледі.

26. Қайта өндеу мерзімдерін одан кейінгі арттыру осы Нұсқаулықтың 21-25 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Қайта өндеудің мерзімін арттырудан бас тартылған жағдайда, қайта өндеу жөніндегі операцияларға ұшырамаған тауарлар үшін және қайта өндеу өнімдері Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің кедендік режимі кедендік заңнамаға сәйкес өзгертуге жатады.

## **8. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің ерекшеліктері**

28. Шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимімен орналастыру кезінде мәлімдеушінің қалауы бойынша әкелулік кедендік баждар мен салықтарды төлеу не оларды уәкілетті банктің кепілдігі түрінде төлеуді немесе Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне тиесілі сомаларды енгізуі қамтамасыз ету жүргізіледі.

29. Кеден ісі туралы заңның 59-бабына сәйкес төленген кедендік баждар мен салықтарды немесе Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне енгізілген тиесілі сомаларды қайтару жүргізіледі не уәкілеттік банктің кепілдігі:

Кеден ісі туралы заңның ережелерінің сақталуы;

тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданған күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей тауарлардың немесе қайта өндеу өнімдерінің экспорты;

әкелінген тауарлардың немесе қайта өндеу өнімдерінің Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге іс жүзінде әкетілуінің расталуы жағдайында уәкілетті банктің кепілдігі өзінің қолданылуын тоқтатады. Бұл ретте қайтарылатын сомаларға пайыздар есептелмейді.

Әкелінген тауарлар мен қайта өндеу өнімдері Қазақстан Республикасының кедендік аумағында еркін айналым үшін шығарылған жағдайда, егер тауарлар

қайта өндеуге әкелінген кезде төленбекен болса кедендік баждар мен салықтардың сомалары төленеді. Әкелулік кедендік баждардың ставкалары әкелінген тауарларды қайта өндеудің жүзеге асырылуына қарай қайта өндеу өнімдеріне немесе әкелінген тауарларға қатысты қолданылады.

Көрсетілген сомалардан басқа олардан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кедендік баждарды төлеу күні қолданылған қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша пайыздар алынады. Көрсетілген пайыздар әкелулік кедендік баждарды төлеу күнін қоса есептегендегі тауарлар қайта өндеудің кедендік режимінде болған уақыты үшін есептеледі.

## **9. Қайта өндеуге арналған тауарлар мен қайта өндеу өнімдерін кедендік ресімдеу**

30. Қайта өндеуге арналған тауарларды, қайта өндеу өнімдерін кедендік ресімдеу қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылуы тиіс.

31. Тауарларды қайта өндеу кезінде пайдаланылған отандық тауарлар ресімдеуге жатпайды, бірақ кедендік бақылау мен есепке алуға жатады.

32. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар мен қайта өндеу өнімдерін кедендік ресімдеу қайта өндеуші қызмет аймағындағы кеден органдына жүргізіледі.

Бұл ретте мәлімдеушімен не қайта өндеушімен (не шарт бойынша кедендік ресімдеу жүргізілген кезеңге кедендік брокермен) кеден органына Жұктік кедендік декларацияны беру, қабылдау және тексеру тәртібімен, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтерде көзделген құжаттар :

белгіленген тәртіпке сәйкес толтырылған ЖКД;  
мәлімдеушінің атынан берілген тауарларды қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме;

қайта өндеуге арналған келісім-шарттарды (шарттарды) не тараптардың ниетін куәланыратын өзге де құжаттар;

тауарға ілеспе құжаттар (жапсырма қағаздар, коносаменттер, спецификациялар, шот-фактуралар, шот-проформдар және басқалар);

егер қайта өндеуге арналған тауарлар бұл органдардың бақылауына жататын болса басқа да мемлекеттік органдардың рұқсаты;

әкелулік кедендік баждар мен салықтардың төленгендігін не оларды уәкілетті банктің кепілдігі түрінде төлеудің қамтамасыз етілгендейгін немесе Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне тиесілі сомалардың енгізілгендейгін

кедендік мақсаттар үшін жүктік кедендік декларацияларды, құжаттарды және қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес белгіленген басқа да құжаттар ұсынылады.

33. Әкетілетін қайта өндеу өнімдерін, оның ішінде қалдықтар мен қалған қайта өнделмеген тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуі кеден органы міндettі түрде шекарадағы кеденнен бұл тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыскары жерлерге іс жүзінде әкетілгенде туралы растау алғаннан кейін үш күннің ішінде ресімделген ЖКД-ның көшірмелерін бақылаушы кеден органына жолдайды.

34. Әкелулік кедендік баждар мен салықтарды қайтару Кеден ісі туралы заңның 59-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## **10. Тауарлар мен қайта өндеу өнімдерін кедендік бақылаудың тәртібі**

35. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің кедендік режимінің пайдаланылуын жалпы бақылауды бақылаушы кеден органы жүзеге асырады.

36. Бақылаушы кеден органы кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында әрбір тіркелген қайта өндеудің шарттары туралы міндettеме бойынша Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін пайдалануға қатысты барлық материалдар мен құжаттар (келісім-шарттар, қайта өндеу шарттары туралы міндettемелер, олар бойынша тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілген ЖКД-ның көшірмелері және басқалары) тігілетін іс қалыптастырады.

37. Кеден органының аумағында қызметін жүзеге асыратын қайта өндеуші қайта өндеу үшін тауарларды пайдаланғанына кеден бақылауын жүргізуге қайта өндеу мерзімінің ішінде құқылы.

38. Мәлімдеуші қайта өндеу өнімдерін кері әкетудің мерзімдері аяқталғанға дейін бақылаушы кеден органына ЖКД-ның көшірмелерін ұсына отырып тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қайта өндеудің кедендік режимінің пайдаланылуы туралы толық есеп ұсынуға міндettі.

39. Өндірістің қалдықтары болып табылатын әрі өндірістік процесте сөзсіз қайта өндеу өнімдерін құрайтын және мәлімдеушіде қолданылуын таппаған тауарлар (материалдар, заттар, бұйымдар және басқалар) тауарлардың еркін айналымы не экспорты үшін тауарлар шығарудың кедендік режимімен орналастырылуы мүмкін.

40. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген, қайта өндеу

өнімдерін дайындау үшін пайдаланылмаған сол Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасы бойынша 9-таңбалы тауарлық субпозициясымен жіктелетін қайта өндеуге арналған тауарлардың қалған бөлігі қайта өндеуге арналған тауарлар сияқты кедендік заңнамада көзделген кедендік режимдерге сәйкес кедендік ресімдеуге және кедендік бақылауға жатады.

41. Өндірістік шығын болып табылатын, қайта өндеу өнімдерін дайындау кезіндегі өндірістік процестің негізінде пайда болатын және (немесе) қайтарусыз жоғалатын материалдар, заттар және басқалар Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қалады және кедендік тұрғыда ресімделмейді, бірақ кедендік бақылауға жатады.

42. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимін пайдалану кезінде, Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Кеден ісі туралы заңның 209-бабына сәйкес мәлімдеуші мен қайта өндеушінің қаржылық және сыртқы экономикалық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы.

## 11. Қорытынды ережелер

43. Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

Қазақстан	Республикасының		
кедендік	аумағында	тауарларды	
қайта	өндеу	кедендік	режимін
қолдану	жөніндегі	нұсқаулыққа	
1-қосымша			

---

(кеден органының атауы)

Қазақстан Республикасының кедендік аумағында тауарларды қайта өндеудің кеден режимінде мәлімделген тауарларды қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме

---

(тауарларды қайта өндеу режимін мәлімдеген тұлғаның атауы)  
сәйкес

(қайта өндеу келісім-шартының (шарттың) күні мен нөмірі немесе тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттар)  
мынадай шарттарды:  
қайта өндеудің мерзімін \_\_\_\_\_

---

қайта өндеу өнімдерінің шығу нормасын \_\_\_\_\_  
қайта өндеу өнімдерінің шығу көлемін \_\_\_\_\_  
кері әкету мерзімін \_\_\_\_\_  
идентификациялаудың тәсілін \_\_\_\_\_  
Ерекше белгілерін \_\_\_\_\_  
сақтаужағдайында \_\_\_\_\_

(қайта өндеуші кәсіпорынның атауы, мекен-жайы)  
кәсіпорынында \_\_\_\_\_  
(Сыртқы экономикалық қызметтің тауар

номенклатурасына сәйкес тауарлардың атауы және олардың жіктеу коды)  
қайта өндеу өнімдерін алу мақсатында мынадай \_\_\_\_\_  
(Сыртқы экономикалық

қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың атауы және  
олардың жіктеу коды )

тауарларды қайта өндеуді жүзеге асыруға міндettенеді.  
Мәлімдеуші басшысының аты-жөні, \_\_\_\_\_  
( к о л ы )

N \_\_\_\_\_

(кеден органы лауазымды адамының қолы)

\* міндettеменің нөмірі кеден органының лауазымды адамымен беріледі және мынадай тұрғыда қалыптастырылады:

00000/00000/000 - мұнда

00000 - тауарларды қайта өндеудің шарттары туралы міндetteme қабылдаған кеден органының коды;

00000 - айы, күні, жылышының соңғы саны;

000 - кеден органының тіркеу журналына сәйкес міндettеменің реттік нөмірі.

Қазақстан Республикасының  
кедендейк аумағында тауарларды  
қайта өндеу кедендейк режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

# **Қайта өндеу шарттары туралы міндеттемені тіркеу журналы**

N Мәлімдеуші- Қайта өндеу СЭК ТН СЭК ТН Кері Ескерт.  
р/б кәсіпорынның шартының бойынша бойынша әкету пелер  
атауы күні мен тауардың қайта өндеу мерзімі  
нөмірі коды өнімдерінің  
к о д ы

---

---

---

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 08 ақпан  
бекітілген

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандагы  
N 46 бұйрығы мен

## **Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндеуде кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндеуде кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленді және кеден бақылауымен тауарларды қайта өндеуде кеден режимін пайдаланудың ерекшеліктерін анықтайды.

2. Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндеуде кеден режимін кедендей кесімдеу және тауарларды кедендей бақылау Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы тауарларды өндеуде кеден режимінде белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Кеден ісі туралы заңының 62-бабына сәйкес кеден бақылауымен тауарларды өндеуде кеден режимін пайдалану режимінің басқа да шарттары сақталған жағдайда, төмендегідей жағдайларда рұқсат етіледі:

- 1) қайта өндеу үшін тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағына өндеу операцияларын тіkelей жүзеге асыратын тұлғамен әкелінеді;
- 2) қайта өндеу операциялары өндеу жасалынуы тиіс кәсіпорындағы

қарапайым технологиялық процестерге сәйкес келеді.

4. Кеден ісі туралы заңының 62-бабында белгіленген алты айдан артық қайта өндеудің мерзімін ұзартуға жол берілмейді.

## **2. Қайта өндеу шарттары туралы міндеттемелерді ресімдеудің тәртібі**

5. Кеден ісі туралы заңының 62-бабына сәйкес кеден бақылауымен тауарларды өндеу үшін кеден органдарына өндеудің шарттары туралы міндеттемелерді беру қажет.

6. Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемені тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізетін кедендік органға өндеуді жүзеге асыруши тұлға осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көзделген нысанда тапсырады. Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттеме екі данада толтырылады, оның бір данасы кеден органына тапсырылады және өндеуді жүзеге асыруши тұлғаның мөрімен расталады, екінші дана өндеуді жүзеге асыруши тұлғаның қолында қалады.

Қайта өндеудің шарттары туралы міндеттемемен құжаттар қоса беріледі, олардың негізінде қайта өндеудің мерзімдері және қайта өндеу өнімінің шығу көлемі анықталады (тауарларды қайта өндеу жөніндегі шарт, кәсіпорынның қолданылып жүрген технологиялық құжаттамасы және басқалар).

Тауарларды өндеудің шарттары туралы міндеттемеге журналға сәйкес тіркеу нөмірі беріледі. Міндеттемелерді тіркеу журналын осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша жүргізеді.

## **3. Кеден баждары мен салықтарды төлеудің ерекшеліктері**

7. Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндеудің кедендік режимімен орналастыратын шетелдік тауарларға ішке тасудың кедендік баждары және салықтар салынбайды. Аталған тауарларға тарифтік емес реттеудің шаралары қолданылмайды.

8. Шетелдік тауарларды қайта өндеудің өнімдері сыртқа шығарудың кедендік баждарынан босатылады. Аталған өнімдерге тарифтік емес реттеудің шаралары қолданылмайды.

9. Кеден ісі туралы заңының 63-1-бабына сәйкес шетелдік тауарларды немесе оларды қайта өндеудің өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы еркін айналысқа жіберу кезінде, ішке тасудың кедендік баждарының және салықтардың сомалары төленеді. Ішке тасудың кедендік баждарының және салықтардың ставкалары әкелінген тауарларды қайта өндеуге қатысты қайта өндеудің өнімдеріне немесе әкелінген тауарларға қолданылады.

Бұл ретте, аталған сомалар төленген күні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселік мөлшерінде өсіммен есептеу жүргізіледі. Өсім ішке тасудың кедендік баждарын және салықтарды төлеу күнін қоса алғанда, тауарлардың қайта өндөудің кедендік режимінде болуының уақытына есептеледі.

#### **4. Кеден зандары талаптарының сақталуын бақылау**

10. Тауарларды қайта өндөу кезіндегі кеден зандары талаптарының сақталуын бақылауды қайта өндөу мақсатында тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органы жүзеге асырады.

11. Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндөудің кедендік режимін пайдалану кезінде кеден зандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының кеден органдары Кеден ісі туралы заңының 209-бабына сәйкес тауарларды қайта өндөумен шұғылданатын тұлғалардың қаржылық және сыртқы экономикалық іс-әрекетін тексерे алады.

#### **5. Қорытынды ережелер**

12. Кеден бақылауымен тауарларды қайта өндөудің кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына көзделген жауапкершілік тартылады.

Кеден бақылауымен  
тауарларды қайта өндөуде  
кеден режимін қолдану  
жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

---

(кеден органының атауы)  
Кеден бақылауымен тауарларды өндөудің кеден режимінде ресімделген тауарларды қайта өндөудің шарттары туралы міндеттеме

(қайта өндөуді жүзеге асыруышы тұлға)  
сәйкес  
(қайта өндөу жөніндегі шарттың күні және нөмірі)

---

тауарларды қайта өндөуге міндеттенеді.

(Сыртқы экономикалық іс-әрекеттің тауарлық тізбесіне сәйкес

тауарлардың атаулары және оларды саралау коды) қайта өндеу өнімін  
алу мақсатында

(Сыртқы экономикалық іс-әрекеттің тауарлық тізбесіне сәйкес қайта өндеу өнімдерінің атаулары және оларды саралау коды) кәсіпорында

(өндеуші кәсіпорынның атауы, мекен-жайы)

мынадай шарттар сақтала отырып:

қайта өндеу мерзімі

қайта өндеу өнімдерінің шығу саны

қайта өндеу өнімдерінің шығу нормасы

қайта өндеу мерзімі:

20\_\_\_ жылғы 20\_\_\_ жылғы дейін ерекше  
б е л г і л е р

қайта өндеуді жүзеге асырушы тұлға басшысының аты-жөні,

----- ( қ о л ы )

(кеден органының лауазымды тұлғасының қолы)

Міндеттемелер нөмірін кеден органының лауазымды тұлғасы береді және мынадай түрде қалыптасады:

0 0 0 0 0 / 0 0 0 0 0 / 0 0 0 онда:

00000 - қайта өндеу шарттары туралы міндеттемені қабылдаған

кеден органының коды;

00000 - күн, ай, жылдың соңғы саны;

000 - Міндеттемелердің реттік нөмірі, кеден органының тіркеу журналына сәйкес.

Кеден бақылаумен

тауарларды қайта өндеуде

кеден режимін қолдану

жөніндегі нұсқаулыққа

2-қосымша

# **Қайта өндеу шарттары туралы міндеттемелерді тіркеу журналы**

N Өтініш Қайта өндеу СЭІЭТТ СЭІЭТТ Режимнің Ескерту  
р/с беруші жөніндегі бойынша бойынша аяқталу  
кәсіпорын. шарттың күні тауардың қайта өндеу күні  
ның атаяуы және нөмірі коды өнімдерінің

к о д ы

---

---

---

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы

Қазақстан  
Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігі

Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпанды  
N 46 бұйрығы мен

бекітілген

## **Тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкетуге кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкетудің кеден режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң ) Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының кеден аумағында немесе одан тысқары жерде тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкету кеден режимінде тауарларды кеден бажынан, салықтарынан толық немесе ішінана босата отырып және тарифсіз реттеу шараларын қолданбай пайдалану үшін арналған тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібін айқындаиды .

2. Уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлар, табиғи тозуы не тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында кемуі салдарынан өзгеруін қоспағанда өзгеріссіз күйінде қайтарылуға тиіс.

3. Уақытша әкелінбейтін және уақытша әкетілмейтін тауарлар тізбесін

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды.

4. Тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкетудің кеден режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағында уақытша пайдалануға арналған шетелдік тауарлар немесе Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегінде уақытша пайдалануға арналған отандық тауарлар орын алуды мүмкін.

## 2. Кедендейк ресімдеу

5. Тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкетудің кеден режимінде әкеліп және әкетіп жүрген тұлғаның тауарлары Қазақстан Республикасының кеден зандарына сәйкес декларациялауға жатады. Бұл ретте, тұлға Қазақстан Республикасына уақытша әкелген тауарларды кері әкететіні туралы, немесе Қазақстан Республикасынан уақытша әкетілген тауарларды кері әкелетіні туралы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша толтырылған міндеттемені кеден органына беруі тиіс.

6. Уақытша әкелу немесе уақытша әкетудің мерзімін тауарларды уақытша әкелуді немесе әкетуді жүзеге асырған тұлға айқындауды, алайда ол тауарларды әкелген немесе әкеткен күннен бастап санағанда екі жылдан аспауды тиіс және декларант бұл туралы жүк кеден декларациясының 44-бағанындағы 8-санының астында көрсетеді.

Шетел дипломатиялық немесе соларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық жеке құрамының, солармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, оларды Қазақстан Республикасында аккредитациялау мерзімі аяқталғанша, жеке пайдалануы үшін әкелінген тауарларын Қазақстан Республикасына уақытша әкелуге рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг заттарын уақытша әкелу мен уақытша әкету мерзімі лизинг шартына сәйкес бекітіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг заттарын уақытша әкелу мен уақытша әкетудің мерзімдерін өзгертуді Қазақстан Республикасының кеден органдары, лизинг шартына енгізіліп ұсынылған өзгертулердің негізінде лизинг заттарын уақытша әкелген және уақытша әкеткен тұлға жүгінген кезде іске асырады.

7. Уақытша әкелудің (әкетудің) тиісті мерзімдерін сақтаууды кеден органдары іске асырады және уақытша әкелудің (әкетудің) мәлімделген мерзімдері аяқталуына дейін кем дегенде қырық күннен кешіктірмей тауарды уақытша әкелген (әкеткен) тұлғаны тауарларды белгіленген мерзімде әкету (әкелу) немесе өзге кеден режиміне мәлімдеудің қажеттілігі туралы хабардар етеді.

8. Тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) белгіленген мерзімдерін шектеулі мерзім (2-жылға дейін) шегінде ұзартуды осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

Тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шектеулі мерзімдерін (2-жылдан астам) ұзарту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) рұқсатымен жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзімдерді ұзарту, құжатпен расталған (өндірістік, инвестициялық және басқа да) мақсаттардан шыға отырып және осы Нұсқаулықтың 8-тармағында белгіленген тәртіpte тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) мән-жайына қарай отырып жүзеге асырылады.

Уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімдерін ұзартқан кезде жаңа жүк кеден декларациясы ресімделмейді, әкелудің (әкетудің) ұзартылған мерзімдері тауарларды уақытша әкелу және уақытша әкету кеден режимінде бұрынғы ресімделген жүк кеден декларациясының бірінші және үшінші данасының келесі бетінде көрсетіледі және аталған кеден режимінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруши кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрімен расталады.

Кеден режимінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруши кеден органы бастығының рұқсатымен тауарларды ұқсастыру және бар болуы мен күйінің өзгермегенін растау мақсаттары үшін түсірілген уақыты көрсетілген фотосуреттерді, бейне материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі.

9. Кеден комитетінен уақытша әкелудің (әкетудің) шектеулі мерзімдерін ұзартуға рұқсат алу үшін тауарларды уақытша әкеліп (әкетіп) жүрген тұлға Кеден комитетіне тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шектеулі мерзімдері аяқталғанға дейін кем дегенде 30 күннен кешіктірмей, мерзімдерді ұзарту туралы еркін нысанда толтырылған өтініш беруі тиіс және сонымен бірге кеден режимінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруши кеден органына өтініштің көшірмесін жөнелтеді.

Тауарды уақытша әкелген тұлғаның өтінішін алған сәттен бастап, кеден органы бес күн ішінде өтінішті қарайды және қорытындысын осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кеден комитетіне жөнелтеді.

Тұлға өтінішпен бірге:

- 1) кеден органы растаған жүк кеден декларациясының көшірмесін;
- 2) осы тауарға иелену және пайдалану құқығы бар екені тиісті түрде анықталған шарт, келісім-шарт немесе өзге құжатты беруі тиіс.

Тауарларды уақытша әкету мерзімдерін ұзарту үшін тұлға осы тармақтың 1) және 2)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша уақытша әкетілген тауардың өзгермеген күйі туралы шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері берген растауды ұсынады.

10. Кеден ережелерін бұзу туралы іс қозғалған жағдайларда, уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімдерін ұзарту туралы өтініш, тек қана Кеден органына сот шешімінің көшірмесі немесе кеден ережелерін бұзу туралы іс жөнінде кеден органы шығарған шешімнің көшірмесін ұсына отырып кеден ережелерін бұзу туралы іс қаралғаннан кейін қаралады.

11. Өтінішті қарау мерзімі, осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды беру шартымен, оны Кеден комитетіне берген күннен бастап санағанда 15 күннен аспауы тиіс.

### **3. Уақытша әкелінген (әкетілген) тауарларды кедендік бақылаудың тәртібі**

12. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды уақытша әкелу (әкету) кеден режимінде тауарларды алып өткен кезде заң талаптарының сақталуын, сонымен қатар кезеңдік баждар мен салықтар сомасының нақты түскенін бақылауды, оларға кедендік ресімдеу жүргізген кеден орғаны жүзеге асырады.

13. Уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының қызмет аймағынан басқа кеден органының қызмет аймағына үш ай немесе одан да көп мерзімге ауыстырған кезде, тауарды уақытша әкелген тұлға тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген кеден органын, тауарды басқа кеден органының қызмет аймағына әкететіні туралы хабардар етеді.

Хабарлама еркін нысанмен жазбаша түрде уақытша әкелу кеден режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асырған кеден органының қызмет аймағынан тысқары жерде тауарлардың тағайындалған орны мен болу мерзімі көрсетіліп жүргізіледі. Осылан ұқсас хабарлама қызмет аймағында уақытша әкелінген тауарларды алып өту жүргізілген кеден органына беріледі. Бұл ретте, тауарды уақытша әкелген тұлға растиған уақытша әкелу кеден режимінде тауарларға кедендік ресімдеу үшін негіз болған құжаттардың (жүк кеден декларациясы, келісім-шарт, келісім немесе тауарларды иелену және пайдалану құқығы анықталған өзге құжаттардың) көшірмелерін қоса береді.

14. Тауарларды уақытша әкелген тұлға, оларды әкету мерзімін ұзарту туралы жүгінген жағдайда, қызмет аймағында осы тауар бар кеден органы тауарға тексеру жүргізеді және осы Нұсқаулықпен белгіленген нысандағы қорытындысын береді. Көрсетілген қорытындының көшірмесі де осындай сияқты уақытша әкелу кеден режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асырушы кеден орғанына жөнелтіледі.

15. Тауарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерге кері әкетуді кедендік ресімдеу тауарларды уақытша әкелген тұлғаның қалауы бойынша тауарлар

тұрған жердегі кеден органында жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте, уақытша әкелу кеден режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруши кеден органы уақытша әкелінген тауарларға қатысты кеден баждары мен салықтары бойынша берешектің бар-жоғын тексереді және тауарды уақытша әкелген тұлғаға тиісті

растай қағазын беруге тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерге көрі әкетудің кедендік ресімдеуін жүргізген кеден органы, кедендік ресімдеу және тауарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерге нақты әкету аяқталғаннан кейін, осы режимнің сақталуын бақылауды жүзеге асыруши кеден органына уақытша әкелінген тауарларды бақылаудан алу үшін негіз болып табылатын жүк кеден декларациясының көшірмесін жөнелтеді.

16. Уақытша әкелінген тауарларға иелену және пайдалану құқығы берілген кезде, тиісті құқық алған тұлға қайтадан жасалған келісім-шарт (шарттар), қабылдап алу-беру актісі, тауар иесінің жазбаша хабарламасы және өзге де құжаттар негізінде жаңа жүк кеден декларациясын табыс етеді. Мұндай жағдайда, жүк кеден декларациясын ресімдеу үшін кеден алымдары алынады, ал тұлға төлеген кезеңді кеден баждары мен салықтары бұрын осы тауарларды иеленген және пайдаланған тұлғаға қайтарылмайды, қайта осы тауарларды еркін айналысқа шығарған жағдайда төленуге жататын кеден баждары мен салықтарының сомасына есептеледі.

Жаңа жүк кеден декларациясын ресімдеуді, ресімдеу сәтінде қызмет аймағында тауарлар мен көлік құралдары тұрған кеден органында кеден зандарына сәйкес уақытша әкелінген тауарларды иелену мен пайдалану құқығы ауысқан тұлға жүргізеді. Уақытша әкелінген тауарларға және қажетті төлем құжаттарын беруге қатысты кеден баждары мен салықтары бойынша берешектің жоқ екені туралы уақытша әкелінген тауарларға кеден режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруши кеден органының растамасы осындай ресімдеудің міндетті шарты болып табылады.

Жаңа жүк кеден декларациясына ресімдеу жүргізген кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын бақылаудан алу үшін, осы кеден режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруши кеден органына оның көшірмесін жөнелтеді.

17. Кеден ісі туралы Заңның 69-бабына сәйкес тауарларды уақытша әкелу және уақытша әкету кеден режимін басқа кеден режиміне өзгертуге рұқсат етіледі. Мұндай өзгертуге мәлімделген кеден режиміне қойылатын талаптар сақталған кезде тауарларды әкетудің (әкелудің) белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін рұқсат етіледі.

#### **4. Кеден төлемдері мен салықтарын есептеу және өндіріп алу тәртібі**

18. Кеден ісі туралы Заңның 68-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі кеден баждары мен салықтарын салудан толық босатылатын уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекітеді.

Өзге тауарларға қатысты кеден баждары мен салықтарын салудан ішінара босату кеден ісі туралы Заңның 68-бабына сәйкес қолданылады. Бұл ретте, әрбір толық және толық емес айлар үшін, егер тауарлар еркін айналысқа шығарылса немесе экспортталатын болса төленуге жататын соманың үш пайызы төленеді, бұл ретте, қосымша құнға салынатын кеден баждары мен салықтары бойынша дәйекті төлемнің сомасы бөлек есептелінеді.

Уақытша әкелінген немесе уақытша әкетілген кезде ішінара босатыла отырып алынатын кеден баждары мен салықтарының жалпы сомасы, егер тауарларды еркін айналысқа немесе экспортқа шығарылған болса, әкелінген немесе әкетілген сәтінде төленуге жататын кеден баждары мен салықтарының сомасынан аспауы тиіс.

Егер көрсетілген сомалар тепе-тең болған жағдайда, осы тауарға қатысты тарифсіз реттеу шараларын қолданбау шарты кезінде тауарлар еркін айналым немесе экспорт үшін шыққан деп есептеледі.

19. Кеден баждары мен салықтарын төлеу мынадай ерекшеліктер ескеріліп жүзеге асырылады:

1) кері әкету (әкелу) мерзімдерін ұзартқан жағдайда, кеден баждарының, салықтарының ставкалары мен тауарларды уақытша әкелу мен әкетудің мәлімделген кеден режимімен жүк кеден декларациясын қабылдаған күні қолданыста болған шетел валютасының бағамы қолданылады;

2) кезеңді кеден баждары мен салықтарының есептелген сомалары әрбір келесі айға немесе декларанттың қалауы бойынша неғұрлым көбірек кезеңіне аладын ала төленеді;

3) кезеңді кеден баждары мен салықтарының төленген сомалары кері әкеткен (әкелген) кезде болмаса өзге кеден режиміне мәлімделген кезде, уақытша әкелінген тауарларды кейінірек еркін айналысқа шығару кеден режиміне мәлімдеу жағдайларын қоспағанда қайтарылмайды. Бұл жағдайда:

кезеңді кеден баждары мен салықтарының төленген сомалары тауарларды еркін айналысқа шығару үшін тауарларды шығарылған тауарлардың кеден режиміне орналастырылуына байланысты төленуге тиісті кеден баждары мен салықтарының сомасына есептеледі;

кеден баждарының, салықтарының ставкалары мен тауарларды еркін айналысқа шығару кеден режиміне мәлімдеумен жүк кеден декларациясын

қабылдаған күні қолданыста болған шетел валютасының бағамы қолданылады;

тауарлардың кедендейкі құны тауарларды уақытша әкелу/әкету кедендейк режиміне орналастырған күннен бастап анықталады.

Тауарларды уақытша әкелу/әкету мерзімдерін ұзартқан кезде кедендейк ресімдеу үшін кеден алымдары алынбайды.

## **5. Жеке тұлғалардың оңайлатылған тәртіпті қолдана отырып тауарларды уақытша әкелуі (әкетуі)**

20. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткен кезде, осы тұлғаларға тауарларды декларациялаудың оңайлатылған тәртібін қолданумен Қазақстан Республикасының аумағында (уақытша болған елде) жеке пайдалануы үшін қажетті уақытша әкелген (әкеткен тауарларды жеке тұлғалар өзімен бірге) тауарларын әкеле (әкете), сондай-ақ кері әкете (әкеле) алады.

Қазақстан Республикасының аумағында (уақытша болған елде) жеке пайдалануы үшін қажетті тауарлар ретінде, сипаты мен болу ұзақтылығына қарай мынадай тауарлар қаралады:

жеке басының күнделікті тұрмысында қолданылатын заттар (киім, аяқ киім, қымбат металдардан, асыл тастардан, маржаннан жасалған зергерлік бұйымдар);

музыкалық аспаптар, аудиотехника, бейнетехника, сондай-ақ жеке пайдалануы үшін кез-келген жұмсалмайтын тауарлар мен заттар.

Тауарлар жаңа қалпында да, қолданылған қалпында да болуы мүмкін.

Жеке пайдалануындағы автокөлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарымен келісілген Кеден комитетінің жекелеген нормативтік құқықтық актілері белгілеген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

21. Тауарларды декларациялаудың оңайлатылған тәртібі Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарлар туралы мәліметтерді біртұтас жолаушы декларациясында жазбаша мәлімдеуді білдіреді.

22. Декларациялаудың оңайлатылған тәртібін қолданып тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында тек қана Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын орны бар жеке тұлғалар уақытша әкеле алады, ал Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын орны бар жеке тұлғалар - көрсетілген тәртіpte уақытша әкете алады.

23. Мәлімдеудің оңайлатылған тәртібін қолдана отырып, уақытша әкелінген (әкетілген) тауарларды иеліктен шығаруға, пайдалануға беру, басқа адамның еркіне немесе иелігіне беруге болмайды.

## **6. Қорытынды ережелер**

24. Тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкетудің кеден режиміндегі талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген жауапкершілікке тартылады.

Тауарларды            уақытша            әкелу  
және            уақытша            әкетудің  
кеден            режимін            қолдану            жөніндегі  
Нұсқаулыққа 1-қосымша

### **Тауарларды көрі әкету/әкелу туралы** **МІНДЕТТЕМЕ**

(көрексізін сыйып таста)

---

(уақытша әкету/әкелу режимін мәлімдеген тұлғаның атауы)  
200\_ жылдың "\_\_\_" дейінгі мерзімде

---

(тауарлардың ұқсастығын білдіретін айырмашылық

---

белгілері көрсетілген тауарлардың атаулары)

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерге әкетуге, Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуге міндеттенеді (көрегін көрсетілсін).

Кеден заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы ескертілді.

Бастықтың мөрімен расталған қолы (заңды тұлғалар үшін), жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні мен нөмірі көрсетіледі:

---

Тауарларды            уақытша            әкелу  
мен            уақытша            әкетудің            кеден  
режимін            қолдану            жөніндегі  
Нұсқаулыққа 2-қосымша

---

(кеден органының атауы)

**әкелінген тауардың бар болуы мен өзгөрмеген күйі туралы**

"  " N  
**ҚОРЫТЫНДЫ**

N ЖКД-сы бойынша

(мәлімдеушінің атауы)

1. Кеден ережелерін бұзғаны туралы іс жөнінде шығарылған  
қаулының мазмұны:

(егер шығарылған болса, көрсетіледі)

2. Ұзартуды ҚР орталық кеден органы жүзеге асырды:

(құжаттың шығыс нөмірі мен күні)

3. Кеден органының қорытындысы:

Инспектордың қолы мен фамилиясы, жеке нөмірлі мөртабанымен  
расталады:

Кеден органы бастығының қолы мен фамилиясы, кеден органының мөрімен  
расталады:

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлі

2001 жылғы 08 ақпан

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпандагы

N 46 бұйрығы мен

бекітілген

**Еркін кеден аймағы кедендік режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Еркін кеден аймағы кедендік режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы зан) сәйкес әзірленді және еркін кеден аймағы (бұдан әрі - ЕКА) кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуудің және кедендік

бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

2. Кеден ісі туралы заңның 71-бабына сәйкес еркін кеден аймағы кедендік режимі - шетелдік тауарлар кедендік баждар, салықтар алынбастан және тарифсіз реттеу шаралары қолданылмасстан тиісті аумақтық шекараларда орналастырылатын және пайдаланылатын, отандық тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетуге қолданылатын шарттарда орналастырылатын және пайдаланылатын кедендік режим.

3. Кеден ісі туралы заңның 3-бабына сәйкес еркін кеден аймағының шектері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады.

## **2. Тауарларды ЕКА кедендік режимімен орналастырудың шарттары**

4. Кеден ісі туралы заңның 73-1-бабына сәйкес ЕКА-на қайта өндеу үшін арналған тауарларды, сондай-ақ жабдықтарды орналастыруға жол беріледі.

Арнайы экономикалық аймақтар аумағына ЕКА кедендік режимімен тауарларды қайта өндеуге жеткілікті өлшемдерге сәйкес қайта өндеу үшін арналған тауарларды (спиртті қоспағанда), сондай-ақ жабдықтарды орналастыруға жол беріледі. Тауарларды қайта өндеуге жеткілікті өлшемдер Кеден ісі туралы заңның 142-бабына сәйкес айқындалады.

5. Еркін кеден аймақтарында Кеден ісі туралы заңның 74-бабына сәйкес тауарлармен операциялар жасауға рұқсат етіледі.

6. Еркін кеден аймағының немесе арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуі жағдайында тауарлар еркін кеден аймағында ЕКА кедендік режимімен шектеусіз мерзімде бола алады.

Еркін кеден аймағы немесе арнайы экономикалық аймақ таратылған кезде тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес басқа кеден режиміне қайта ресімдеуге жатады.

7. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған тауарлардың орнын ауыстыру тиісті аумақтық шектермен шектеледі.

## **3. Тауарларды кедендік ресімдеу**

### **8. Кедендік ресімдеуге:**

ЕКА кедендік режимімен әкелінетін және орналастырылатын;

ЕКА кедендік режиміне мәлімделген және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетілетін;

ЕКА кедендік режиміне мәлімделген және кедендік режимнің өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігіне

**әкетілетін шетелдік тауарлар жатады.**

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еркін кеден аймағының немесе арнайы экономикалық аймақтың аумағында тіркелген тұлғаларға тауарларды ЕКА кедендік режимімен орналастыруға рұқсат етіледі.

Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген тауарлар кеден органына:

**жұк кеден декларациясын;**

қайта өндіреудің тауарларды қайта өндіреү үшін жеткілікті өлшемдерге сәйкестігін растайтын құжаттарды (технологиялық құжаттамалар, сипаттамалар, сызбалар, схемалар және с.с.);

жұк кедендік декларацияның, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне белгіленген талаптарға сәйкес айқындалған өзге де құжаттарды ұсыну жолымен декларациялауға жатады.

10. Еркін кеден аймағы кедендік режимі өзге кедендік режимге өзгерген жағдайда шетелдік тауарларды кедендік ресімдеу, тарифсіз реттеу шаралардың қолдану, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу таңдап алынған кедендік режимнің шарттары мен талаптарына сәйкес жүргізіледі.

11. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған шетелдік тауарлар Қазақстан Республикасынан ты斯қары жерлерге кері экспорт кедендік режиміне сәйкес әкетіледі. Накты әкетуге бақылау кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуғе белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4. Кеден баждары мен салықтарын төлеудің ерекшеліктері**

12. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын шетелдік тауарларды әкелу кезінде кеден баждары мен салықтары алынбайды.

13. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған тауарларды еркін кеден аймағының аумағынан Қазақстан Республикасынан ты斯қары жерлерге әкету кезінде :

**шетелдік;**

**еркін кеден аймағы аумағында өндірілген;**

**еркін кеден аймағы аумағында қайта өндіреуге ұшыраған тауарларға кеден баждары қолданылмайды.**

Тауарлардың еркін кеден аймағы аумағынан шыққандығы шығу тегі сертификатымен куәланырылады. Сертификат болмаған жағдайда тауар:

**Қазақстан Республикасынан ты斯қары жерлерге әкету кезінде - отандық ретінде әкету кеден баждарын алу мақсатында;**

**Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөліктеріне әкелу кезінде - шетелдік ретінде әкелу кеден баждарын алу мақсатында қарастырылады**

## **5. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларға кедендік бақылау**

14. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларға кедендік бақылау тауар ЕКА кедендік режимімен орналастырылған сәттен бастап жүзеге асырылады және тауарды өзге кедендік режиммен орналастырған жағдайда не тауарларды қайта өндөудің жеткілікті өлшемдеріне сәйкес тауарларды қайта өндөу жөніндегі операциялар жүзеге асырылғаннан кейін аяқталады.

Өзге кедендік режимдерге мәлімделген тауарларды одан әрі кедендік бақылау таңдал алынған кедендік режимнің шарттары мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған тауарларды кедендік ресімдеу, оларды кедендік қоймадан, еркін қоймадан басқа, өзге кедендік режимде мәлімдеген кезде, мұндай тауарларды ЕКА кедендік режимінде кедендік ресімдеу жүргізілген кеден органында жүзеге асырылады.

Егер бұрын ЕКА кедендік режимінде ресімделген тауарлар өзге кеден органының қызмет аймағында орналасқан кедендік қойма, еркін қойма кедендік режимімен мәлімделген жағдайда, онда мұндай тауарларды таңдал алынған кедендік режимге сәйкес кедендік ресімдеу қызмет аймағында кеден қоймалары немесе еркін қоймалары бар кеден органында жүргізіледі. Бұл ретте, тауарлардың өткізу кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Бұрын ЕКА кедендік режимімен орналастырылған тауарларды бақылаудан алу үшін :

кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының кедендік ресімдегені туралы жазбаша құлақтандыруы;

кеден қоймасының немесе еркін қойманың кедендік режиміне сәйкес ресімделген, лауазымды адамның жеке нөмірлі мөрімен расталған жүктік кеден декларациясының көшірмесі негізде болып табылады.

16. Уақытша әкелудің, кеден қоймасының, еркін қойманың кедендік режиміне сәйкес еркін кеден аймағы аумағына әкелінген тауарлар осы Нұсқаулықтың 2-тaraуына сәйкес ЕКА кедендік режиміне мәлімделуі мүмкін.

## **6. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды есепке алу мен есебін жүргізу үшін тәртібі**

17. Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары кедендік бақылаудың барлық нысандарын қолдануға, сондай-ақ белгіленген кестеден тыс есептер ұсынууды талап етуге

құқылы. Бұл жағдайда есепті кеден органы бастығының жазбаша талап етуі үсынылған күннен бастап жеті күннің ішінде ЕКА кедендік режимін мәлімдеген тұлғалар

ұсны

тиіс.

18. ЕКА кедендік режимін мәлімдеген адам тауарлардың есебін жүргізеді және кеден органдарына олар туралы есеп береді. Тауарлармен болған кез-келген өзгерістер есеп құжаттарында көрсетілуі тиіс. Есеп берудің нысанын қызмет аймағында ЕКА құрылған кеден органы белгілейді. Есеп есептіден кейінгі тоқсаның 10-на дейін тоқсан сайын беріледі.

ЕКА кедендік режимінде мәлімделген тауарлар билігіндегі адамдар Қазақстан Республикасының кеден органына есебін ұсынбағаны және тауарларды есепке алушы жүргізуін тәртібін орындағаны үшін жауаптылықта болады.

## 7. Қорытынды ережелер

19. Еркін кеден аймағы кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 08 ақпан

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпандығы

N 46 бұйрығы мен

бекітілген

## Еркін қойма кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Еркін қойма кедендік режимін қолдану жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және еркін қойма кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың тәртібін және еркін қойманы құру тәртібін айқындаиды.

Кеден ісі туралы заңның 71-бабына сәйкес еркін қойма кедендік режимі - бұл шетелдік тауарлардан кедендік баждар, салықтар алынбай және тарифсіз реттеудің шаралары қолданылмай тиісті үй-жайларда (орындарда) орналастырылатын және пайдаланылатын, отандық тауарлар Кеден ісі туралы заңда айқындалған тәртіппен экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетуге қолданылатын шарттармен орналастырылатын және пайдаланылатын кедендік р е ж и м .

2. Еркін қоймаға қайта өндеу үшін арналған (спирттен басқа) тауарларды және жабдықтарды орналастыруға рұқсат етіледі.

3. Еркін қойма - бұл еркін қойма кедендік режиміне сәйкес оған тауарларды орналастыру үшін арнайы арналған қойма.

4. Еркін қоймалар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) лицензиясын алғаннан кейін құрылады.

5. Кеден ісі туралы заңның З-бабына сәйкес еркін қоймалардың шектері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады.

6. Еркін қойманың аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады.

7. Тауарлар еркін қоймаларда, тауарлар мен көлік құралдарын еркін қойманың уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын бөлігінде уақытша сақтау жағдайларынан басқа, шектеусіз мерзімде бола алады.

Тауарлар мен көлік құралдарын еркін қоймаларда уақытша сақтау мерзімі Кеден ісі туралы заңның 179-бабына сәйкес айқындалады.

8. Еркін қойма кедендік режимімен орналастырылған шетелдік тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге кері экспорт кедендік режиміне сәйкес әкетіледі. Нақты әкетілуге бақылау кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

## **2. Еркін қоймалардың жайғастырылуы мен жабдықталуына және олардың иелеріне қойылатын талаптар**

9. Еркін қоймалардың жайғастырылуы мен жабдықталуына қойылатын талаптар қажеттілік және жеткіліктілік өлшеміне байланысты еркін қойма кедендік режимімен орналастырылған тауарларға кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

10. Еркін қойманы құруға арналған үй-жай немесе орын өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық және техникалық қалып талаптарына сәйкес болуы, сондай-ақ келесі талаптарға жауап беруі керек:

1) жайғастырылу мен жабдықталу мынадай:

еркін қоймадан тауарлардың кеден бақылауынсыз орналастырылуы мен алынуы;

қойманың аумағына орнатылған өткізу пункттерінен тыс (өткізу пункттерінің саны мен өткізу режимі, қойманың жұмыс істеу ерекшеліктерін ала отырып, еркін қойманың иесімен белгіленеді) адамдарды өткізу мүмкіндіктерін болжауы тиіс;

2) аумақ барлық шегі бойынша белгіленген және қоршалған болуы керек.

Еркін қойманы құруға арналған үй-жай немесе орын қосарлас, оның бірі қызмет аймағында осында үй-жайы немесе орыны бар кеден органының

қарауында болатын, бекіту құрылғылармен жабдықталуы керек.

Еркін қойма кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, сәйкесінше үй-жайлар немесе орындардың иелерімен кеден органдары қызметкерлері үшін қажетті қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар, жабдықтар және байланыс құралдары ұсынылуы қажет.

11. Уақытша сақтау орыны ретінде пайдаланылатын еркін қойманың бөлігі уақытша сақтау орындарына қойылатын белгіленген міндettі талаптарға сәйкес к е л у і к е р е к .

12. Еркін қоймалар олардың жұмыс жасауының барлық мерзімі бойына белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

13. Еркін қоймалар иелерінің міндettтері Кеден ісі туралы заңның 78-бабымен айқындалады.

### **3. Еркін қоймаға орналастырған кезде тауарларды кедендік ресімдеу**

14. Еркін қойманың бөлігін уақытша сақтау орны деп таныған жағдайда, қойманың тиісті бөлігіне уақытша сақтау процедурасына сәйкес оларды уақытша сақтау мақсатында тауарлар орналастырыла алады.

Еркін қоймаға шетел тауарларын орналастыру жүктік кедендік декларация негізінде жүзеге асырылады.

15. Отандық тауарларды еркін қоймаларға орналастыру, сондай-ақ отандық тауарларды еркін қоймалардан шығару кеден органдарына тауарларға ілеспе құжаттарды ұсыну жолымен оңайлатылған нысан бойынша жүргізіледі. Кедендік ресімдеуді жүргіzetін кеден органының лауазымды адамы тауарларға ілеспе құжаттарда есепке алу кітабы бойынша тіркеу нөмірін көрсетеді және оны қолымен және жеке нөмірлі мөрімен куәландырады.

16. Еркін қойма еркін қойма кедендік режимі бойынша орналастырылатын тауарларға кедендік ресімдеуді жүргіzetін орын болуы мүмкін.

17. Тауарлардың еркін қойма кедендік режимінде кедендік ресімделуінен соң уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылған еркін қойманың жекеленген бөлігіндегі тауарлар еркін қойманың қалған бөлігіне орын ауыстыруға жатады.

18. Уақытша сақтау орынындағы (еркін қоймадан басқа) уақытша сақтаудағы тауарларды еркін қоймаға орналастыру мақсатында орнын ауыстыру еркін қойма кедендік режиміне сәйкес ресімделген жүктік кедендік декларацияның негізінде жүргізіледі.

19. Отандық тауарларды еркін қойма аумағынан Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде кедендік ресімдеу кеден

органына тауарға ілеспе құжаттарды ұсыну жолымен оңайлатылған нысан  
б о й ы н ш а ж ү р ғ і з і л е д і .

20. Еркін қоймадан тауарларды әкету кезінде қойманың иесі мұндай ниеті туралы кеден органын алдын-ала құлақтандыруға міндетті. Құлақтандыруды беру мерзімі кеден органымен Кеден ісі туралы заңын 164-бабына сәйкес белгіленеді.

#### **4. Еркін қоймалардағы тауарлармен жүргізілетін операциялар**

21. Тауарлардың еркін қойма кедендік режимінде кедендік ресімделуінен соң, еркін қоймада орналастырылған тауарлармен мынадай:

1) тауарлардың мұлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету бойынша:

т а з а р т у ;

ж е л д е т і п а л у ;

кептіру (соның ішінде жылу ағынын жасаумен);  
сақтаудың үйлесімді температуралық режимін құру (салқыннату, мұздату,  
ы с ы т у ) ;

корғайтын орамға орналастыру;

корғаныш майлары мен консерванттарын жағу;

тот басудан корғау үшін бояу;

сақтандырғыш қосындыларды енгізу;

коррозияға қарсы қаптама жағу;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау бойынша:

п а р т и я л а р д ы ყ с а қ т а у ;

жөнелтілімдерді қалыптастыру;

с о р т т а у ;

о р а у ;

қ а й т а о р а у ;

м а р к і л е у ;

тиеу, түсіру қайта тиеу;

іріктеуге дейінге немесе жұмыс жағдайына келтіруге байланысты қарапайым  
о п е р а ц и я л а р ;

тауарларды қойманың ішінде рационалды орналастыру мақсатында ауыстыру  
;

демонстрациялық қабырғаларда тауарларды орналастыру;

т е с т і л е у ;

3) қайта өндеу жөніндегі операциялар:

монтаждау, жинау және қыстырып келтіру қоса алған кезде әкелінген

тауардың негізгі сипаты сақталатын басқа тауарды дайындау (қайта өндеу);

тегінде тауарларды қайта өндеу кезінде шетелдік тауарлар, идентификация қайта өндеудің міндettі шарты болып табылса, қайта өндеу өнімдерінде әкелінген тауарларды идентификациялауға мүмкіндік беретін сипаттаманы қайта өндеу өнімдерінде сақтаумен дербес сипаттамасын жоғалтуы;

оларды қалпына келтірумен қоса, тауарларды жөндеу;

қайта өндеу өнімдерін өндіруді жеңілдетуге арналған кейір тауарларды қайта өндеу процесі барысында толық немесе жарым-жартылай қолданылуымен пайдалану. Аталған операция осы тармақшаның екінші-төртінші абзацтарында көрсетілген операциялардың біреуімен орындалуы керек;

зақымданған бөліктерді бөлектеу, бөлшектеу, қирату және (немесе) жою;

4) мына операцияларды қосқанды:

тауарларды технологиялық жабдықтар және оларға қосымша бөлшектер р е т і н д е п а й д а л а н у ;

тауарларды еркін қоймада пайдаланылатын тиеу-тұсіру техникасы, басқа да техникалық құралдары ретінде пайдалану; көрмелерді өткізуге жол беріледі.

22. Осы Нұсқаулықтың 21-тармағындағы 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген еркін қоймаға орналастырылған тауарлармен операциялар кеден органының құлақтандырылуымен жүргізіледі.

23. Осы Нұсқаулықтың 21-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген операциялар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлы номенклатурасы бойынша тауарлардың тоғызыншы белгі деңгейіндегі топтастыру кодын өзгертуеү тиіс.

24. Еркін қоймада уақытша сақтауға қойылған тауарлармен, осы Нұсқаулықтың 21-тармағының 1), 2)-тармақшаларында аталған мұндай тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша операциялар жүргізілуі мүмкін .

Қойманың иесі, тауарларға қатысты өкілеттілікке иегер өзге адам, және олардың өкілдері уақытша сақтаудағы тауарларды тексеріп қарай және өлшей алады, кеден органдарының рұқсатымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін а л а д ы .

25. Еркін қоймада орналасқан және кедендік бақылауға жататын тауарлар Кеден ісі туралы заңның 208-бабына сәйкес кеден органдарымен бірегейлендірілуі мүмкін. Бірегейлендіру тәсілі қойма иесінің пікірін ескере отырып кеден органдарымен белгіленеді.

26. Еркін қоймаларда шетел тауарларын қайта өндеу бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде қайта өндеу өнімдерін өндіру мақсатында

қосымша, үстеме компоненттер ретінде отандық тауарларды пайдалануға рұқсат етіледі.

## **5. Еркін қойма арқылы айналымдағы тауарлар туралы есеп жүргізу және есеп беру**

27. Еркін қоймалар арқылы айналымдағы тауарлар міндettі есепке алынуға жа та ды .

28. Еркін қойма арқылы айналымдағы отандық тауарлар тауарға ілеспе құжаттар негізінде есеп жүргізу кітабында міндettі тіркеуге алуға жатады.

29. Еркін қойма иелері әкелінген, сақталатын, дайындалатын, қайта өндөлетін , сатып алынатын, сатылатын және қоймадан әкетілетін тауарлар туралы есеп жүргізеді және кеден органдарына есеп береді.

30. Еркін қоймадағы тауарлармен болған кез-келген өзгеріс есеп жүргізу құжаттарында көрсетілуі тиіс.

31. Еркін қоймадағы тауарлардың есебін жүргізудің нысаны қойма иесінің келісімі бойынша кеден органдарымен айқындалады. Бұл ретте есеп жүргізу жүйесіне :

- 1) еркін қоймаға әкелінген тауарлардың есебін жүргізу кітабы;
- 2) еркін қоймадан әкетілген тауарлардың есебін жүргізу кітабы;
- 3) есеп жүргізудің кедендік құжаты қосылады.

32. Есеп жүргізу кітабы есеп жүргізудің басқа, оның ішінде автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға қарамастан осы Нұсқаулыққа 1, 2-қосымшалармен келісілген нысанға сәйкес жүргізіледі. Есеп жүргізу кітабын жүргізудің тәртібін кеден органдары белгілейді.

33. Есеп жүргізу кітабындағы жазбалар мынадай тәртіппен:

1) орналастырылатын тауарлар туралы - еркін қоймаға тауарларды орналастырған сэтте, бірақ еркін қоймаға тауарларды әкелген сэттегі тәуліктен кешіктіремей ;

2) әкетілген тауарлар туралы - еркін қоймадан тауарларды тікелей әкетілген кездे енгізілуі тиіс.

34. Оларда барлық қажетті мәліметтер болған жағдайда есеп жүргізу кітабының жүргізілуі белгіленген нысаннан ауытқуына рұқсат етіледі.

35. Кедендік құжаттың есебін жүргізу нысанында кеден органдары еркін қоймаға орналастырылатын және одан әкетілетін тауарлардың есебін жүргізеді. Кедендік құжат есебін жүргізу ретінде жүктік кедендік декларация пайдаланылады .

36. Еркін қоймада сақталатын, дайындалатын және қайта өндөлетін тауарлардың есебін жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу мен есеп беруді жүргізу үшін қолданылатын, егер мұндай құжаттарда: тауарлардың атауы мен ұқсастық белгілері, олардың саны, еркін қойма ішінде тауарлар мен көлік құралдарының орын алмасуы туралы мәліметтерді, еркін қоймада олармен болған кез-келген өзгерістерді бейнеленген жағдайда, құжаттар пайдаланылады.

37. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын кедендік бақылаудың нысандарын қолданады, сонымен қатар белгіленген кестеден тыс есеп беруді ұсынуды талап етеді. Бұл жағдайда есеп еркін қойманың иесімен кеден органы бастығының жазбаша талабы ұсынылған күннен жеті күн ішінде ұсынылуы тиіс.

38. Егер уақытша сақтау орнында және еркін қоймада тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізудің автоматтандырылған жүйесі пайдаланылса, онда оның иесі кеден органдарының мұндай жүйеге кіруіне рұқсат беруіне міндетті.

39. Кеден ісі туралы заңның 218-бабына сәйкес кеден органы уақытша сақтау орындарында және еркін қоймаларда сақталатын тауарларға түгендеу жүргізуге құқылы.

40. Еркін қойма арқылы айналымдағы тауарлар есебін жүргізген құжаттар, мұндай құжаттарды жапқан күнінен бастап бес жыл сақталады. Бұл ретте осы тармақта көрсетілген есеп жүргізу құжаттары күнтізбелік жыл бойынша жүргізіледі.

41. Еркін қойманың иелерімен еркін қоймада сақталатын тауарлар туралы кеден органдарына кемінде үш айда бір рет есеп беру ұсынылуы тиіс.

## **6. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуіне жауаптылық. Кедендік баждарды, салықтарды алу және тарифсіз реттеу шараларын қолдану**

42. Еркін қоймаға орналастырылған және экспорт кедендік режиміне сәйкес әкетілуге жататын отандық тауарлар Кеден ісі туралы заңның 80-бабына сәйкес кедендік баждан босатылады немесе мұндай баждың төленген сомасына қайтару жүргізіледі.

43. Еркін қойма кедендік режимімен орналастырылған шетелдік тауарлар кедендік баждар мен салықтар төлеуден босатылады.

44. Еркін қоймаға орналастырылған шетелдік тауарлар қатысында кедендік баждар мен салықтар төлеу таңдал алынған кедендік режимнің талаптарына сәйкес қоймадан шығарған кезде жүргізіледі.

45. Кеден ісі туралы заңның 81-бабына сәйкес тауарларды еркін қоймаға орналастырган тұлға кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша

Кеден ісі туралы заңның 78-бабында көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша жауаптылық еркін қойма иесінде болады.

## 7. Еркін қойманы тарату

46. Лицензияны қайтарып алу туралы лицензиат жазбаша хабарлаған күннен бастап еркін қойма таратылды деп есептеледі.

47. Лицензияны қайтарып алу туралы лицензиат жазбаша хабарлаған күннен бастап еркін қоймада сақталған барлық тауарлар уақытша сақтауда болып есептеледі және таңдап алынған кедендік режимге сәйкес кедендік ресімдеуге ж а т а д ы .

Егер таратылған қоймада қайта өндеу бойынша операцияларға ұшыраған тауарлар болған жағдайда, кеден органды еркін қоймаға мұндай тауарлар орналастырған тұлғаны қойманың таратылғандығы туралы құлақтандырады. Бұл ретте көрсетілген тауарлар үшін қайта өндеудің соңғы операциялары аяқталғанға дейін еркін қойма кедендік режимі сақталады.

## 8. Қорытынды ережелер

48. Еркін қойма кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

**Еркін қойма кедендік режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша**

### **Еркін қоймаға әкелінген тауарлардың есебін жүргізу кітабы**

N Тауарларды Кеден.	Тауар.	Тауар.	Орын.	Брутто Тауар.	Ескерт
еркін қой.	дік құ.	ларды лық.	лар.	ның салма.	ларды пелер
маға орна.	жаттың	қоймаға транс.	дың саны	ғы қоймаға	
ластырған	нөмірі	орна.	порттық атауы	(кг)	қабылда.
құн	ластыр.	құжаттар			ған
	ған	нөмірі			адамның
	тұлға				қолы

Еркін қойма кедендік режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

**Еркін қоймаға әкелінген тауарлардың есебін  
жүргізу кітабы**

Н Тауарлардың Жүктік кедендік Тауардың Орынның Брутто Тауарды Ескерт  
еркін қойма. декларацияның атауы саны салма берген пелер  
дан нақты нөмірі ғы (кг)адамның  
әкетілу күні қолы

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі<sup>1</sup>  
2001 жылғы 8 ақпан

Қазақстан  
Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандығы  
N 46 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары  
жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін қолдану  
жөніндегі**

**НҰСҚАУЛЬҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін қолдану жөніндегі осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - кеден ісі туралы Зан) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін қолдану және тауарлар мен ұқсату өнімдерін кедендік бақылаудың тәртібін анықтайды.

2. Аталған Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
"тауарлар" - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату, жөндеу үшін әкетілетін отандық тауарлар;

"ұқсату өнімдері" - әкетілген тауарларды ұқсатудың нәтижесінде пайда болған тауарлар;

"кеден мақсаттырында ұқсатылған өнім шығымының мөлшері" - отандық тауарларды ұқсатудың нәтижесінде пайда болған ұқсату өнімдерінің шығым мөлшері;

"мәлімдеуші" - ұқсату үшін тауарларды тасымалдап жүрген, кеден органына кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату шарттары туралы міндеттемені ұсынатын және осы режимнің шарттардың дұрыс және уақытында орындалуы мен оның аяқталуы үшін жауапты тұлға болып табылатын отандық тұлға;

"ұқсатушы" - тауарларды ұқсатуды тікелей жүзеге асырып жүрген және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерде тұратын шетелдік тұлға;

"бақылаушы кеден органды" - ұқсату шарттары туралы міндеттеме тіркелген кеден органды Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін түсініктер қолданылады.

## **2. Тауарларды ұқсату бойынша жасалатын операциялар**

3. Тауарларды ұқсату жөніндегі операцияларға кіреді:

1) тауарлардың өзін ұқсату, бұл орайда отандық тауарлар жеке басының сипатын, ұқсату өнімдерінде әкетілген тауарларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатының ұқсату өнімдерінде сақталып қалуымен жеке басының сипатын жоғалтады, егер сәйкестендіру ұқсатудың міндетті шарты болып табылас;

2) тауарды құрастыруды, жинауды және басқа тауарларға үйлестіре лайықтауды қоса, тауарды әзірлеу (өндеу), бұл орайда әкетілген тауарлардың негізгі сипаттамалары сақталады;

3) тауарларды қалпына келтіруді қоса алғанда жөндеу, бұл орайда, қалпына келтіріледі немесе ұқсату үшін зақымдалған не тозығы жеткен тауарларды айырбастау, рекламация бойынша ақаулықтарды жою.

4. Тауарларды ұқсату жөніндегі операцияларға жатпайды, мысалы:

1) тауарларды буып-түю, қалталау және сұрыптау;

2) сақтау немесе тасымалдау кезінде тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау;

4) төлдету, жануарларды, құстарды, балықтарды, шаянтектестер мен молюскаларды өсіру және бордақылау;

5) ағаштар мен өсімдіктерді өсіру;

6) пайдалы қазбаларды өндіру;

7) балықтарды, шаянтектес және молюскаларды аулау;

- 8) аңшылық құру, саңырауқұлақтар мен өсімдіктерді жинау;
- 9) ақпараттарды, аудио- мен бейне таспаларды ақпаратты таратудың кез келген басқа түрлерінің көшірмесін жасау және көбейту;
- 10) жылу қуатының электрлік, жылулық және өзге де түрлерін алу;
- 11) технологиялық ұқсату барысында шетелдік тауарларды жәрдемдесетін құрал ретінде пайдалану (мысалы, жабдықтау, станоктар, бейімдеу және т.б.);
- 12) Кеден ісі туралы Заңның 85-бап талаптарына жауап бермейтін басқа да іс-әрекеттер.

### **3. Әкетілген тауарларды ұқсату өнімдерімен сәйкестендіру**

5. Әкетілген тауарлардың ұқсату фактісін белгілеу мақсатында әкетілген тауарлардың ұқсату өнімдерімен сәйкестендіру, келесі әдістерді пайдалану ж о л ы м е н ж ү р г і з і л е д і :

ұқсату үшін әкетілетін бастапқы тауарларға мәлімдеуші, ұқсатушы немесе кеден органыныңлауазымды тұлғалары мөр, мөртабан, сандық және/немесе өзгеше белгі қою арқылы;

ұқсату үшін тауарларды суреттеу;

ұқсату үшін тауарлардың ауқымында суретке түсіру, бейнелеу; тауарлардан алдын ала алынған сынамалар мен үлгілерді ұқсату өнімдерімен салыстыру;

тауарларда болған белгілерді зауыттың номері ретінде пайдалану (мысалы, двигательінде, шанағында, бөлшегінде және басқалар).

6. Кеден ісі туралы Заңның 85-бабына сәйкес тауарларды ұқсату өнімдерімен сәйкестендіруге талап қойылмайды, егер тауарларды жөндеу ұқсатудың мақсаты болып табылса, сол бойынша ұқсату өнімдерін айырбастауға рұқсат берілсе.

7. Сәйкестендірудің мүмкін еместігіне байланысты тауарларға қатысты, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін пайдалануға рұқсат етілмейді, егер ұқсату нәтижесінен өнім ретінде:

Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының сыртқы экономикалық қызмет Тауарлар номенклатуrasesы (бұдан әрі- ТМД СЭК ТН) бойынша 2203-2206, 2208-ші тауарлар позициясында сыныпталатын - ішімдік сусындар;

2402-2403-ші тауарлар позициясында сыныпталатын темекі өнімдері;

42-ші тобында сыныпталатын нағыз теріден жасалған бұйымдар;

7113-7116 ТМД СЭК ТН бойынша тауарлар позициясында сыныпталатын шеберлердің зергерлік бұйымдары, алтын мен күмістен жасалған жұмыстары.

#### **4. Кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату шарттары туралы міндеттемені ресімдеу тәртібі**

8. Кеден ісі туралы Заңың 85-бабына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату үшін, ұқсату шарттары туралы міндеттемені кеден органына ұсыну қажет.

9. Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сай белгіленген нысан бойынша тауарларға кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органына мәлімдеуші ұқсату шарттары туралы міндеттемені береді. Ұқсату шарттары туралы міндеттеме екі данада толтырылады, олардың біреуіне кеден органына ұқсатуды атқарып жүрген тұлғаның мөрі басылады, екінші данасы мәлімдеушіде қалады.

Ұқсату шарттары туралы міндеттемеге, соның негізінде ұқсату мерзімі мен ұқсату өнімдерінің шығым мөлшері анықталатын құжаттар қосылады.

Тауарларды ұқсату шарттары туралы міндеттемеге тіркелу нөмірі журналға сәйкес беріледі. Міндеттеменің тіркелу журналын, осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында белгіленген нысанмен бақылаушы кеден органы жүргізеді.

#### **5. Кеден мақсаттарында ұқсатылатын өнімдер шығымының мөлшерін белгілеу**

10. Кеден мақсаттарында ұқсатылатын өнімдер шығымының мөлшерін мәлімдеуші ұқсатылатын өнімдер шығымының нормасын көрсете отырып анықтайды. Бұл орайда, ұқсатылатын өнімдер шығымының нормасы деген сөз, тауар бірлігінің біреуін ұқсату нәтижесінде пайда болған өнімнің мөлшері деген түсінік береаді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізімдеме бойынша, ұқсатылатын өнімдер шығымының міндетті мөлшерін уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейді.

#### **6. Ұқсату мерзімдерін белгілеу және ұзарту**

11. Кеден аумағынан тысқары тауарларды ұқсату өндірістік процесінің ұзақтығы ескеріле отырып, мәлімдеуші анықтаған мерзімде жүргізіледі, алайда ол тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізген күннен бастап санағанда екі жылдан аспауы тиіс.

12. Ұқсату мерзіміне келесі аталғандарға қажет уақыт кіреді:  
Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінде тауарларды кедендік ресімдеуге;  
тауарларды ұқсатуға;  
ұқсату өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағына нақты

әкелгенде не болмаса экспорт кеден режимінде орналастыруға.

13. Ұқсату шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген тауарларды өткізген күннен бастап екі жылдың шегінде ұзартуды, осындай ұзарту қажеттілігін негіздеген бақылаушы кеден органының жазбаша хабарламасымен іске асырылады.

Бұл үшін, мәлімдеуші осындай ұзарту қажеттілігін негізден жазбаша өтінішті кеден органына өз уақытында беруі тиіс.

Мерзімдерді ұзартқан кезде ЖКД-ның 1-ші және 3-ші даналарының келесі бетінде ұзартылған мерзімдері көрсетіледі, оның кеден органының лауазымды тұлғасы жеке нөмірлі мөрімен растайды.

14. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізімдеме бойынша жекеленген тауарлардың ұзарту мерзімдері уәкілетті мемлекеттік органдармен белгіленеді.

15. Тауарлардың ұқсату мерзімін шектелген мерзімнен жоғары ұзарту туралы мәселені шешу үшін, оның аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей мәлімдеуші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне (бұдан әрі - Кеден комитеті) еркін нысанмен тиісті өтінішті ұсынады.

Өтінішпен бірге қоса беріледі:

1) ұқсату мерзімін екі жылдан жоғары ұзартудың мақсатқа сай келетіні туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындысы;

2) тауарларды ұқсатқан кезде, кеден зандарындағы талаптардың сақталуын бақылауды іске асырып жүрген кеден органының ұқсату шарттары туралы міндеттеменің орындалуы туралы қорытындысы;

3) ұқсату шарттары туралы міндеттеменің көшірмесі.

16. Ұқсату мерзімін екі жылдан жоғары ұзартудың мақсатқа сай келетіні туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындысы еркін нысанда ресімделеді және оның ішінде мәлімдеуші туралы, ұқсату шартының күні мен нөмірі, ұқсатылатын тауар туралы, сондай-ақ ұқсатудың шектеулі мерзімін ұзарту мақсатына сай келетін мерзім туралы мәліметтер болады.

17. Кеден органының ұқсату шарттары туралы міндеттеменің орындалуы туралы қорытындыда:

1) ұқсату шарттары туралы міндеттемені дәлелдейтін ұсыныстар;

2) ұқсату шартында көрсетілген тауарлардың жалпы мәлшеріне пайыздық арақатынасымен ұқсату үшін әкетілген тауарлардың мәлшері туралы;

3) ұқсату шарттары туралы міндеттемеде көрсетілген ұқсатылған өнім шығымының мәлшеріне пайыздық арақатынасымен ұқсатудан алынған өнімдер мөлшері туралы;

4) ұқсату мерзімдерін екі жылдың шегінде ұзарту туралы;

5) ұқсату өнімдерін кедендік ресімдеу туралы;

6) кеден ережелерін бұзу туралы мәліметтер болуы тиіс.

18. Ұқсату мерзімін екі жылдан көбірек ұзартуды Кеден комитеті, ұқсатудың мерзімін ұзарту мақсатқа сай келетіні туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың шығарған қорытындысының негізінде жүргізеді.

19. Ұқсату мерзімін ұлғайту туралы өтініштің қаралу мерзімі, өтініш алынған күннен бастап санағанда он күннен аспауы тиіс.

20. Тауарларды кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсатудың мерзімін ұлғайту туралы шешімді бақылаушы кеден органы мен мәлімдеушінің назарына жазбаша нысанмен жеткізіледі.

21. Ұқсату мерзімінің кейінгі ұлғайтулары осы Нұсқаулықтың 6-12-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Ұқсату мерзімін ұлғайтудан бас тартқан жағдайда, ұқсату бойынша операция жасалмаған тауарлардың және ұқсату өнімдерінің Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режимі, кеден заңдарына сәйкес өзгереді.

## **7. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінде тауарларды жөндеген кезде ұқсату өнімдерін алмастыру тәртібі**

23. Тауарларды жөндеген кезде, ұқсату өнімдерін алмастыратын тауарлар ұқсас не болмаса тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режиміне сәйкес жөндеу үшін арналған тауарларға қатысты біртекtes тауарлар болу шартымен ұқсату өнімдерін алмастыруға рұқсат етіледі. Бұл орайда, алмастырылатын тауарлар жаңа күйінде де, сондай-ақ қолданыста болған күйінде болуы мүмкін.

24. Тауарларды жөндеген кезде, егер алынатын өнімге осындай жөндеу, бастапқы өнімнің жөнделген тауарлармен салыстырғанда елеулі айырмашылығы болатындей сипаттама беретін болса, алмастыруға рұқсат етілмейді.

25. Шарттың тиісті ережелері және тауарлардың жөнделуін атқарып жүрген кәсіпорынның кепілдік міндеттемелері ұқсату өнімдерін алмастыру үшін негіз болып табылады.

## **8. Кеден баждары мен салықтарын төлеудің ерекшеліктері**

26. Отандық тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінде жайғастырып, кейіннен Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату өнімдерін еркін айналысқа

шығару үшін, оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату мақсатында әкетілген кезде, мәлімдеушінің қалауымен:

кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінде декларация қабылданған күні қолданыста болатын әкету кеден баждарын төлеуді ;

уәкілетті банкінің кепілдігі түрінде не болмаса Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне тиісті соманы салу арқылы әкету кеден бажының төленуін қамтамасыз ету іске асырылады.

27. Кеден ісі туралы Заңның ережелерін сақтау шартымен, Қазақстан Республикасының кеден аумағында ұқсату өнімдерін еркін айналысқа шығарған кезде, әкету кеден баждарының төленген сомасын немесе Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне салынған тиісті соманы қайтару жүргізіледі не болмаса уәкілетті банкінің кепілдігі өз қүшін тоқтатады.

28. Ұқсату өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайтармаған кезде, кеден ісі туралы Заңның 92-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату режиміндегі мәлімдеушіге не болмаса кеден төлемдерін төлеуге жауапты өзге тұлғаға, ұқсатуға әкетілген тауарлар үшін әкету кеден баждарының сомасын төлеудің қажеттілігі туралы, егер ол әкеткен кезде төленбесе, хабарлама жөнелтіледі. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының кеден органдары кеден ісі туралы Заңның 140-бабымен белгіленген тәртіпте берешекті өтеу шарасын қабылдайды. Көрсетілген сомадан басқа әкету кеден баждары төленген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша олардан пайыздар өндіріп алынады. Аталған пайыздар, әкету кеден бажының төленген күнін қоса алғанда, ұқсату кеден режимінде тауарлардың тұрған уақыты үшін есептелінеді. Әкету кеден бажының сомасын депозитке салғанда немесе уәкілетті банкінің кепілдігін ұсынған жағдайда, депозитке салынған әкету кеден баждарының сомасын бюджетке аудару немесе кепілдік туралы міндеттемені орындау бойынша шаралар қабылданады.

29. Ұқсату өнімдерін әкету кеден баждары мен салықтарынан, егер мәлімдеуші не болмаса оның кеден делдалы осы өнімдердің еркін айналысқа түсетінін мәлімдеген жағдайда, толық не ішінара босатылады.

Егер Қазақстан Республикасының кеден органы ұқсатудың мақсаты, еркін айналыс үшін бастапқы шығарылған кезде оның жетіспеуі ескерілген жағдайларын қоспағанда, заңдардың немесе шарттың ережелеріне қарай тегін жүзеге асыруға әкетілетін тауарды жөндеу екендігіне көз жеткізетін болса, әкету кеден бажы мен салықтарынан толық босатылады.

Әкетілетін тауарды ақылы жөндеген кезде және ұқсату бойынша басқа

операцияларды жүзеге асырған кезде, әкелу кеден бажы мен салықтарынан  
ішінара босатылады.

Әкелу кеден бажының сомасы жөндеу немесе ұқсату құнына көбейтілген  
ұқсату өнімдеріне қолданылатын ставкаларға негізделіп анықталады. Кеден  
баждарының сомасы есептеледі:

1) адвалорлық ставканы мына формула бойынша қолданған кезде:

$$ТК\psi \times BCa = KB, \text{ мұнда}$$

KB - кеден бажы;

TK\psi - тауарды ұқсатудың құны;

BCa - баж ставкасы (адвалорлық);

2) ерекшелігі бар ставкасын мына формуламен қолданған кезде:

$$TK\psi \times \varPsi \times BCe$$

$$----- = KB, \text{ мұнда}$$

\Theta Kt

TK\psi - тауарды ұқсатудың құны;

\varPsi - кеден баждары салынатын нақты бірлікті белгіленген ұқсату өнімінің  
заттай көрсетілген саны;

\Theta Kt - ұқсатылған өнімнің құны;

BCe - баж ставкасы (ерекшелігі бар);

Ақылы жөндеген кезде ұқсату өнімдерін алмастыруды жүзеге асырған кезде,  
кеден бажы мен салықтарын есептеу үшін алмастырылған ұқсату өнімдерінің  
құны негіз болып табылады.

30. Кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін  
тауарлар экспортының кеден режиміне өзгертуенде, әкетілген кезде салынатын  
кеден төлемдері ұқсатылған өнімдерге не болмаса тауарларға қолданылады, егер  
олар ұқсатылмаған болса.

31. Ұқсату өнімдерін алмастыратын тауарларды жөндеу кезінде әкелу кеден  
бажы мен салықтарынан босату кеден ісі туралы Заңның 90-бабына сәйкес  
жүргізіледі.

## **9. Ұқсатуға әкетілетін тауарлар мен әкелінетін өнімдерді кедендік ресімдеу**

32. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде  
тауарларды ұқсату кеден режимінде жайғастырылған тауарлар мен ұқсату  
өнімдеріне кедендік ресімдеу, қызмет аймағында ұқсату тауарлары/өнімдері  
тұрған кеден органында жүргізіледі.

Бұл орайда, кеден органына келесі құжаттар тапсырылады:

белгіленген тәртіпке сәйкес ресімделген ЖКД-сы;  
тауарларды ұқсату шарттары туралы міндеттеме;  
ұқсату келісім-шарты (шарт);  
тауарға ілеспелі құжаттар (жүккұжат, коносамент, спецификация,  
фактура-шот, проформ-шот және т.б.);

басқа мемлекеттік органдардың рұқсаты, егер ұқсату тауарларына немесе  
ұқсату өнімдеріне арналған тауарлар осы органдардың бақылауында жатса;

әкету кеден баждарын төленингендегі тұрғынде не болмаса үәкілдегі банкінің  
кеңілдігі түрінде не болмаса Қазақстан Республикасы кеден органының  
депозитіне тиісті соманы салу арқылы олардың төленуін қамтамасыз ету  
**құжаттары**;

кеден мақсаттары үшін жүк кеден декларацияларын, құжаттар мен қосымша  
мәліметтерді қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес белгіленген өзге  
**құжаттар**.

33. Егер әкелінген ұқсату өнімдеріне кедендей әртүрлі кеден  
органдарында жүргізілсе, онда ұқсату өнімдерін ресімдеген кеден органы  
бақылаушы кеден органын, ЖКД-ның көшірмесін қоса, жүргізілген кедендей  
ресімдеу туралы хабардар етуге міндетті.

## **10. Кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін тауарлардың экспорт кеден режиміне өзгерткен кезде тауарларды кедендей ресімдеу тәртібі**

34. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде  
тауарларды ұқсату кеден режимін тауарлар экспорттының кеден режиміне өзгерту  
Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсатылмаған  
ұқсату өнімдері мен тауарларды иеліктен шығарған кезде, соның ішінде  
Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды  
ұқсату үшін тауардың бөлігін не ұқсатылған өнімнің бөлігін беріп есеп  
айырысқан кезде жүргізіледі. Бұл орайда, ұқсатуға әкетілген тауарларға қатысты  
не болмаса ұқсату өнімдеріне қатысты кедендей ресімдеу Қазақстан  
Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден  
режимін тауарлар экспорттының кеден режиміне өзгерту жолымен жүргізіледі.

Тауарлардың ұқсату кеден режимін тауарлар экспорттының кеден режиміне  
өзгерту кезде кедендей ресімдеу ұқсатылмаған ұқсату өнімдері мен тауарларды  
Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелмesten жүргізіледі.

35. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде  
тауарларды ұқсату кеден режимін тауарлар экспорттының кеден режиміне өзгерту  
Үшін:

1) тауарларды ұқсатуға әкеткен кезде сол бойынша кедендік ресімдеу жүргізілген ұқсату туралы келісім-шарт (шарт);

2) ұқсату өнімдеріне не болмаса ұқсатылмаған тауарларға меншік құқығын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тіркелген және жұмыс істейтін шетелдік тұлғаға ауыстыруды көздейтін шарт;

3) экспорттың кеден режимін мәлімдеген күнгі ұқсату өнімдерінің мәлшері туралы (сондай-ақ ұқсатылмаған тауарлардың мәлшері туралы) ұқсатушы - зауыттың құжаттары негіз болып табылады.

36. Ұқсатуға әкетілген және ұқсатылмаған, не болмаса кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін тауарлар экспорттың кеден режиміне өзгерткен кезде отандық тауарларға кедендік ресімдеу бақылаушы кеден органында жүргізіледі.

37. Мәлімдеуші жүк кеден декларациясын (сонымен бірге оның электрондық көшірмесін) беруге міндетті.

Уақытша жүк кеден декларациясы (бұдан әрі - УЖКД) келесі ерекшеліктер ескеріліп, белгіленген тәртіпке сәйкес толтырылады:

1) "Декларацияның түрпаты" атты 1-бағанның үшінші бөлімшесінде "Уақытша декларация" "УД" - деген әріптік индекс көрсетіледі;

2) көліктік құжаттардың номірі мен күні көрсетілмей, тауарлардың мәлімделетін мәлшері көрсетіледі;

3) ұқсату тауарлары/өнімдердің мәлшері мен сапасына байланысты ЖКД-да мәлімделуге жататын өзге мәліметтер қолда бар мәліметтер негізінде көрсетіледі.

38. Бұл орайда, кедендік ресімдеу жүргізу үшін кеден органына ұқсату тауарлары/өнімдерінің экспорт кеден режимін мәлімдеу үшін қажет келесі құжаттар ұсынылады: белгіленген тәртіпке сәйкес толтырылған уақытша жүк кеден **декларациясы**;

**ұқсатуға келісім-шарт (шарт);**

лицензиялар, егер ұқсату тауарлары/өнімдерінің экспортты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялауға тиіс болса;

тауарға ілеспелі құжаттар (жүккүжат, коносамент, спецификация, фактура-шот, проформ-шот және т.б.);

басқа мемлекеттік органдардың рұқсаты, егер ұқсатуға арналған тауарлар осы органдардың бақылауында жатса (сертификация кезінде өнімнің қауіпсіздігіне);

әкету кеден баждарының төленгенін растайтын құжаттар;

кеден мақсаттары үшін жүк кеден декларацияларын, құжаттар мен қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес белгіленген өзге **кұжаттар**.

39. УЖКД-сын қабылдау, тіркеу жүк кеден декларациясын қабылдау үшін

белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

40. Ұқсатылған елде ұқсату тауарлары/өнімдерін кедендік ресімдеуге байланысты кеден процедураларын орындағаннан кейін 30 күннен кешіктірмей, мәлімдеуші УЖКД-сында мәлімделген тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген УЖКД-ның ажырамас бөлігі болып табылатын толық жүк кеден декларациясын кеден органына тапсырады.

Кеден органдың лауазымды тұлғасы ЖКД-ның 7-бағанында УЖКД-ның анықтама нөміріне сәйкес келетін тіркеме нөмірін қояды.

41. Тауарлар ұқсатылған елде кеден режимінің өзгергенін растайтын құжаттар болып:

мәлімделген кеден режимімен келісілген ұқсатқан елдегі кеден органды жүк кеден декларациясының көшірмесі;

көлік құжаттарының көшірмесі, егер ұқсатылатын елден ұқсату тауарларын/өнімдерін басқа елге әкету топшыланған жағдайларда.

42. Мәлімделуі УЖКД-сын беру жолымен жүзеге асатын тауарларға қатысты бейтарифтік және тарифтік реттеу шаралары мен шектеуліктерді сақтау, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес кеден органдың УЖКД-сын қабылдаған күні қолданыста болған шетел валютасын Қазақстан Республикасының валютасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің белгілеген бағамы бойынша қайта есептеуді енгізе отырып, жүзеге асырылады.

Кедендік төлемдер УЖКД-сын қабылдағанға дейін немесе қабылдаған күні төленеді. Кеден баждары кеден ісі туралы Заңның 89-бабына сәйкес төленеді.

43. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режиміне сәйкес кеден аумағынан тысқары жерлерге бұрын әкетілген тауарларды экспорттаған кезде, валюттік зандар саласындағы талаптар ұқсату өнімдеріне не болмаса ұқсатылмаған тауарларға меншіктік құқықтың ауысуын көздейтін келісімдегі шарттар ескеріле отырып, орындалады.

44. Ұқсату өнімдерін қайтармау Кеден ісі туралы Заңның 92-бабында көзделген негіздер бойынша жол беріледі. Тауарлардың экспортты кеден режиміне Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсатудың кеден режимінің өзгеруі Қазақстан Республикасының заң талаптарын орындауды растайтын құжаттарды өтініш беруші ұсынған кезде жүргізіледі.

## **11. Тауарлар мен ұқсату өнімдерін кедендік бақылаудың тәртібі**

45. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінің сақталуын жалпы бақылауды бақылаушы кеден органы жүргізеді.

46. Кеден органы кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында ұқсату шарттары туралы әрбір тіркелген міндеттеме бойынша іс жүргізеді, оған тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режимін пайдалануға қатысты барлық материалдар мен құжаттар тігіледі (солар бойынша тауарларға кедендік ресімдеу жүргізілген келісім-шарттар, ұқсату шарттары туралы міндеттемелер, ЖКД-ның көшірмесі м е н т . б . ) .

47. Мәлімдеуші, ұқсату өнімдерін әкелудің мерзімдерінің аяқталуына дейін бақылаушы кеден органына тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режимін пайдаланғаны туралы толық есеп беруді ЖКД-ның көшірмесімен қоса ұсынуға міндетті.

48. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимін қолдану кезінде Қазақстан Республикасы кедендік заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары кеден ісі туралы Заңның 209-бабына сәйкес мәлімдеушінің қаржылық және сыртқы экономикалық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы.

## 12. Қорытынды ережелер

49. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде тауарларды ұқсату кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

Қазақстан	Республикасының	
кеден	аумағынан	тысқары
жерлерде	тауарларды	ұқсату
кеден	режимін	қолдану
жөніндегі		
Нұсқаулыққа 1-қосымша		

---

(кеден органының аталуы)

Кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режимінде мәлімделген тауарлардың ұқсату шарттары туралы N\_\_\_\_\_ міндеттеме

---

(ұқсату үшін тауарлардың әкетілуін жүзеге асыратын тұлға)  
келесі шарттардың сақталуымен:  
\_\_\_\_\_ ұқсату мерзімі  
\_\_\_\_\_ ұқсатылған өнімнің шығым мөлшері  
\_\_\_\_\_ ұқсату өнімдерінің шығым нормасы  
\_\_\_\_\_ кері әкету мерзімі

сәйкестендіру әдістері  
ерекше белгілер  
сәйкес  
(ұқсату шартының күні мен нөмірі)

(тауарлардың аталуы мен олардың сыртқы экономикалық тауарлар номенклатурасымен келісілген сыйыптық коды) тауарларға қатысты ұқсату өнімдерін шығару мақсатында (ұқсату өнімдерінің аталуымен олардың сыртқы экономикалық тауарлар номенклатурасымен келісілген сыйыптық коды) кәсіпорында (ұқсатушы-кәсіпорынның аталуы, мекен-жайы) тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде ұқсату кеден режимінің талаптарын орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

тұлға бастығының аты-жөні,  
(коло) мәлімдеушінің аты-жөні  
N

(кеден органы лауазымды тұлғасының қолы)

\* міндеттеменің нөмірін кеден органы лауазымды тұлғасы береді және келесі түрде құрылады:  
- 00000/00000/000 - мұнда,  
- 00000 - ұқсатудың шарттары туралы міндеттемені қабылдаған кеден органының коды;  
- 00000 - жылдың соңғы саны, күні, айы;  
- 000 - кеден органының тіrkеме журналына сәйкес міндеттеменің реттік нөмірі.

Қазақстан Республикасының  
кеден аумағынан тысқары  
жерлерде тауарларды ұқсату  
кеден режимін қолдану  
жөніндегі  
Нұсқаулыққа 2-қосымша

## Ұқсату шарттары туралы міндеттемелердің тіркелу журналы

P\N	Мәлімдеуші	Ұқсату	СЭҚ ТН-і	СЭҚ ТН-і	Кері	Ескер.
	кәсіпорнының	туралы	бойынша	бойынша	әкету тулер	
	atalуы	келісімнің	тауардың	ұқсату	мерзімі	
		куні мен	коды		өнімдері.	
		нөмірі			нің коды	

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 8 ақпан

бекітілген

Қазақстан  
Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандығы  
N 46 бұйрығымен

### **Тауарлар экспорттының кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауарлар экспорттының кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес өзірленді және тауарлар экспорттының кеден режиміне жайғастырылған тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібін анықтайды.

2. Тауарлар экспорттының кеден режимі Кеден ісі туралы заңының 94-бабына сәйкес тауарлардың осы аумақтан тыс тұрақты орналасуы немесе тұтынылуы мақсатында Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен әкетілуі үшін арналған.

3. Тауарлар экспорттының кеден режиміне меншік құқығының отандық тұлғадан шетелдік тұлғаға беруді көздейтін сыртқы сауда мәмілелері бойынша әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінде

тұрақты пайдалану және тұтыну мақсатында отандық және шетелдік тұлғалар әкететін Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінде тұрақты пайдалану және тұтынуға арналған отандық тауарлар жайғастырылады.

## 2. Тауарлар экспортты көзіндегі талаптар

4. Кеден ісі туралы заңның 95-бабына сәйкес тауарлар экспортты мынадай шарттар кезінде жүзеге асырылады:

- 1) әкету кеден баждары мен өзге де кеден төлемдерін төлеу;
- 2) тарифтік емес реттеу шараларды сақтау;
- 3) валюталық бақылау саласындағы талаптарды сақтау;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да талаптарды орындау.

5. Әкету кеден баждары мен өзге де кеден төлемдерін төлеу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп айқындаған тәртіпте жүргізіледі.

Кеден төлемдерінің төленгенін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

төлемнің орындалғаны туралы банкінің белгісі бар төлем тапсырмасы және қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлеу кездегі жүргізілген операцияны растайтын төлеушінің дербес шотынан көшірме;

қолма-қол ақша беріп төлеген кезде - бас бухгалтердің немесе оның уәкілетті тұлғасының және мөрімен (кассирдің мөртабаны) расталған кассирдің қолы қойылған кеден органының кіріс кассалық ордерінен түбіртек.

6. Кеден ісі туралы заңның 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 маусымдағы Заңымен бекітілген Кеден одағын құру кезінде тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы 1997 жылғы 22 қазандағы келісімге сәйкес тарифтік емес реттеу шараларына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және өзіне мыналарды:

- 1) жекелеген тауарларды әкетуге мемлекеттік монополияны;
- 2) тауарларды әкетуге сан жағынан шектеуді (квоттауды);
- 3) тауарлардың әкетуге лицензиялауды қосатын шаралар жатады.

7. Кедендік ресімдеу кезінде тарифтік емес реттеу шараларын сақтауды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары берген тиісті лицензияны беру арқылы декларант растайды.

8. Валюталық бақылау саласындағы талаптардың сақталуы мәміленің төлкүжатын ресімдеген және кеден органына бергенде және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің басқармасының 1998 жылғы 5 желтоқсандағы № 271 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорттық

валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімде экспорттық валюталық түсім келіп түскенде белгілі б о л а д ы .

9. Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген тауарларға Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары берген тиісті рұқсаттарды, сертификаттарды кеден органына беру экспорттық бақылауды қоса алғанда, тауарлардың экспорты үшін Қазақстан Республикасының заң актілері талаптарының орындалғанын растау болып т а б ы л а д ы .

10. Тауарлардың экспортын кеден режимінде тауарларды кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі жүк кеден декларациясын, құжаттарды және кеден мақсаттары үшін қажетті қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне белгіленген талаптарға сәйкес айқындалады.

### **3. Тауарларды әкету**

11. Экспортқа шығарылған тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен нақты әкетілуі қажет. Бұл ретте, олар табиғи тозуы болмаса тасымалдау және сақтаудың қалыпты жағдайларында кемуі салдарынан болған өзгерістерді қоспағанда, кеден декларациясын қабылдаған күнгі күйінде болуы қ а ж е т .

12. Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінде экспортталатын тауарларды әкету кеден бақылауымен тауарларды жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Тауарларды нақты әкету жүзеге аспаған жағдайда, соның негізінде тауарлардың экспорты жүзеге асырылуы тиіс жүк кеден декларациясының күші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілеген тәртіпте жойылады.

14. Экспортқа шығарылған тауарлардың Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегінен нақты әкетілуіне тауарларды тасымалдайтын тұлға жауап б е р е д і .

Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы тауарларға меншіктік құқық ауысқан жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тауарлардың нақты әкетілуіне тасымалдаушы отандық тұлға жауап береді. Тауарларды шетелдік тасымалдаушы тұлға тасымалдаған кезде - Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен тауарларды әкетпеген кезде төленуге тиісті болған салықтар сомасын төлеуді қамтамасыз ету шартымен тауарларды экспорттауға рұқсат беріледі.

## **4. Қорытынды ережелер**

15. Тауарлар экспортының кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

2001 жылғы 08 ақпан

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің

2001 жылғы 09 ақпанды

N 46 бұйрығы мен

бекітілген

### **Тауарлардың реэкспорттына қатысты кедендейк режимді қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Тауарлардың реэкспорттына қатысты кедендейк режимді қолдану жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы Зан) сәйкес әзірленді және тауарлардың реэкспорттына қатысты кедендейк режимді қолданудың шарттарын анықтайды.

2. Кеден ісі туралы Заның 97-бабына сәйкес тауарлардың реэкспорттына қатысты кедендейк режим шетел тауарларын әкелімдік кедендейк баждар мен салықтарды өндіріп алусыз немесе оларды қайтара отырып, сондай-ақ тарифтік емес реттеудің шараларын қолданусыз Қазақстан Республикасының кедендейк аумағынан оларды реэкспорттауды көздейді.

### **2. Тауар реэкспорттына қатысты кедендейк режимге тауарларды тартудың шарттары**

3. Тауар реэкспорттына қатысты кедендейк режимге шетелдік тауарлар тартилуды мүмкін:

1) Реэкспортты көздейтін келісім-шарттар бойынша Қазақстан Республикасына әкелінген;

2) Тауарлардың еркін айналысы, оларды уақытша экелу және уақытша әкету, тауарларды жою, сондай-ақ мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту мақсаттарында тауарларды шығарудың кедендейк режимдеріндегі тауарларды кедендейк ресімдеудің мерзімдері аяқталғанға дейін оларды реэкспорттау туралы шешімді тауар жылжытушы тұлға оларға қатысты қабылдаса, сондай-ақ олар уақытша сақтау орындарында орналасқан болса;

3) Кедендейк қойма, бажсыз сауда жүргізетін дүкен, еркін қойма, еркін кедендейк аймақ, Қазақстан Республикасының кедендейк аумағында тауарларды

өндеудің, кеден бақылауымен тауарларды өндеудің (Шетелдік тауарларды өндеуді қөздейтін кедендік режимнің шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында өндеуге тартылмаған тауарлардың әкетілуіне қатысты) кедендік режимдерінде бұрын ресімделгендер.

4. Акциз салынған тауарлардың реэкспорты уәкілетті банктің кепілдігімен немесе Қазақстан Республикасы кедендік органының депозитіне тиесілі сомаларды салу арқылы әкелімдік кедендік баждар мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады. Әкелімдік кедендік баждар мен салықтарды төлеудің қамтамасыз етілуін қайтару тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағының шегінен тыс іс жүзінде шыққандығы расталғаннан кейін жүзеге асырылады.

5. Тауарлар тікелей және айрықша реэкспорт үшін ғана әкелінетін болған жағдайда, кедендік органға тауарларды әкелуді кедендік ресімдеу қунінен бастап екі айдан кешіктірмесен, тауарларды әкету туралы міндеттеме немесе кедендік әкелім баждарды және салықтарды, сондай-ақ көрсетілген мерзімдерде тауарлар шығарылмаған кезде осы сомаларға есептелетін пеняны төлеудің кепілдемесі тапсырылады.

### **3. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу**

6. Реэкспорттың мақсаттарына тікелей және айрықша арналған тауарларды әкелу кезінде, әкелімдік кедендік баждар және салықтар алынбайды. Бұл орайда реэкспортталатын тауарларды іс жүзінде әкету кеден органы кедендік жүк мәлімдемесін қабылдаған қунінен бастап екі айдан кешіктірмесен жүзеге асырылуы тиіс.

Екі айдың ішінде тауарларды реэкспорттау іс жүзінде жүргізілмесе немесе реэкспорттың мақсаттарына тікелей және айрықша арналған тауарлардың реэкспорттың кедендік режимі өзгерген жағдайда, еркін айналысқа жіберуге арналған тауарларды шығарудың кедендік режиміне қатысты төлеу қуні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселік мөлшерінде пеня есептеліп, әкелімдік кедендік баждар мен салықтардың сомалары төленеді. Аталған пеня төлеу қунін қоса алғанда, тауарлар реэкспорттың кедендік режимінде тауарлардың болуы уақытына есептеледі.

7. Кедендік орган тауарлар реэкспорттың кедендік режиміне тартылған және әкелу қунінен бастап екі айдың ішінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс шығарылмаған акциз салынатын тауарлар бойынша әкелімдік кедендік баждар мен салықтарды төлеуді кедендік органның депозитіне салу түрінде мемлекеттік бюджетке аударады. Уәкілетті банктің

аталған төлемнің түрінде берілген кепілдемесі өндіріп алуға жатады.

Бұл орайда декларант реэкспортталатын тауарларды шығарудың мерзімі аяқталған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолданатын қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселік мөлшерінде пеня төлеуге тиісті . Бюджетке аударылған әкелімдік кедендік баждар мен салықтарды төлеу сомалары осы Нұсқаулықтың 6-тармағында белгіленген тәртіpte қайтарылады.

8. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағындағы 2) тармақшада көрсетілген тауарлардың реэкспорты кезінде тауарлар осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген мерзімдерде шығарылса, кедендік баждар мен салықтар қолданылмайды. Кедендік баждар мен салықтар реэкспортталатын тауарларды шығарудың белгіленген мерзімдері аяқталғаннан кейін осы Нұсқаулықтың 6-тармағында белгіленген тәртіpte қолданылады.

9. Әкетілімдік кедендік баждар мен салықтар және тарифтік емес реттеудің шаралары реэкспортталатын тауарларды шығару кезінде қолданылмайды.

10. Кедендік ресімдеу үшін алынатын кедендік алымдар жалпы белгіленген тәртіpte төленеді.

#### **4. Тауарлар реэкспорты тәртібі**

11. Декларант реэкспортталатын тауарларды шығаруды кедендік ресімдеу үшін қажетті құжаттар ретінде кедендік мақсат үшін қажетті жүк кедендік декларацияларын, құжаттар және қосымша мәліметтерді қабылдау тәртібіне белгіленген талаптарға сәйкес айқындалған жүк кеден декларациясына (бұдан әрі - ЖКД) және басқа да міндетті құжаттарға толықтыру ретінде кеден органына төмендегілерді тапсырады:

1) тауар реэкспортының кедендік режимінде немесе осы Нұсқаулықтың 3-тармағындағы 2) тармақшада көрсетілген кедендік режимде ресімделген КЖМ көширмесі ;

2) әкелімдік кедендік баждарды, салықтарды және пеняны төлеу туралы банк куәланырган төлем құжаттарының көшірмелері немесе тауарларды әкелу күнінен бастап екі айдан астам уақыт өтсе, үәкілетті банктің кепілдемесі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар реэкспортына қатысты жылжытылатын тауарлармен өзінің атынан іс-қимылдар жасауға әкілеттігі жеткілікті тұлғаның келісуі. Тұлға өзінің келісуін реэкспортты көздейтін шарттың тиісті ережелерінде білдіреді немесе ол аталған тұлғаның жазбаша өтінішінде қуатталады.

#### **5. Реэкспортталатын тауардың іс жүзінде сыртқа шығарылуын бақылаудың тәртібі**

12. Реэкспорт режимінде тауарларды ресімдеген кедендік орган мен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кедендік органның арасындағы Қазақстан Республикасынан сыртқа шығару мақсатында реэкспортталатын тауарларды тасымалдау кедендік бақылаумен тауарларды жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кедендік органның тауардың Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс шығарылуы туралы белгісі қойылған ішкі транзит күжатының данасы ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша тасымалдаудың аяқталуын растау болып табылады.

14. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кедендік органмен тауарларды сыртқа шығарудың фактісі белгіленген тәртіpte дәлелденбесе, ресімдеуші кедендік орган тауарларды шығарудың фактісін анықтау мақсатында тиісті сұрау салуды жіберуге міндettі. Егер тауарларды іс жүзінде шығарудың фактісі туралы талап төмендегілерге қатысты расталмаса:

1) Қамтамасыз етілуінің әдісіне байланысты акциз салынған тауарларға:

Кедендік органның депозитіне салынған сомалар мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады;

Уәкілетті банктің кепілдемесі іске асыруға жатады;

2) басқа тауарларға қатысты Кеден ісі туралы Заңның 98-бабына сәйкес пеня есептеле отырып, кедендік баждар мен салықтардың сомалары төленеді.

## **6. Қорытынды ережелер**

15. Тауарлардың реэкспорты кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершілік туындейды

Келісілді  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 08 ақпан  
бекітілген

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпандағы  
N 46 бүйрүғымен

**Тауарларды жою кеден режимін  
қолдану жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауарлар экспортының кеден режимін қолдану жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленген және тауарларды жою кеден режимінде жайғастырылған тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасы Кеден ісі туралы заңының 100-бабына сәйкес тауарларды жою кеден режимі кеден баждарын, салықтарды өндіріп алмай және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай олардың пайдалануға жарамсыз күйге қелгені ескеріліп, кеден бақылауымен тауарларды жоюға арналған.

3. Тауарларды жою мүдделі тұлғаның жеке есебінен жүргізіледі және ол Қазақстан Республикасының кеден органдары үшін қандай да болмасын шығын келтірмеуі қажет.

## **2. Тауарларды жою кеден режимін пайдалану шарттары**

4. Тауарларды жою кеден режимінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы нақты өткізілген әкелінетін шетел тауарлары жайғастырылады .

5. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген мұндай жою мүмкіндігі туралы қорытынды бар болған кезде тауарларды жоюға жол беріледі .

6. Мыналарды жою кеден режимінде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес жекелеген тауарларды қоспағанда, бұйымдар немесе материалдар ретінде пайдалануы мұмкін тауарлар ;

2) Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері халықтарының көркемдік , тарихи және археологиялық игіліктері бар заттары;

3) індеп пен жануарлар кеселінің жолдарын кесу мақсатында дереу жою талабы туган кездегі жағдайларын қоспағанда, жойылу қаупі төнген жануарлар және өсімдіктердің түрлері, олардың бөлшектері мен дериваттары;

4) кепілдік қатынасты тоқтатқанға дейін кепілдік зат ретінде кеден органы кепілдікке алған тауарлар мен көлік құралдары;

5) қылмыстық іс және кеден ережелерін бұзу туралы іс қозғалып алынған тауарлар мен көлік құралдары;

6) тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары;

7) сот оларға қатысты тәркілеу туралы шешім қабылдаған тауарлар мен көлік құралдары жайғастырылмайды.

## **3. Тауарларды жою тәртібі**

7. Тауарлар мен көлік құралдарын жою кеден бақылауымен жүргізіледі.

8. Жою жүргізіледі:

1) жылу әсері, химиялық, механикалық немесе нәтижесінде тауарлар мен көлік құралдары толық жойылатын өзге әсер ету (өртеу, күйрету, жерлеу және т.б.) жолымен;

2) тескілеу, ажыратуды қоса алғанда, бөлшектеу, талқандау, механикалық талқандау жолымен, мұндай зақымдау әсерінен тауарлар мен көлік құралдарын кейіннен қалпына келмейтіндей және оны бастапқы түрінде пайдалану мүмкіндігі болмайтын жағдай кезінде өзге де тәсілдермен зақымдау.

Сакталынған орындарынан алынбайтын және пайдалануға жарамайтын тауарларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жауапты органының тауарлардың сақталған орындардан алынбайтыны және олардың одан әрі пайдалануға келмейтіні туралы берген қорытындысының негізінде жою жүргізілді деп есептелінеді.

9. Кеден ісі туралы заңның 102-бабына сәйкес тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі пайдалану мүмкін болған жағдайда, жою режимін мәлімдеген тұлға оларды кеден бақылауымен шетел тауарлары ретінде тиісті кеден режимінде жайғастыруға тиіс. Кеден ісі туралы заңның 141-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында шығарылған тауарларға жатқызылатын қалдықтар отандық тауарлар ретінде іріктелген кеден режиміне орналастырылады.

10. Кеден органы қалдықтарға кедендік ресімдеу жүргіzetін орынды айқындаиды.

Кеден органының қалдықтарды уақытша сақтау қоймаларына жайғастыруға жататынын анықтауға құқығы бар.

11. Қалдық болып табылатын тауарларды таңдал алған кеден режиміне сәйкес тұлғаның иелігіне беру, Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүргізіледі.

#### **4. Тауарларды жою кеден режимінде жайғастырылған тауарларды кедендік ресімдеу**

12. Жою кеден режимінде орналастыратын тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді қызмет аймағында осындаі тауарлар мен көлік құралдары тұрған кеден органы жүргізеді.

13. Тауарларды жою кеден режиміне жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдары белгіленген тәртіpte ресімделген жүк кеден декларациясын және Жүк кеден декларациясын, құжаттарды және кедендік мақсаттар үшін қажетті қосымша мәліметтерді беру, қабылдау және тексеру ережесінде көзделген

құжаттарды кеден органына белгіленген тәртіпте беру арқылы мәлімденеді.

14. Тауарлар мен көлік құралдарының нақты жойылғаны туралы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акт жасалады. Актіге тауарды тасымалдаушы тұлғаның уәкілетті өкілі, тауарлар мен көлік құралдарының нақты жою кезінде қатысқан өзге де тұлғалар қол қояды.

## 5. Қорытынды ережелер

15. Тауарларды жою кеден режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Т а у а р л а р д ы                            ж о ю                                    к е д е н  
р е ж и м і н                                        қ о л д а н у                                    ж е н і н д е г і  
нұсқаулыққа 1-қосымша

(кеден органының атауы)

## ТАУАРЛАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ АКТ

Осы акт төменде аталған тұлғалардың қатысуымен тауарлар мен  
көлік    құралдарын

(атауы, жекеленген белгілері,  
ЖОЮ, сондай-ақ

саны (мөлшері, салмағы және т.б.)

оларды жоюдың тәсілдері мен орны туралы

200 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " жасалды.

Жою нәтижесінде пайда болды: \_\_\_\_\_

(қалдықтардың атауы,

жекеленген белгілері, саны (мөлшері, салмағы және т.б.)

Ж о ю    к е з і н д е    қ а т ы с т ы :

(жою кезінде қатысқан тұлғалардың аты-жөндері, қызмет орны,  
лауазымдары)

Қ О Л Ы

(жою кеден режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастырған  
уәкілетті өкіл                                  тұлғаның                                  және                                  аты-жөні)

---

(кеден органындағы лауазымды тұлғаның қызметі және аты-жөні)

қолы

М.О.

Келісілді

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2001 жылғы 8 ақпан

Қазақстан

Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігі

Кеден комитетінің  
2001 жылғы 09 ақпанды  
N 46 бұйрығы мен

бекітілген

**Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту  
кеден режимін қабылдау жөніндегі  
НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимін қабылдау жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде мәлімделген тауарларды немесе көлік құралдарын кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібін айқындаиды .

2. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту - бұл кеден бажын, салықтарын өндіріп алусыз және тарифсіз реттеу шараларын қолданбай, мемлекет пайдасы үшін тұлғаның тауардан немесе көлік құралдарынан бас тартатын кеден режимі.

3. Тауарлар немесе көлік құралдарынан бас тарту, осы Нұсқаулыққа сәйкес, кеден органдары үшін қандай да болмасын шығын келтірмеуі керек.

4. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимін таңдал алған тұлға кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін, көрсетілген режимнен басқа кеден режиміне өзгертуге құқығы жоқ.

**2. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас  
таррудың кеден режиміне тауарлар мен  
көлік құралдарын жайғастыру**

5. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режиміне жайғастыруға рұқсат етілмейтін тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының **Укіметі** айқындаиды.

6. Кеден органы мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режиміне жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуден мына жағдайларда **бас тартуы мүмкін**:

1) егер мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде тауарлар мен көлік құралдарын жайғастыру мемлекет үшін қандай да болмасын шығын **кеleтіре**;

2) егер тауарлар мен көлік құралдарының құны оларды өткізуге байланысты уәкілетті мемлекеттік органның шығынының орнын толтыра алмаса;

3) егер уәкілетті мемлекеттік органның тауарлар мен көлік құралдарын өткізу **мүмкіндігі шектелген болса**.

7. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимін, аталған кеден режимінде мәлімдейтін тауарлар мен көлік құралдарына тиісті иелік етуге өкілдігі бар отандық тұлға мәлімдей алады.

Кеден делдалы тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген жағдайда, тауарларға иелік етуге өкілдігі бар екенін дәлелдейтін құжаты ретінде кеден делдалы мен сол аталған тұлғаның арасында жасалған шарт болып табылады.

8. Кеден органы мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдарына қатысты үшінші тұлғаның қандай болмасын мұліктік талаптарын қанағаттандырмайды.

9. Кеден органдары, осы тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режиміне жайғастырғанға дейін, оларды тасымалдау, сактау, жүктеу және өзге операциялар жүргізуге байланысты шыққан шығындарды тасымалдаушыға, қойманың иесіне немесе өзге де тұлғаларға өтемейді.

### **3. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде мәлімделген тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу**

10. Егер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) нормативтік құқықтық кесілімдерінде өзгеше бекітілмеген болса, мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде мәлімделген тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді қызмет аймағында аталған тауарлар бар кеден органы жүргізеді.

11. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде мәлімдеген кезде, декларант кеден органына тізбесін

кеден комитеті бекіткен құжаттарды ұсынады.

12. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде мәлімделген тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді кеден органыныңлауазымды тұлғасы қол қойып және жеке нөмірлі мөрімен растаған "Ресімделді ИМ-75" атты жүк кеден декларациясының "Д" бағанына мөртабанды қою арқылы немесе жазу жолымен кеден органыныңлауазымды тұлғасы жүргізді.

13. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде мәлімделген тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеген кезде кеден алымдары заңмен белгіленген тәртіpte алынады.

14. Кеден органына, кепілдік ретінде берілген болып табылатын, мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдарына қатысты, жүк кеден декларациясын ұсыну талап етілмейді, егер кепілзат беруші мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдарын кепілзат ретінде бергені туралы кеден органымен жасасқан кепілдік туралы шартта мәлімдеген болса. Кепілзат берушінің шартта мәлімдеуді осылай хабарлауы, мәлімдеудің онайлатылған нысаны болып табылады, ал кеден органының аталған шартты жасасуы, осы органының "Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту" кеден режимінде тауарлар мен көлік құралдарын жайғастыруға рұқсат беру ретінде қаралады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

15. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде тауарлар мен көлік құралдарын жайғастырған кезде:

1) осы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден төлемдері мен салықтар төлеуді қамтамасыз ету үшін берген банкінің кепілдемесі өзінің күшін жояды;

2) кеден төлемдерінің төленуін қамтамасыз ететін кепілзаттың шарты бойынша кепілдік құқықтық қатынас тоқтатылады;

3) төлеушінің кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозитіне салған сомасы, қайтарылады.

16. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартудың кеден режимінде уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын жайғастырған кезде, әкелу кеден бажы мен салығы ретінде төленген сомасы қайтарылмайды.

17. Мемлекет пайдасы үшін тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан тұлға осы тауарлар мен көлік құралдарын кеден органы белгілеген орынға өз есебінен жеткізуге міндettі.

18. Тұлғаның, мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде жайғастырылған тауарлар мен көлік құралдарын уәкілетті кеден органына берген кезде, 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша акт үш данада жасалады. Осындай актілердің бланкілері қатаң қаржы есебінің құжаттары болып табылады. Аталған актінің бір данасы, мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде жайғастыруға рұқсат берген кеден органында сақталады. Актінің екінші данасы, мемлекет пайдасы үшін тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан тұлғаға беріледі. Актінің үшінші данасы, аталған тауарлар мен көлік құралдары берілген уәкілетті кеден органында сақталады.

19. Мемлекет пайдасы үшін тауарлар мен көлік құралдарына иелік ету Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекет пайдасы үшін бас тарту кеден режимінде мәлімдеудің құқыққа сәйкестігі үшін кез-келген үшінші тұлғаның алдында декларант жауап береді.

"Мемлекет пайдасы үшін  
тауардан бас тарту" кеден режимін  
пайдалану жөнінде Нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **МЕМЛЕКЕТ ПАЙДАСЫ ҮШІН ТАУАРДАН БАС ТАРТУДЫҢ КЕДЕН РЕЖИМІНДЕ ЖАЙҒАСТЫРЫЛҒАН ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН БЕРУ АКТІСІ**

---

(тұлғаның толық атауы немесе аты-жөні, мекен-жайы, аталған тұлғаның уәкілеттігін куәландыратын құжаттың күні мен номірі)

мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден режимінде жайғастырылған келесі тауарлар немесе көлік құралдары \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілгені туралы  
(уәкілетті органның аталуы)  
осы акт "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жасалды:

---

Р/б Тауарлар мен көлік құралдары. Өлшем Саны ЖКД-ның N Ескерт.  
N ның аталуы және олардың жеке бірлігі пелер  
ленген белгіле рі

---

1 2 3 4 5 6 \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Тапсырдым: \_\_\_\_\_ М.О.  
(тұлғаның аты-жөні, лауазымы) (қолы)  
Қабылдадым: \_\_\_\_\_ М.О.  
(уәкілдегі органның лауазымды тұлғасының  
қолы, аты-жөні, лауазымы)

Қатысты: \_\_\_\_\_  
(кеден органы лауазымды тұлғасының қолы, аты-жөні, лауазымы)

Келісілді Қазақстан Республикасының  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Мемлекеттік кіріс министрі  
Кеден комитетінің  
2001 жылғы 8 ақпан 2001 жылғы 09 ақпандагы  
N 46 бұйрығы мен  
бекітілген

**Жекелеген кеден режимдері, кедендік тасымалдаушылар және  
уақытына сақтау жөніндегі қызмет көрсетулер шенберінде  
жүзеге асырылатын қызметті лицензиялаудың  
ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жекелеген кеден режимдері, кедендік тасымалдаушылар және уақытша сақтау жөніндегі қызмет көрсетулер шенберінде жүзеге асырылатын қызметті лицензиялаудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) лицензиялау туралы заңдарға, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленген және кедендік тасымалдаушыларға, кеден қоймасы, еркін қойма, уақытша сақтау қоймасы, бажсыз сауда жасайтын дүкен мекемесіне лицензиялар беру тәртібін, сондай-ақ лицензияны қолдануды кідірте тұру, қайтарып алу тәртібін айқындауды. Лицензияларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) береді.

2. Лицензия кеден қоймасына, еркін қоймага, уақытша сақтау қоймасына (бұдан әрі - қоймаларға) және бажсыз сауда жасайтын дүкенге, сондай-ақ Кеден ісі туралы заңын талаптарына сәйкес құрылған кеден тасымалдаушыларына қойылған талаптарға жауап беретін тиісті үй-жайлар немесе орындағы заңды тұлғаларға (бұдан әрі - лицензиат) беріледі.

3. Қоймалар және бажсыз сауда жасайтын дүкендердің жобасы мен құрылышына қойылатын талаптар Кеден комитетінің нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

## **2. Лицензияны беру тәртібі**

4. Лицензияны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысандан лицензияны беру туралы **тұлғаның өтініші**;

2) қоймалар мен бажсыз сауда жасайтын дүкендердің жобасы мен құрылышына қойылатын талаптарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да біліктік талаптарға сәйкестігі туралы үй-жай немесе орын орналасқан қызмет аймағындағы Қазақстан Республикасының кеден органдарының **корытындысы**;

3) лицензиялық алымды төлегені туралы түбіртек;

4) лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар, сондай-ақ тиісті үй-жай немесе орындарға қатысты меншіктік немесе иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттар.

5. Лицензиялау туралы заңдармен айқындалған негіздер бойынша лицензия берілмейді.

6. Осы Ереженің 4-тармағының 4) тармақшасында айқындалған өтініштерде және/немесе құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде лицензиат Кеден комитетін тиісті өзгертулер туралы өзгерту енгізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірмей **хабардар етеді**.

7. Лицензияның нысаны "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген және онда осы Ереженің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мәліметтер болуы қажет. Бұл ретте, қызметтің лицензиялық түрі ретінде кеден қоймасы, еркін қойма, уақытша сақтау қойма, бажсыз сауда жасайтын дүкен, кедендік тасымалдаушының мекемесі жөніндегі қызметке сәйкес көрсетіледі.

## **3. Лицензияның кідірту, күшін тоқтату және лицензияны қайтарып алу тәртібі**

8. Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген талаптарды лицензиат орындаған жағдайда, Кеден комитетінің шешімімен лицензияның күші алты айға дейінгі мерзімге тоқтатылуы мүмкін.

9. Лицензияның күшін тоқтата тұру туралы шешімді қызмет аймағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні туралы болмаса Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілері туралы қоймалар немесе бажсыз

сауда жасайтын дүкен орналасқан кеден органының қорытындының негізінде  
Кеден комитеті қабылдайды.

10. Лицензияның күші оның күшін тоқтатқан себептерді жойғаннан кейін, лицензияның күшін жаңарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап жаңартылады. Лицензияның күшін тоқтата тұру және оның күшін жаңарту туралы шешім Кеден комитетінің бұйрығы түрінде қабылданады.

11. Егер кемшіліктер осы нұсқаулықтың 8 тармағында белгіленген мерзімде жойылмаса, материалдар, лицензияны сот арқылы қайтарып алу үшін Кеден комитетінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасына жіберіледі.

12. Лицензиялау туралы заңдармен анықталған жағдайларда, лицензия сот арқылы қайтарылып алынады.

13. Лицензияның күшін тоқтата тұру кеден ережелерін бұзғаны үшін Кеден ісі туралы заңға сәйкес жауапқа тарту түрінде қолданылуы мүмкін.

#### **4. Лицензияның күшін тоқтату**

14. Лицензия өз күшін Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Заңының 21-бабына сәйкес жағдайларда тоқтатады.

15. Лицензиат қайтадан тіркелген кезде лицензияның күші сақталады.

Лицензиаттың атауы өзгерген кезде лицензия қайта ресімделінуге жатады.

#### **5. Қорытынды ережелер**

16. Лицензиат жекеленген кеден режимдерінің шегінде қызметтің лицензияланатын тұрлерін және уақытша сақтау бойынша қызметті жүзеге асырған кезде пайдаланатын үй-жай мен орындардың мөлшерін өзгертуге ниет еткен кезде, ол Кеден комитетін үй-жай мен орындардың жана мөлшерін көрсетіп, тиісті аланды ұлғайту немесе кішірейту туралы өтініш жолдау түрінде білдіреді.

Аталған өтінішпен бірге, пайдаланылатын аландардың жоспарланған өзгертулерін ескере отырып, қоймалар мен бажсыз сауда жасайтын дүкеннің конструкциясы мен жайластыруына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні туралы қызмет аймағында үй-жай мен орындар тұрған Қазақстан Республикасы кеден органының қорытындысы қоса беріледі.

17. Лицензиат, кеден қоймасы мен еркін қойманың ауданын ұлғайтқан кезде, ауданның ұлғайту мөлшеріне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін ставкаларға сәйкес лицензиялық алым төлейді (алаңының ұлғайтылған мөлшері үшін белгіленген ставкамен алдыңғы төленген лицензиялық алым сомасының арасындағы айырмашылық төленуге жатады).

18. Кеден қоймасы мен еркін қойманың ауданын кішірейткен кезде, алдыңғы

төлөнген лицензиялық алым сомасы мен алаңың кішірейтілген мөлшері үшін белгіленген ставкасының арасындағы айырмашылық қайтарылмайды.

19. Қойманың иесі қойманы өзгерткен кезде, қойманың алаңын ұлғайтуға немесе кішірейтуге байланысты лицензияға өзгертулер енгізууді талап ететін мәліметтер, "Лицензияны қолданудың ерекше жағдайлары" деген бағанда жазылады. Қажет болған кезде, осындай мәліметтер Кеден комитетінің фирмалық бланкісінде көрсетіледі.